Байғазы, Қазыбай
Оспан
Ағыбай, Жаңабай, Үсей, Қойлыбай, Бейсембай
Жиынбай
Бақыт, Мейіржан, Нұрлыхан.
БӘЙІТ
Оразбай
Дәулетберді, Малдыбай
Қожаберген, Мәмбеткүл.
Керім, Бегім, Аташ, Тәжі, Ордабек, Сембай, Омар, ..., ..., ...,

ҚАЛЫБЕК

Ақасиын Сәдібек, ...,Өтеген, Шебек, Қоскұлақ, Қоканбай (би),
(Үрпағы Ташкентте) 44-бетте
Жаман, Шобан Тұтқабай (би).

Ораз, Байбосын, Жүніс, Әбдіраман.

Жұмаділ

1) Берікбай
2) Иетай

1) Оңғарбай

Қуанышбек

2) Үйсінбай

3) Сүйінбай

Төлеуіш

1) Мырзалы
2) Есалы

Смайыл

3) Төке
4) Сүлей

1) Айқын
2) Шоқайбай

Көбей

Қызылбай

Қашқынбай

Пошан, Есбота, Жұман.

Үсіпәлі, Байдалы, Бердалы, Биян

Әбутәліп

Бегалы

1) Жәнібек
2) Қуат ——— Дидар
3) Мұрат ——— 1) Ринат
4) Ғани 2) Рахат

Молдағұл, Әбілдә.

Иса, Мұса, Жора, Елубек.

Мұхит, Ердос, Жандос.

1) Дүйсенбай
2) Үсенбай

Балта, Балға.

Ербұлан

1) Ербол ——— Еламан
2) Ерден
3) Нұрбол
4) Ерлан

Көпбай, Үсетай, Сапарбай, Айтбай, Кенже.

Сұлтан, Әліхан. Слава, Владимир, Сергей.

Жұмабек

Бақдәулет, Жандәулет, Шоқан.

Мұхтар, Қасым, Нұрдәулет, Нұрпейіс.

Аманбол, Бейбарыс.

Марат, Кәдір, Сабыр, Сәби, Мейіржан.

Әуесхан, Кемелхан, Мейірхан, Сейілхан.

Берік, Ерік. Арнат, Багдат.

ӨТЕГЕН

Қайып, Құлтан.

Кертай, Төребек, Шертек (Шермұхамед).

Азамат

Рахымжан, Төрехан, Сейітхан, Әлімхан.

Кемел, Керімбай, Көлбай, Мұстапа, Үсіпбай.

Құрманбай

Рабиға, Нағима, Ерқанат, Бекболат, Тұрсын, Асан, Үсен → 0


Дияс ← 1.Роман Ролан, Қайрат. Ринат, Рауан, Рахат.

Данияр ← 2.Арман Сейдалы, Марат, Дәурен.

3. Думан



КӨЛБАЕВА РӘБИҒА ҚҰРМАНБАЙҚЫЗЫ – 1940 жылғы 15 қарашада Түлкібас ауданының Көкбұлақ (Көкарық) ауылында туған. 1962 жылы Ташкенттегі тоқыма институтын бітіріп, Шымкенттегі мақта-мата комбинатында Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп саласындағы алғашқы қазақ қыздарының арасынан шыққан маман ретінде қызмет жолын бастады. 1973-1978 жж. осында партия комитетінің хатшысы, 1978 жылдан Дзержинский аудандық партия қызметінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі, "Эластик" бірлестігінің бас директоры, 1988 жылға дейін (7 жыл) осы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. 1997 жылға дейін қалалық және облыстық атқару комитетінің, қалалық әкімшіліктің бөлім меңгерушісі, зейнеткерлікке шыққалы бері бүгінге дейін облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.Дербес зейнеткер.



КӨЛБАЕВ ҚҰРМАНБАЙ – 1912 жылы Түлкібас ауданы Көкбұлақ ауылдық кеңесінде (қазіргі Көкарық ауылы) туған. Шымкент педагогикалық институтының подкурсын бітіріп, физика, математика пәндерінен сабақ бере жүріп, Қызылорда пединститутын сырттай бітірген. Сөйтіп, Көкарық ауылынан бірінші жоғары білімді мұғалім-математик атанған. Түлкібас ауданының Высокое, Куйбышев, Балықшы елді мекендеріндегі мектептерде өз мамандығы бойынша сабақ берді.1942 жылдан 1944 жылға дейін Ұлы Отан соғысында, Белгород бағытында қан майдандарға қатысты. 1944жылы ауыр жарақаттан кейін Саратов қаласында госпитальде емделіп, елге қайтты. 1943ж. "За отвагу", 1948ж. "За доблестый труд" медальдарымен марапатталған. 1946жылдан компартия мүшесі болды. Өнерсүйгіш, ауыл арасында ойын-сауық ұйымдастыруға бейім, домбыра, қобызда еркін ойнай білетін, Балықшы орта мектебіндегі пианинода ойнайтын екі адамның бірі еді. Қ.Көлбаевтан тәлім-тәрбие, дәріс алғандардан тек Көкарық ауылының өзінен 3-ғылым кандидаты шықты, ал Балықты орта мектебінде дәріс алғандардың (1957 жылға дейін) ішінде олардың саны 20-дан асады.

НАЙМАНБАЙ → Елгон. Байғон, (53-бетте) Түрік, (54-бетте) Бадамбай. (55-бетте)

Мырзаш → Були, Бұлғақ Сары, (47-бетте) Борас. (50-бетте).

Серікбай. Көлжарас → Нұрбек, Абылай (Әулие).

Шалданбай. Кемел, Баққара, Керімбек, Дәуренбек.

Оразбек, Қалдыбек. Қоңырбек Бейсембай, Сайрамбек.

Жандар, Медет. Омарбек Өтеген Батыр

Хамза Тахир Кембай 1) Марат

Досымбек, Мырзабек. Алмат Сарыбай 2) Мақсат

Қуат, Абай. Кемелбек, Базарбек → Қуанышбек

Дәулет, Мақсұт. Қуатбек, Мұхтар, Ахат, Марат, Таңат, Самат.

Жасұлан, Елжас.

Бекқұлы, Тұрабай, Өтеқазақ, Қалымбет.

Қалдыбай Науат → Нұрсейіт → Нұрбол → Асылбек.

Бақытжан, Сабыржан, Мұхтар, Ғалымжан → Абылайхан.

Ағабек, Рахым → Бастарбек, Барат, Батырбек, Хамза, Кенжебек.

Әскербек, Талғат. Ержан, Қалдан. Ерлан, Ермек, Хамза. Дінмұхамет.

Нұрсұлтан. Абай.

Керімбай, Өмірбек, Мамырбек. Ермахан, Наурыз, Ислам, Нұрмахан.

Асанбек Сапарғали → Арман, Еркебұлан, Жасұлан. Сансызбай

Дәулет, Дәурен.

Қуанышбек, Амангелді.

Есенгелді, Ербол, Еркін → Ұлан, Бақмұрат, Нұрмахан, Мұса, Әзірет.




ӨМІРБЕКҰЛЫ АСАНБЕК ШАЛДАНБАЕВ – 1967ж.

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы, Жаскешу ауылында туған. Жоғары білімді. Инженер-Технолог. Заңгер. Полиция подполковнигі. Түлкібас аудандық ауылшаруашылық басқармасында инженер. 1993жылдан ІІБ қылмыстық іздестіру бөлімінде шұғыл уәкіл. Учаскелік полиция инспекторы. 2002-2005ж.ж. Оңтүстік Қазақстан облысы ІІБ-нда әкімшілік қауіпсіздік басқармасы Учаскелік инспекторлар жөніндегі ұйымдастыру бөлімінің бастығы. Бәйдібек аудандық ІІБ бастығының орынбасары. 2005 жылдан Б.Момышұлы атындағы заң коледжі бастығының шаруашылық жөніндегі орынбасары. Курс бастығы. ІІМ үздік Қызметкері медалімен және басқа да белгілермен марапатталған.

АБЫЛАЙ ӘУЛИЕ ТУРАЛЫ

Абылай әулие – Найманбай руынан шыққан, шын мәнінде өте адал, қайырымды, зор денелі, көріпкел, білгір адам болған екен. Бір қызығы – айқай, шу, жанжал болған жерде тұрмаған. Дереу кетіп қалады екен. Алдағы қиын-қыстау күндерді алдын-ала сезіп, елді сақтандырып жүретін көрінеді. Ішімдік атаулыға өте қас адам болған. Боза салған үйлерге бас сұқпаған. Ол кісі туралы бір әңгіме: Биік ағашқа шығып алып айқай салады дейді, "Оу халайық, бәле келе жатыр, мал шалыңдар, дереу Құдайға сиынындар, далаға шықпаңдар, балаларға ие болыңдар, келіп қалды, келіп қалды"– деп айқайлап отырыпты да сәлден кейін: "өтіп кетті, аман қалдыңдар, аман қалдыңдар, садақа беріңдер, шүкір етіңдер" – деп ағаштан түсіп: "Қырдағы мал бағып жүрген адамдардан хабар алыңдар"- деген дейді. Жігіттер дереу шауып барса, малдың басындағы адамдар түгел өліп жатқан көрінеді. Ол кісі жаурау дегенді білмеген дейді, жалаң аяқ қар кешіп жүре береді екен, буы бұркырап. Кейін қайтыс боларда "мені мына бастаудың басына қойыңдар, ауырған бала-шаға мен ылаң тиген малдарыңды емдеп жатармын" – деген екен. Қазір басынан адам үзілмейді. Зиратқа келіп, ауруына шипа тауып жатады ел. Бастауында балық деген құжып жүреді, бірақ оны ешкім ұстамайды "киелі балық" деп. Найманбай атаның ұрпақтары жылда сонда жиналып мал шалып, құран бағыштап жатады.



ПІРІМБЕТОВ БАСТАРБЕК – 1951 жылғы 27 желтоқсанда Түлкібас ауданы, Пістелі ауылында дүниеге келді. Высокое (Шақпақбаба) селосында С.Т.Бреусов атындағы орта мектепті 1969 жылы, Әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтын 1973 жылы бітірді. 1974-1977 жылдары Түлкібас ауданында ауылдық клуб меңгерушісі, мектеп-интернатта мұғалім қызметтерін атқарды. 1977-1992 жылдары комсомол, кеңес, партия қызметкерінің жауапты қызметкері, бөлім меңгерушісі, қалалық мәдениет басқармасының бастығы т.б.

1992 жылдан 2002 жылға дейін облыстық мәдениет басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 2002-2003 жылдары облыстық кино жүйесінің бастығы, 2003 жылдың ақпан айынан Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Ш.Қалдаяқов атындағы концерттік бірлестігінің бас директорының қызметін атқарды. Шымкент қалалық кеңесінің 2 мәрте депутаты, қалалық партия комитетінің мүшесі, т.б. сайланбалы органдар құрамында болды. Мәдениет Министірі тарапынан, республикалық органдардан марапаттау қағаздармен 2мәрте марапатталды, 2002 жылы "Қазақстан республикасының мәдениет қайраткері" атағына ие болды. Қазір Ж.Шанин атындағы қазақ драма театрының директоры.



САРЫ

Құмар — Қазыбек, Есмырза (48-бетте), Бектай — Байжан, Қашаған, Қозыбақ.

Ерсерік, Нұрсерік. Бәйеш — Байжігіт

Бақытжан, Нұрғали — Битөре, Ақылбай. Шымбек, Шымырбай, Байшымыр.

Бекзат, Азамат. Сәрсембай

Айтуман, Амангелді, Есенгелді, Дүйсен.

Сейсен, Мұхтар, Саттар. Алтай, Ертай.

Жайықбек, Ербол, Нұрбол. Мұрат, Дулат, Асхат.

Нұрболат, Ерболат. Қайрат, Талғат, Бейбіт.

Нұрсұлтан, Дәурен, Абзалбек.

Теңелбек, Жақсылық, Батыр, Байғали, Қабылхан, Байқал.

Нұржан, Нұрлан. Абылайхан, Мұратбек.

Оразғали, Құрманғали, Арал, Құмар, Нұрман.

Әбді, Көлбай, Әбдіқұл, Қилыбай, Әбдірамбай

Жамалбек, Құлмахамбет, Әбубәкір, Төленбек. Құндызбек

Ғани, Еркеғали. Бәйдібек, Ержан. Бақытжан

Мәлік, Нұрлыбек, Аскар. Бектай Бауыржан

Алмас — Құрманбек, Болатбек, Құралбек.

ЕСМЫРЗА

Шонтай, Боранбай, Ермек, Жарасбай, Таласбай, Тілеміс (Жезбалақ).

Боранбай → Тұякбай → Әзімбай, Әшір.

Әшір → Нұрлан → Нұржан

Жарасбай → Дәулет → Оңалбек, Болатбек.

Болатбек → Мейірман → Нұрғали, Жандос

Оңалбек → Сәмет, Жомарт

Әзімбай → Марат, Қанат.

Таласбай → Сары (Дауылбай), Таубай.

Әзімбай → Әділхан, Қайрат, Талғат.

Әділхан → Ерсұлтан.

Сәмет → Има

Қайрат → Қазанбай, Назанбай, Оңашбай, Сәрсенбек.

Қазанбай → Бақыт → Азамат, Мархабат.

Назанбай → Батыр, Данияр

Оңашбай → Сақып, Рабыл.

Сақып → Руслан

Сәрсенбек → Көпбай.

Шонтай → Шоқай. → Нышанқұл, Әбдібек → Роллан, Дәмір

Роллан → Руслан

Шоқай → Сарыбек, Серібек,

Талғат → Баймоншақ. → Жәнібек, Бақтияр, Бақытбек → Алмас, Айдос.

Бақытбек → Ілияс, Еркебұлан.

Әбдібек → Роман, Руслан, Нуридін, Берік, Әлібек.

Руслан → Мейірбек.

Руслан → Ахметжан, Ахмет, Махат, Серік → Мүсіреп → Сәбден, Серпер, Мұратбек → Нұрғали

Ахмет → Дәулет, Рустам

Қайрат → Құмарбек, Тұмарбек, Қамбарбек, Бақытжан, Мұратбек

Тұмарбек → Тұрар, Ермек.

Қамбарбек → Ғани, Ербол.

Бақытжан → Нұркен, Еркін.

Ғарип, Бақытжан → Бауыржан, Анарбай, Абай, Төленбек, Толымбек.

Анарбай → Жамбыл

Абай → Ержан

Төленбек → Роман

Тілеміс → Әбілдәш → 0, Төлеген, Сәбден, Шөже.

Шөже → Пернеш → Мақұлбек.

Мақұлбек → Толымбек.

Көпбай → Мұрат, Серік.


Жезбалақ Тілеміс туралы

Тілеміс баба өте бай адамның баласы болған.Ешқандай қиындық, таршылық көрмей, бұландап өскен. Өте сымбатты, көрікті, сөзшең, сөзді ұйқаспен тақпақтап сөйлейтін керемет адам болған екен. Кейін жігіт болғанда әкесі базарға жүз қой айдатып сатып келуге жібереді. Сонда сол қойлардың пұлына ештеңе де алмай тамашалап, елдің бәрін күтіп-сыйлап құр қол қайтқан дейді. Сонда сыншы әкесі: "Әттеген-ай, балам тым болмаса бір тақия алып келмедің бе, бұл жаман ырым болды, өміріңнің соңы жоқшылықта болатын болды ғой деп өкінген дейді. Кейін өте танымал адам болып таудағы Байыстарды былайғы жұрт "Тілемістің ауылы" деп атайды екен. Шалбарының балағына "алтын теңгелерді тізіп таққызып қойғаннан соң ел "Жезбалақ Тілеміс" атап кеткен. Бір жерде қонақ болып қонса, жатқан төсегінде алтын теңгелерді шашып кететін көрінеді. "Тілемістің төсегін жинаймыз"- деп қатындар өзара ұрысып, жұлысып қалатын дейді. Кейін қартайғанда кедейленіп, мінерге ат болмай отырып қалған көрінеді. Сол кезде сонау тау бөктеріндегі Жаныс бауырлар атақты Қасымбек датқаға сауын айтып ас бергізген екен. Арнайы адам келіп Пістелі жеріндегі Байыс ағайындарды асқа шақырады. Сонда елдегі бас көтерер кісілер "қалай болғанда да Тілемісті апармасқа болмас" -деп Сайрамдағы Сұлтан саудагерге бастан-аяқ киіндіртіп, ақ-боз айғырға мінгізіп, оқ бойы алға салып салтанатпен асқа барған екен. Бұрын көрмеген, бірақ атағы жер жарған Тілемісті көруге, көрісуге тұрған халықта есеп жоқ дейді. Ауылға жақындаған да "Ой бауырым -деп" ат қойып барып, датқаның өз үйіне түсіп құран бағыштап, көңіл айтып отырғанда, той басы келіп: "Ақсақал, сізге арнайы тігілген үй бар соған жүріңіздер" -дейді ғой. Сонда Тілеміс: "Жоқ, мен осы үйде, ағамның орнында отырамын- дейді. "Бұл үйге бір сыйлы құда отыратын болып шешілген" - дейді асаба. Сонда Тілеміс: "Оу жеңге сау болыңыз, ағамызға құран бағыштап, бауырлығымызды білдірдік, енді бізді бұл үйден шығарып жатсаңыздар, онда біз елге қайтамыз ағамыздың аруағы ырза шығар, датқа бауырымның өлгені міне бүгін білінді-деп орнынан тұра бергенде, Датқаның бәйбішесі: "қайным, қозғалма, отыра беріңіз" -дейді де, асабаға: "әлгі құдаларды сол үйге түсіріңіздер",-депті дейді. Сонда асаба-олар да датқаның өз үйіне кіреміз деп көнбей отыр -депті. Сонда бәйбіше: "Азар түбі бір жекжат кем болар, бірақ біз бауырдан ажырап көңілін қалдыра алмаймыз, "Жезбалақ" қайным осында болады деген екен. Ұлықтарға беделінің күштілігінен талай адамдар жер бермейміз деп шапқылағанмен ештеңе жасай алмаған. Ата қоныс Арыстың бойындағы тегіс жерді орыстар зорлықпен алып қойған соң, қазіргі Пістелі аймағына елін көшіріп әкеліп қоныстандырған Тілеміс бабамыз екен. Жезбалақ Тілеміс туралы ел ішінде небір аңыз-әңгімелер көп. Руы-Найманбай, сүйегі Абылай әулие қабірінде жатыр.



СӘБДЕНОВ АХМЕТЖАН МҰСІРЕПБЕКҰЛЫ 1955 жылы 1 маусымда Шымкент қаласында туған. Ж.Жабаев атындағы орта мектепті 1972 жылы аяқтады. Инженер-химик-технолог мамандығы бойынша Қазақ химия-технологиялық институтын 1977 жылы бітірген. Еңбек жолын Жамбыл қаласындағы Жаңа-Жамбыл фосфор зауытының №7 сары фосфор цехында ауысым шебері болып бастады. 1979 жылдан бастап Зауыт комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл облыстық комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып, комсомол жұмыстарында

қызмет атқарған. 1983 жылдан партия жұмыстарында болып, Жамбыл өндірістік бірлестігі партия комитетінің хатшысы, Жамбыл облыстық партия комитеті бірінші хатшының көмекшісі, 1989 жылы Жамбыл қаласы Зауыт аудандық халықтар депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.1991 жылдан Жамбыл қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Жамбыл қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарған. 1997 жылдан Тараз қаласы әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарған. 1998 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс және аймақтарда құрылыс салу департаменті бастығының орынбасары қызметін атқарып келеді. 1983 жылы Мәскеу қаласында жоғары комсомол мектебін аяқтаған, саясат танушы. 1991 жылы Мәскеу қаласында Ресей басқару академиясын бітірген, экономист -сала жетекшісі. Бірнеше рет аудандық, қалалық және облыстық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып (Жамбыл облысында) сайланған. 1982 жылы Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және 3 медальмен марапатталған.





МАРХАБАТ БАЙҒҰТ – 1945 жылғы 25 мамырда Оңтүстік Қазақстан олысы Түлкібас ауданының Пістелі ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факултетін бітірген. 1968-1973 жылдары Түлкібас аудандық "Шамшырақ" газетінде, 1974-1984 жылдары облыстық "Оңтүстік Қазақстан" газетінде, 1984-1985 жылдары облыстық партия комитетінде қызмет істеді. 1985-1992 жылдары Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінің хатшысы, 1992-1993 жылдары облыс әкімі апараты ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, одан соң төрт жылдан астам уақыт облыстық тіл басқармасының бастығы болды. 1998 жылдан облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы бастығының орынбасары, 2001-2004 жылдары басқарма бастығы қызметін атқарды. 2005-2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастығы болды. Қазір "Егемен Қазақстан" газетінің Оңтүстік өңір (Жамбыл, Қызылода, Оңтүстік Қазақстан облыстары) бойынша арнаулы тілшісі, "Қазығұрт KZ" альманағының Бас редакторы. Жазушы, журналист. "Шілде", "Сырбұлақ", "Интернаттың баласы", "Нәуірзек", "Дауыстың түсі", "Қорғансыз жүрек", "Машаттағы махабат", "Серт пен сенім", "Әдебиет пәнінің пріштесі", "Ақпандағы мысықтар", "Алмағайып", "Аңсар", "Қозапая", "Ауыл әңгімелері", т.б. кітаптардың авторы. 2005 жылы Алматыдағы "Қазығұрт" баспасынан шығармаларының төрт томдығы жарық көрді. Туындылары орыс, украйын, өзбек, түрік, саха, қарақалпақ тілдерінде тәжімеленген. Облыс әкімінің "Бауырмал", республикалық "Жалын", халықаралық "Алаш" сыйлықтарының лауреаты, Түлкібас ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы "Құрмет" орденінің иегері. 2004 жылы Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер атағы, 2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының "Құрметті азаматы" атағы берілді.

Мархабат Байғұттың публицистикалық шығармаларынан алынған кейбір сөздер

1. Ордабасыға оралу, Ордабасыны ойлау, Ордабасымен танысу, Ордабасымен рухтану – баршамыздың перзенттік парызымыз.

2. Тәуелсіздікке қолымыздың жеткені – Ордабасы мұраттарының жүзеге асқаны.

3. Үш биіміздің рухы Ордабасыдағы Тутөбеде де егемен елдің көгілдір байрағын биікке көтеріп тұр.

4. Тіл төңірегіндегі таза тіршіліктің түйесі мен биесі, ығай-сығай иесі болмаса да киесі бар.

5. Жас қазақты Желтоқсандағы қарусыз көтеріліске алып шыққан ғажайыптардың бірі һәм бірегейі – Тіл.

6. Жас қазаққа, әсіресе, тіліміздің тағдырына келгенде, Желтоқсандағы ұмтылыс пен құлшыныстыұмытуға болмайды.

7. Діл айықса, тіл де айығар.

8. Ұлт болып қалудан үміт үзсек, өмір сүріп қажеті не?!

9. Барлық жағымсыз нәрсені жанкешті жауапкершілік жеңеді.

10. Махаббат – ең ғажап, ең ғажайып жұмбақ.

11. Абай жұмбағын да, сол секілді Тәкен тылсымын да әлі талай ғасырлар шеше берер.

12. Тәкен Әлімқұлов "Ерке болмыстың тәуелсіздігі" ұғымын әр шығармасында әр қырынан бедерлі бәдіздей білген.

13. Шоқай (Мұстафа) жаққан шамшырақ әр жүректе жарқырауы ләзім.

14. Тұрардың (Рысқұлов) ұлтқа деген текті тазалығындай тазалық керек қазаққа.

15.Қазақ – қашаннан-ақ таза ұлт. Қаны да таза, жаны да таза.

16. Салт сақталмаса, дәстүр дамымаса, қазекем де сақталмас еді.

17. Тал бойыңызда тазалық мөлшері қаншалықты болса, жауапкершілік те соншалықты деңгейде көрініс беріп, көктемек.

18 Адамшылық та, адалдық та, қанағат та тазалықтың топырағында ғана өсіп өнеді.

19. Тазалыққа ұмтыл, қазақ! Тазар, қазақ! Тәуелсіздікке қалтықсыз қызмет ету үшін.

20. Ауыл десе, андыз арқалап келе жатқан апам елестейді.

21. Ауылды тым тұқырта бермейік, ағайын. Қазақ ауылы өзге ешқандай ұлттың ауылына ұқсамайтындығымен қымбат.

22. Ұлтымыздың уызы – ауыл.

23. Ауылдар азаяр, алайда ешқашан да, ешкім де жер бетінен бүтіндей жоя алмайды.

24. Адамдықты аздырып бара жатқан, жаппай сипат алған кесел – жағымпаздық.

25. Ерендер кереңдерге айналмағай.

26. Кітаптан алыстаған ұрпақтың болашағы бұлдыр, келешегі күңгірт.

27. Жас өскінді кітапқа тебіреніспен қарайтындай етіп тәлімдеп, тәрбиелеуге қол жеткізе алмасақ, бәрі бекер.

28. Адамдардың жүрегіндегі мейірім жүдемегей, сағыныш сезімі солмағай деп жазамын шығармамды.

29. Кеуделерінде қайырымсыздық пен қанағатсыздық қойындасып түнейтін обырлар мен жебірлердің, опасыздар мен сатқындардың көбейіп бара жатқанын қауіп етем.

30. Өзімді биіктемін деп те, биліктемін деп те ешқашан сезінген емеспін.

31. Менен басқа ешкім де жоқ деп мансұқтау да – мәңгүрттік.

(Сөздер М.Байғұттың 4 томдық шығармалар жинағының төртінші томынан алынды. "Қазығұрт" баспасы. Алматы 2005 жыл.)




НҰРЛАН МАРХАБАТҰЛЫ БАЙҒҰТ – 1974 жылғы 21 сәуірде Шымкент облысы Түлкібас ауданының Азаттық ауылында туған. 1997 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін инженер-экономист мамандығы бойынша тәмамдаған.

1997-1998 жылдары Шымкент қаласы салық комитеті III-округі бойынша бас салық инспекторы, 1998-1999 жылдары Оңтүстік Қазақстан аумақтық жекешелендіру және мемлекеттік мүлік комитетінің бас маманы, 1999-2002 жылдары облыс әкімшілігі коммуналдық меншік және активтерді басқару департаментінің бөлім бастығы,2002-2004 жылдары облыстық қаржы және комуналдық меншік департаментінің бөлім бастығы болып істеді. 2004-2005 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бас инспекторы, 2005-2006 жылдары Түлкібас ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2006 жылдың қарашасынан Төле би ауданы әкімінің орынбасары болып істейді.



БАЙҒҰТОВ НЫШАН ТАСБОЛАТҰЛЫ – 1952 жылы 2 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Көкбұлақ ауылында туған. 1969 жылы Лермонтов атындағы Орта мектепті бітірген соң Азаттық ауылындағы Ә. Науайы орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарады. 1972 жылдан М.Әуезов атындағы орта мектепте орыс тілі және әдебиет пәнінен дәріс берді. 1974 жылдан Түлкібас ауданындағы Победа колхозында комсомол ұйымының хатшысы, аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, 1978 жылдан Түлкібас аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық баспахана директоры, аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, Түлкібас аудандық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшы қызметінде болды. 1992 жылдан Түлкібас аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, 1995 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысы білім департаментінің бастығы, 1998 жылдан облыстық арнаулы мектеп-интернаттың директоры, 2002 жылдың қараша айынан Облыстық білім департаменті бастығының бірінші орынбасары қызметін атқаруда. Білімі жоғары. Жамбыл педагогикалық, Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институттрын бітірген. Білім саласы бойынша философия докторы. (АҚШ). 1998жылғы мамырдан Санкт-Петербургтегі психология және менеджмент Академиясының кореспондент мүшесі, 2000 жылғы ақпаннан осы академияның академигі болып сайланған. 2001 жылғы наурыздан Халықаралық психолгия ғылымдары академиясының құрметті академигі. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, 2001жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен "Құрмет" орденімен марапатталған.

БАЙҒОН





ТҮРІК

Бүркіт — Ақбас

Бозан, Тәттібай — Туғанбай

Бүркіт — Серкебай, Еркебай, Айтай — Көлбай

Серкебай — Баутай — Рәтбек — Ниязбек, Ислямбек, Несіпбек, Аскар, Сабыр, Ілесбек.

Несіпбек — Әзімбек, Әлібек.

Ислямбек — Абзал, Мәдияр.

Көрпебай — Өскенбай, Болатбек, Ақыл, Жамал.

Көрпебай — Селтай — Сексенбай — Алтынбек — Амантай — Раушан, Абылай.

Амантай — Ерғали.

Көлбай — Оңалбек, Теңелбек — Ораз, Құрманбек, Арал, Ырысқали.

Оңалбек — Мұхамбетжан, Оспан, Әбубәкір, Үсен, Құдайберген.

Оспан — Нұржан — Бауыржан, Ғалымжан.

Нұржан — Азамат.

Бауыржан — Абай, Аскар, Данияр. — Бауыржан, Қуаныш.

Теңелбек — Нұрғали, Есенғали — Бекқали, Бекзат. — Ғани — Абзал.

Ғани, Дінмұхамбет, Манас, Берік.

Туғанбай — Сәбітай, Құлтай, Әбітай — Сыламхан.

Әбітай — Рахымберді — Қалымхан, Мелдехан — Ғабит — Нұрболат.

Мелдехан — Жамал, Имантай, Сайлаубек — Уәлихан, Мәдіхан, Мәулен.

Қалымхан — Бақытжан, Батыр, Ермахан — Бақытжан — Шерхан, Абылайхан.

Батыр — Темірхан.

Ермахан — Қарабай, Ғалымжан, Сержан, Сейітхан, Нұржан, Бекжан.

Ғалымжан — Арман.

Қарабай — Бақытжан, Данияр.

Сержан — Азамат, Дәулет, Әділет.

Сейітхан — Ұлан.

Нұржан — Сұлтан.

Бекжан — Жеңіс.

Жұмәділ, Жұмабек — Асантай, Амантай — Сәкен.

Жұмәділ — Әбдірахман.



БАДАМБАЙ — Зәуіт, Түнғатар.

Зәуіт — Өтен

Түнғатар — Күлен

Өтен — Нұржау

Нұржау — Пернетай

Пернетай — Жанабай, Мейірбек, Берікбай

Жанабай — Сәкен

Мейірбек — Мақсұт, Бауыржан.

Берікбай — Мәлік, Нұрлан, Ғани

Дінмұхамбет — Данияр

Данияр — Қорғанбек

Абай — Дәнебек

Жәнібек.

Күлен — Мылтықбай

Мылтықбай — Тұрғынбек.

Тұрғынбек — Тұрарбек, Ернар

Тұрарбек — Марат, Болат

Ғани — Нұрлыбек

Нұрлыбек — Пархат, Бекзат, Емелхан, Мұратбек, Уәлихан, Нүркен.

Бекзат — Алтынбек.

Емелхан — Нұрлыхан, Ақтөре.

Уәлихан — Нұрсұлтан



ТҰРАРБЕК КҮЛЕНОВ – 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы, Пістелі ауылында туған. 1954 жылы Балықты орта мектебін, 1956 жылы Шымкент тау-кен техникумын, 1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген. Жезқазған тау-кен кенішінде істеген. 1966-1973 жылға дейін жоспарлау комитетінің нұсқаушысы, 1982 жылға дейін жоспарлау комитетінің төрағасы – аудандық атқару комитетініңтөрағасының орынбасары болды. 1982-1986 жылдары аудандық статистика бөлімінің бастығы. 1986-1988 жылдары Жамбыл атындағы колхоздың бас экономисі, 1991 жылға дейін №1804 жылжымалы-механикаландырылған колонаның бөлім бастығы, 1991-1993 жылдары "Казсельхозтехника" бөлімінде бас бугалтер. 1993-1995 жылдары ауыл шаруашылығы басқармасында бөлім бастығы. 1995-1997 жылдары аудан әкімшілігі экономика комитетінің бастығы болып қызмет атқарды. 1997 жылдан зейнеткер.

ДҮЙСЕНБЫ — Арықбай, Көбдік (65-бетте).

Көбен, Баба, Қылышбай, Құлет. (57-бетте).

Маса, Тілеш, Жарас — Есебай, Тесебай — Тойбек.

Төлеп, Құрбан. Жатқанбек. Жандарбек, Жарқымбек.

Жата, Рүстем. Талғат Қуаныш

Омар, Нарбек, Қойбек, Малтай — Хамза.

Мамыт, Мәделі, Есей. Аралбай — Бағлан.

Досалы

Тоқберген, Таққұлы, Қырғызалы, Қыдыралы, Сүгірәлі.

Нұскабай, Серік. Ералы.

Бекетбай Азамат, Қайрат, Пархат, Рахат, Мұрат, Саламат, Марат.

Мұхтар, Бизақ, Мұса, Иса — Нұржігіт, Ержігіт.

Марат, Болат. Руслан

Самалхан, Сейілхан, Әсілхан.

Есіркеп, Медеу, Бөлекбай, Қарынтай — Мамырбай, Бұхарбай.

Омақай Күмісбек — Сүлеймен, Қалдыбек.

Пернехан Имаммәді, Ұлықбек. Мәмбек, Әлібек, Мәлібек.

1. Дәлше Әлішер, Ыбырай, Әліқұл. Әліпбай Ысқақ

2. Нәлібай Аскар. Есболат, Бекболат. Қалижан

3. Дәрібай Ұланбек — Шәміл, Бекет, Мәдіхан, Мұхит.

4. Сүгірбай Рәшид, Әділхан, Мұрат, Қанат. Алтай, Дархан.

5. Қыдырбай Азамат, Арман, Бағлан. Ақарыс, Нұрлан, Бериккүл.

6. Орынбай Нұржау, Көлбай (Кәметай), Шоңбай, Сұлтан.

Тоқай — 1-әйелінен, 2-әйелінен. Ораз

1-әйелінен, 2-әйелінен. Жұмабек, Тайбағар, Қуатбек.

Мұратбек, Айдар. Нұрсұлтан — Берік, Әлішер.

Рәшит, Бақыт, Марат. Талғат, Қайрат, Дәулет, Пернебек — Серік.

Арман, Бағлан. Бақтияр, Мәдияр. Сәкен, Сәбит, Ғабит.

Кәдірбек, Айдарбек, Базарбек, Болатбек, Науатбек.

ҚЫЛЫШБАЙҰЛЫ МАСА – Атақты дихан. Пістелінің теріскейінде Масаның арығы дейтін арық бар, Бұл арық бүгінгі күнге дейін қолданылады.



ҚҰЛЕТ

Оразбай — Әуелбай — Нұралы, Пірәлі, Барбол, Жақсымбет.

Әлайдар, Айдархан, Мұхтархан.

Ережімбет, Қожагелді.

Тимур

Желеубай

Төребек

Ернар, Ерқанат.

Баймұхамбет, Өскенбай.

Өмірбек

Марат, Ерлан, Рахат.

Нұрғали, Ерғали, Тимур.

Еспенбет,

Дайырбек, Бауылбай.

Мәди

Нысанбек, Тұрғынбек.

Құлажан

Қуандық,

Сүйіндік.

Бегім,

Абзал — Дінмұхамбет, Қайсен.

Аралбай

Мейіржан.

Рахымжан, Теміржан, Ержан, Нұржан, Пірімжан, Нұрлыбек, Ғалымжан.

Бауыржан

Болат

Құлдәрбек,

Әбдібек.

Бақытжан, Асылбек.

Атымтай — Жомарт, Данияр.

Қасиетәлі, Аятәлі.

Әзиз, Дархан.

Әлиаскар, Әбілдә, Нұғман, Мәлік, Рамазан, Мұхамбетәлі, Нұрман.

Алтай

Еркебұлан

Елтай

Дулат, Қайрат, Нұрахмет.

Ерсұлтан, Оразалы.

Таңат, Әбілдә, Арнұр, Нұртас, Бектас.

Бозымбет, Боздақбай, Тайлақбай, Ожан.

Әбубәкір, Уәлихан — Құралбек, Құрманбек, Құндызбек.

Жандос — Шоқан, Сәкен, Нұржан.

Аңсар, Дәурен.

Аскар, Дәулен, Самат.

Ақан, Серік, Санжар.

Серпер, Сұлтан.

Әлімжан, Әріпжан, Керімжан, Мұхамеджан.

Жанәділ, Ақәділ, Қайсар.

Руслан

Әли, Ғани.

Дәулет, Елнұр.



НҰҒМАН КҮЛДӘРБЕКҰЛЫ АРАЛБАЙ – 1960 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Пістелі ауылында туған, – ғалым, биология ғылымының докторы (1998), профессор (2002), ҚазҰУ-дің биология факултетін бітірген (1982). Қазақстан ҒА Алтай ботаника бағында бөлім меңгерушісі, жетекші ғылыми қызметкер, 1995-2005ж. Ботаника және фитоинтродукция институты директорының орынбасары, 2006-2007ж. ҚР Білім және Ғылым министірлігінің "Биологиялық зерттеулер орталығы" мемлекеттік кәсіпорын бас директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары, 2007 жылдан ҚР Білім және Ғылым министірлігінің Ботаника және фитоинтродукция институтының директоры. Негізгі ғылыми зерттеулері ботаника, флористика, этноботаника, география, экология және табиғат қорғау мәселелеріне арналған. Қазақстан өсімдіктер дүниесінің алуан түрлілігіне алғаш рет сандық баға берген және флораның автохтондығы, жер аумағы мен түр байлығының функционалдық байланысы туралы ұғымды пайымдады. Ол ғылымға белгісіз өсімдіктің жаңа екі түрін ашты, оның жетекшілігімен Қазақстан флорасы бойынша республикада тұңғыш Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау облыстары өсімдіктерінің мемлекеттік кадастры жасалып, жарық көрді. Республикадағы "Шөлденуге қарсы күрес жөніндегі ұлттық іс-әрекеттер жоспарын" (1999) және "Биологиялық алуан түрлілікті сақтау және тиімді пайдаланудың ұлттық стратегиясы мен іс-әрекеттер жоспарын" (1999) дайындаған авторлар ұжымының мүшесі. 100-ге жуық ғылыми еңбектері жарық көрген, оның 9-ы монография. Оның басшылығымен 10 ғылым кандидаты дайындалды. Қазақстан энцикло-педиясының белсенді авторларының бірі.



ӘБДІБЕК АРАЛБАЙҰЛЫ 1944 жылғы 16 тамызда Пістелі ауылында дүниеге келген. Бастауыш мектепті бітіріп, Каганович (қазіргі Абай) ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепте оқып, жеті кластық білім алды. Қаратаудағы лесхозда, кейін Пістелідегі дүкенде ұста болып ұзақ жылдар еңбек етті. 1970 жылдан 1996 жылға дейін электрик, клуб меңгерушісі, ауа райын болжайтын мекемеде бақылаушы болып істеді. Өлеңді 1995 жылдан жаза бастаған. Содан бері үздіксіз жазып, аудандық, облыстық, т.б.газеттерде өлеңдері жиі-жиі жарияланып келеді.Қазығұрттық Рүстем Бегзатпен, Түлкібастық Гүлзия Мырзалиевамен, Айдарбек Пірімұлымен, Арыстық Әнуарбек Шекербекұлымен газет бетінде айтысқа түсті. Қазіргі кезде аудандық орталық кітапханасында ұста болып қызмет етіп жүр. Осы қызметтермен қоса, Қаратаудың күңгейінің табиғатын зерттеумен және аңшылық саятшылықпен айналыса жүріп ақындықты толық меңгерген. Облыстық дәрежедегі жүлделі сыйлықтардың иегері. 2006 жылдың ең үздік ақыны дәрежесінде "Жыл адамы" атанды.

БІЗДІҢ ҚАЗАҚ!

Біздің Қазақ – шындығында барып тұрған ер халық!
Сол пейіліне Аллаһ бізге егемендік берді алып.
Көкпар тартып, бәйге шауып, құда күтіп тойлап жүр,
Қазақ үшін сайран салар еркін дәуір келді анық.

Ат дүбірі қан қыздырып делебесі қозбай ма?
Біздің Қазақ тіпті бей-жай қала алмайды ондайда.
Еркінен тыс айғай салып құлшынады қызынып,
Аттылысы ұмтылады қамшы басып борбайға.

Тақымы атқа тиген Қазақ шалқып жүре бермей ме?
Ондай кезде "сырдың суы сирағынан" келмей ме?
"Ханға сәлем" бермей қалып бір-ақ сәтте өзгеріп –
Үзеңгіге аяқ тіреп қолды еркін сермейді.

Ат үстінің желі бар ғой, оған қоса серілік,
Көкпар десе "жер түбіне" барар қазақ желігіп.
Әр қазақтың үйінде оған ақ дастарқан жаюлы.
Құшақ жая қарсы алады кербез дала керіліп.

Қонақ келген үйлердің сіз қуанғанын көрсеңіз,
Масайрайды үлкендері арнап сәлем берсеңіз.
Ажал емес, сөзден қорқып намысына тиетін,
Атып ұрып сойып тастар қойын әкеп ең семіз.

Жөн сұрасар асықпастан шайға қанып болғанда,
Келер бәрі сәлем бере ауылдастар сол маңда.
Құда, жиен, нағашы боп жатар қайта көрісіп,
Айтылар енді әңгіме қалмай ешкім арманда.

Қайтарында қия алмастан қайта-қайта қоштасып –
Аттандырып тұрар тайлы-таяғымен топтасып.
Шақырылса той-жиынға ойланбастан аттанар –
Жер түбіне жетер қазақ, олар үшін жоқ қашық.....

Бідің Қазақ – сенгіш, адал, аңқаулығы тағы бар,
Қай кезде де ағайынның қасынан ол табылар.
Міне, сондай ер көнілді біздің Қазақ – мәрт халық
Өйткені онда – дархан пейіл ер бабалар қаны бар.

Туды күні Қазақтың да жаһанды жалт қаратқан,
Өз ұлтынды мақтан етпеу – ол сатқындық ар атқан.
Мысқылдама "Жаңа Қазақ" өз ұлтымды мақтасам,
Мақтандырса "Қазақпын" – деп, мақтандырсын Жаратқан!

Әбдібек Аралбайұлы.

МАҚТАНЫШ

Тәубе, қазір кімнен кем ұрпақтары Жаныстың?
Бас жағында келеді қызу өмір – жарыстың!
Барлық сала, өнердің мамандары бар бізде,
Төрінде де боп қалар, нәсіп болса ғарыштың!

Кезіміз жоқ, "пенденің ала жібін аттаған",
Жекжаттыққа асықпай, туыстықты сақтаған.
Ізгі ниет, мейірім, дархан пейіл-қанында,
Жаныс баба ұрпағы болғанымма мақтанам.

Даңқтылар шеруі Төле биден басталған,
Батырлардан Қапалдай, жасанған жау жасқанған!
Қос арыстан киесі – қасиетті Бабамның!
Бөтен ойлы тұтыққан қарсы келсе сасқаннан...

Биліктегі ұрпағы әбүйірден кенде емес,
Қанағат бар қанында, "таяз ойлы пенде" емес.
Оңтүстігін елімнің ен жайлаған ұрпағы,
Аудармаған табанын болса да кез, бел-белес!

Тау бөктері дәрі шөп, соған бие байлаған,
Дәрі қымыз тазалап қан тамырын жайлаған!
Аллаһ артық жаратқан тот баспайды асылды,
Көре алмастар көпіріп, сала берсін байбалам...

Бауырмал боп балалар шежірені жаттасын,
Әр жыл сайын бұрындар кесенеге ат басын.
Нұры жауған Алланың, текті біздің Бабамыз!
Пендем десе жалғанда тексіздіктен сақтасын.

Тартпаса екен я Алла, бұдан бұлай елім зар,
Қаулап өсіп келеді ұлтжанды өң өрім нар!
Жаныс баба ұрпағы, Төле бимен ағайын –
Болғанымма мақтанам, мақтанатын жөнім бар!

Әбдібек Аралбайұлы,
Түлкібас ауданы

ЖАНЫС БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Жаныс баба рухы – ассалаума уағалейкум!
Жиналыппыз ұрпағың кіндігіңнен тарайтын.
Рухына әз бабам тағзым етіп келіп тұр –
Алыс – жақын ағайын сізді ұлық санайтын

Болашаққа сенім бар ұрпағында маздаған,
Қиындықта жоқ емес мойнымызда аздаған.
Бауырмалдық сезім бұл, ешбір заңда жалмаған,
Әруағың риза болсын бүгін, әз бабам.

Ұрпақтарың бұл күнде зор істерді қолға алған,
Сұңқарлар бар олжа алған, тұлпарлар бар топ жарған.
"Ағайынның аласы" болмау жағын толғанған,
Сондай ерлер арқасы – ұлт намысы қорғалған!

Ізгі жандар өрбуде ұрпағыңнан иманды,
Ел қатарлы олар да ә дегенде қиналды.
Тәубе, енді бұл күнде етек-жеңі жиналды,
Құшақ жайа қарсы алып отырады мейманды.

Дәулетті кей ұрпағың мешіттерді салуда,
Мәрттігіне былайғы, жұрттар аң-таң қалуда.
Мұсылманға бір парыз-қажылыққа баруда,
Істерімен қайырлы ел батасын алуда.

Әзиз бабам, жалғанда жаһандану басталды,
Ұрпағыңның тағдыры таразыға тасталды...
Не істейміз мастарды, намысы кем жастарды?
Аллаһ өзі сақтағай, заман боп тұр астарлы...

Мүмкін болса жыл сайын жиналайық сайланып,
Бауырмалдық нығайсын, ұлттық намыс қайралып.
Бір киелі орын боп қалсын халық тәу етер –
Кесенеңіз бірліктің ордасына айналып!

Ақынжанды бір ұлың арнау жырын толғасын,
Ең төріне жұмақтың рухыңыз орнасын!
Жаныс баба әулием, әруағың киелі –
Тағзым етіп жиналған бәрімізді қолдасын!

Әбдібек Аралбайұлы,
Түлкібас ауданы.

ТАҒЗЫМ ҰЛЫ ДАЛАМА

Ұлы далам, қасиетті Боздалам!
Боздалама сағынышым қоздаған,
Шексідігің шабыт беріп жырыма –
Тауарихың іште шерді қозғаған.

Қасиетті ұлан-ғайыр киелім,
Кеңдігіңді өрлігіңді сүйемін.
Ерлігіне бабалардың қорғаған,
Тәнті болып еріксіз бас иемін!

Пандығыңнан өміріме нәр алам,
Сол бір нәрден бойға шуақ тараған.
Небір ғажап мұрағаты тарихтың –
Келер ұрпақ табар іздеп даладан.

Кіндік қаным сонда тамып, тәй басқан,
Сол жүргеннен келем әлі таймастан.
Ақ селеулі жазығында мол бағың –
Ән шырқағам нұр төккенде айлы аспан.

Өзің сақтап салт-дәстүрім тозбаған,
Қонақ жайлы салтымнан ел азбаған.
Ғұламалар білім іздеп жат жерде –
Бір көруді аңсап өткен Боздалам.

Жырлай берем мәртебеңді асырып,
Зиарат қып тағзым етем бас ұрып.
Мен өзіңе адал ұл боп өтермін –
Қашан қойның алғанынша жасырып.

Терең жайған сенде ұлтым тамырын,
Енді жат-жұрт жүргізбесін әмірін.
Ырыс ұйып, бақыт тұнған даламның –
Тыныштығын бұза көрме, Тәңірім....

Әбдібек Аралбайұлы.

ТҰҒЫР

Аймақ түгел сыйған от-жанарына
Ұзақ ұшып қанаты таларында –
Саябыр табар мықты тұғыр керек,
Қыран көктен сорғалап қонарында.


Сол тұғыр – туған жерін қонатұғын,
Аялар қол – ол елім болатұғын.
Еркіндікті сезініп жан-дүнием,
Көңілім тұғырыма толатұғын.

Қызықтап табиғаттың сұлу көркін,
Таранам тұғырында емін-еркін
Ұша алмай қалмас па ем қалбалақтап –
Болмаса мықты тұғыр, күшті серпін?

Айналдым туған жерім келбетіңнен!
Табиғат бесігінде тербетілем.
Шарқ ұрып шырқау көкке кетсем дағы –
Тұғырымды іздеймін жер бетінен....



Жыланды бұлақ аңғарындағы "Сары долана сайы



ҚҰРАЛБЕК БОЗДАҚБАЕВ – 1936 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы, Пістелі ауылында туған. Орта мектептен соң техникум бітірген. Алғаш әр-түрлі жұмыстарда болған, кейіннен біржолата бухгалтерлік жұмысқа ауысқан. Красная Звезда колхозында, Жабағылы құс фабрикасында, Заветы Ленина колхозында көп жылдар бойы бас бухгалтер қызметін атқарды. Қазір зейнеткер, Жазықкешу ауылында тұрады.





ҚҰРМАНБЕК БОЗДАҚБАЕВ – 1939 жылы 12 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы, Пістелі ауылында дүниеге келген. 1957-1959жылдары Қызыл жұлдыз колхозында тракторшы болды, 1959-1962 жылдары әскер қатарында жүрді. 1967 жылы Қырғыз мемлекеттік университетінің тарих факултетін тамамдайды. Сол жылы С.Сейфуллин атындағы орта мектепке орналасады. 1969жылы мектеп оқу ісінің меңгерушісі, 1973 жылы Абай атындағы орта мектепке директор болып тағайындалды. 1977-2005 жылдары С.Сейфуллин атындағы орта мектепте директоры болды. Қ.Боздақбаев білім беру ісіне сіңірген ерекше еңбегі үшін көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған, "Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі" атағына ие. Мәскеуде өткен дүние жүзілік көрмеге қатысқан, Қазақстан мұғалімдер Үсъезіне делегат болып сайланған. Мектеп директоры жөніндегі іс-тәжірибесі жеке плакат болып шығарылып, көпке таратылды. 2001 жылы Түлкібас аудандық мәслихатына депутат болып сайланды. Қазір аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

КӨБДІК

Жиенбет, Балта, Дәуіт ← Есел, Көшер, Бейсембай (66-бетте)

1)Жамбол 0 Өтел Дәулетбақ, Оразбақ → Шорман

2) Елеусіз Ілесбек Ербай, Көлбай, Аппақ (Әбдірайым).

3) Жамалбай Дәбіл, Әбілдә → Арман

Бауыржан, Рахым, Бақытжан. Сәкен, Рәшид, Мұхит, Қуаныш.

Олжас

1-әйелінен, 2-әйелінен. Ниеткүл, Бердібек, Мұрат.

Құлман, Бегалы. Болат, Мұрат, Самат.

Шымырәлі Әбілтай, Әбдірәсіл. Ералы, Жанәлі, Асырау, Байсырау.

Әділбек Тілеулес Әбдіхалық 0 0

Нұрлан, Бақытжан. Боранбай, Сарыбай, Бөрібай, Талғат.

Өскенбай, Мейрамбай. Самат Мұрат

Марат, Болат. Арман, Ұлан. Мақсат, Біржан, Нұржан.

Асхат, Бағдат. Құттыбай, Қалан → Дархан, Әмірхан.

Молдияр, Молдақұл, Сәрсенқұл. Темірхан, Батырхан, Әділхан.


Ерлан Дәурен, Дәулет. Сембек, Орынбек, Нұрлан → Өркен, Ардақ.

Берік, Бауыржан. Нұркен Асхат, Данияр.



БЕРДІБЕК ЖАНАБАЕВ – 1951 жылғы 29 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Пістелі ауылында туған. 1958-1968 жылдар аралығында орта мектепте оқыды. 1976 жылы Қазақ химия-технология институтын инженер-құрылысшы-технолог мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек жолын 1968 жылы "Шымкентсельстрой" трестінің құрылыс материалдары комбинатында жұмысшы болып бастады. 1985 жылға дейін аталған трестің құрылыс басқармаларында мастер, прораб, бас инженер болып істеді. 1985жылғы қаңтардан Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің нұсқаушысы, 1988 жылы халық депутаттары Сайрам аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланды. 1993 жылғы наурыздан Сайрам ауданы әкімінің орынбасары, 1993 жылғы қыркүйектен 1997 жылғы қыркүйекке дейін мемлекеттік мүлік жөніндегі Оңтүстік Қазақстан аумақтық комитеті төрағасының орынбасары, 1997 жылғы

қыркүйектен 2000 жылғы наурызға дейін мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы болды. 2000 жылғы наурыздан 2003 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі коммуналдық меншік және активтерді басқару жөніндегі департаментінің бастығы болып қызмет істеді. 2003 жылғы қаңтардан бастап "Казкомерцбанк" АҚ өнірлік директор, 2004 жылдан Астанада Қазақстан Республикасының Президенті әкімшілігі құрылыс мекемесінде басшылық қызметте болды.Қазір "Оңтүстік" ӘКК төрағасының орынбасары. Экономика ғылымдарының кандидаты.



ЖҰМАН → Өксікбай, Жорабек → Басқынбай.

1-әйелінен, 2-әйелінен → Әбілдәбек, Дархан, Сапар, Шахар, Аскар.

Сәбит, Сейіт, Ғабит. Бақыт Сағындық Серік

Нұрлан. Батыр, Әбу, Әли. Қанат, Мұрат. Айтбек, Айбек.

Нұржан, Бауыржан.

ТАСҚЫН → Кенжебай, Шымырбай, Тұрапбай.

Руслан ← Мекембай. Мақұлбек Исақ, Сымайыл, Дайырбек, Пістебай.

Өркенбай, Беркінбай, Еркінбай, Қыстаубай, Жақсыбай. Сансызбай.

Нұржан Ербол. Ерлан, Жасулан.

Ернар Талғат, Асхат, Қайрат.

Болат, Самат, Сәулет ← Тұрғынбай, Қуанышбай, Әбілсейіт.

Әсет, Мақсат, Бекнұр. Ғазиз, Данияр.

БЕГІМБЕТ

Сырман, Тұрлыбек, Жылқыбай, Үсіп, Жылқышы.

Ахмет, Құлымбет, Құлмахан, Ермахан. Кенес, Оңғар → Әзіз, Әсет.

Базылхан Әзімхан, Қасымхан. Марат, Ерлан, Әсет, Есет.

Бектөре, Бөріхан, Бекасыл. Жанасыл Ерасыл

Қамбар, Ержан, Нұржан, Аскар.

Нұрлыхан, Ермек.

Бағлан, Жасулан, Асылхан.

Сәкен, Садық, Бауыржан, Мұхтар → Санжар, Әбдімүтәліп.

Нұрсұлтан, Нұржігіт.

Шерхан, Жүнісәлі, Нұрхан, Әлтән, Жанұзақ, Байділдә.

Байзақ, Сейділдә, Шәділдә. Талғат, Болат.

Зиятхан, Байырхан. Марат, Нұржан.

Әмірхан, Әлімхан, Әсілхан.

Уәлихан Батырхан Әбдел



БАЙДІЛДА ЖЫЛҚЫШИЕВ – 1952 жылғы 1 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Пістелі ауылында дүниеге келген. Сайрам ауданындағы совхоз-техникумында 1974-1980 жылдары оқытушы болды. 1980-1981 жылдары "Сельхозхимия" бірлестігінде аға аграном, 1981-1984 жылдары облагроөнеркәсіп бірлестігінде бас агроном, бөлім бастығы, 1984-1987 жылдары облыстық жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1987-1989 жылдары Шымкент облыстық партия комитетінде нұсқаушы, 1989-1991 жылдары Келес аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1991-1993 жылдары бірінші хатшысы, 1993-1997 жылдары аудан әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 1997-1999 жылдары Сарағаш ауданы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары, 1999-2002 жылдары Шардара ауданының әкімі, 2002-2006 жылдары Төлеби ауданының әкімі болды. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы. Көптеген медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.



ЖАНЗАҚ ЖЫЛҚЫШИЕВ – 1947 жылғы 25 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Пістелі ауылында туған. "Мемлекеттік бюджет" мамандығы бойынша Семей финансэкономикалық техникумын, "Қаржы және несие" мамандығы бойынша Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген. 1965 жылы еңбек жолын Түлкібас ауданы Корнилов аудандық кеңесінің бюджет бойынша есеп жүргізуші болып бастады. 1966 жылғы шілде айынан 1986 жылғы қыркүйек айына дейін Түлкібас аудандық қаржы бөлімінің инспекторы, мемлекеттік кірістер жөніндегі аға инспекторы, сосын осы бөлімнің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1986 жылғы қазан айында облыстық қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1987 жылдың маусымында облыстық қаржы бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды. Он екі жыл бойы Оңтүстік Қазақстан облыстық қажы басқармасын басқарды. 1998 жылдың наурыз айынан бері Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қазынашылық департаменті бастығының орынбасары.

Жанзақ Жылқышиев ерен еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігінің Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығы мерекесі құрметіне Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен, Қазынашылық жүйесіндегі мінсіз қызметі үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігі Қазынашылық комитетінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Қаржы жүйесі органдарындағы жемісті қызметі үшін "КСРО Қаржы министірлігі қаржы қызметінің үздігі", "Қазақстан Республикасы қаржы қызметінің үздігі" атағы берілген, "Еңбек ардагері" медалының иегері. Түлкібас ауданының құрметті азаматы.



НАЗАР

Қайыпберді, Ақтума — 1- әйелінен, 2-йелінен — Құлтума, Кенжебай
72-бетте

Түйтебай — Дәулет — Мырзагелді — Атығай — Қараман

Бекқұлы, Бекқожа. — Еділге, Жылқайдар, Ескелді, Оңғар, Қазыбек, Қабанбай.
70-бетте
(Жолшора)
71-бетте

Шаншарбек — Бөлеген, Төлеген. — Нұралы

Әбіл — Кіндікбай, Бейсембай (би). — Заманбек

Әбдірахман, Айып. — 1. Ғани — Ұлтарақ — Жиенбет, Құлмамбет, Бименбет.

1.Қайрат — 2. Керімбай. — Жүніс — Нүсіп

2.Бейбіт — Қапар — (14ұлы 1932ж ашаршылықта өлген) — Аманқожа — Ақжолтай

3.Ырғызбай

Тоқтарбай, Самарқан, Нұрмахан, Темірхан.

Арман, Ерік.

Қанат, Талғат, Абылай, Бақытжан, Ғалымжан.

Бақыт, Ілияс, Нұрсұлтан, Бексұлтан, Дархан.

Түнқатар — Халық — Естекбай, Есімбек, Естемес.

Балтабек, Ермек, Серік. — Зайыр — Салық, Мүти, Әуке, Хамит.

Жұмабай, Жұмахан.

Нұрлан, Самат.

Балтабек, Сыдық, Ыбрайым.

үшеуінің1921 жылы, балалары “домалатпай” деген аурудан қырылған.

Сыдық, Ыбырайым, Омар, Мақы.

Амангелді — Базаркүл

Бекжан — Жәнібек, Қанатбек — Бекболат, Нұрқан.

Қайыпбердінің Түйтебайы мыңдарды айдаған ірі бай болған.



ЕДІГЕ

Әлменбет

Жұбаныш, Кәнетай, Бабатай, Сәметай, Жәнетай → Өмірбай

Ерсұлтан — Жетен, Әбиір (Соғыста өлген).

Айтбек, Айтқали, Қажығали.

Молдабек, Молдажар, Алтай, Бөрібай → Шабдарбай

Нұртай — Сұртай — Болат, Самат, Кенжеғали.

Жұман — Нұрсұлтан, Бексұлтан. — Фазыл, Расул.

Мұрат — Нұрлан, Ерлан, Сәкен, Ақат, Асқан, Асхат, Аскар, Бекенбек.

Алмас — Мәрлен — Санжар — Асқанбек

ЕСКЕЛДІ (ЖОЛШОРА)

Дәрмен, Андас, Кедек, Құралбай, Мәлік, Құрамыс, Ыбрайым.

Аманқұл — Мәмік (Бай)

Серік, Ерік, Берік, Талғат. — Шәріп, Мамашәріп.

Шәкен — Дүйсетай

Бейбіт, Дәниар,.....

Ербосын — Қыдырбай, Құрманбай, Құрманбек, Амангелді.

Құтпан, Сырымбет, Малғара. — Елдар — Рақымнұр — Азамат

Төлбай 1 Қойбағар — Рахман, Әбдірахман, Нүсіпбек.

Әбдіқадыр 2. Тайбағар Кәдірбай, Сәрсенбай, Сейсенбай. Өтеуіл Алмаш (Алмабек)

(Әбікен)

Сәдуақас — Шәутен — Махмуд — Мұхтар, Мұрат, Сәбетбек.

Серік, Ерік. — Өмірәлі, Данияр — Сұлтан — Әділ, Тимур.

Шыңғыс — Дулат — Мақсат

Тұңғышбай, Өмірзақ, Жанысбек.



ҚАЗЫБЕК

Байтас, Жантас, Бектас.

Байзақ, Келке, Айтымбет.

Байсейіт, Құлсейіт, Кенжебай.

Әмірғали, Керім → Әбілдә → 1.Байділдә

2.Серікқали

3.Алматай

4.Оңалсын

5.Жақсылық

Тәнеке → Амангелді

Талғат, Сәби.

Мықтыбек (Мықай), Нұрманбек, Иманбек, Нұратай.

Ермек

Иса, Қасен.

Райыс

Қайырмаш, Қадырбай, Серік. Азамат, Самат.

Алмаз

Нұрлан, Ринат.

Дінмұхамед, Қанатбек, Ринат.

Абай, Сырым.

ҚҰЛТУМА

1-әйелінен, 2-әйелінен → Иткара, Қаржау → ....., Тыныбек.

Жарты — Құрман, Алшынбай, Жұртбай, Қойшыбай, Қашаған, Өміржан.

1-әйелінен, 2-әйелінен 3- әйелінен. — Оспан

Шыбынтай, Қазымбет. (106-бетте) — Нұрсахан

Байшымыр — Сатыбалды, Тасболат.

Айтуар, Көшек.

Болат, Алмасбек, Мұрат, Медет, Әлмес.

Қалқан, Қалмағамбет (нағашысы калмаққа сіңген). (98-бетте) — Айдос. — Рәшит, Мәжит.

Базаргелді, Ақпанбет, Қалманбет (пұшық), Таңат, Өтеген, Сүйір. Нұртас Алдияр
(74-бетте) (91-бетте) (97-бетте)

Байсал, Өтегенсүгір.

Сәнияз — Ораз — Иренбай, Оразымбет — Зәкір, Нүрелбай, Ахмет. Әлмес.

Марат — Әлімжан, (Молда)

Алдияр, Базарбай, Айнабек, Бөгенбай, Кешубай, Сопақ
(73-бетте) (73-бетте)

Түменбай, Түгелбай. Дәукен Ерубай — Әтей, Қапас, Жамықан.

Дүйсембай — Мұхтар, Серік.Сұраншы. — Ешен (Ешмұхамет)

Мақып, Рахым, Рақыш. — Сейтжан, Сейдахмет, Сейтқали.

Молдабай — Оспан — Руслан

Қадыр, Сабыр. — Айдар, Нұрлан, Бақыт, Рүстем.

Нұрсейіт, Әнуар, Ұлан. — Махмуд, Радж.

Шәрәпіл, Шәкен. — Бекмырза, Құлмырза, Битман, Аманжол.

Әскер — Мұрат, Жандос — Бақыт, Болат, Талғат, Жұмат.

Талғат, Рәшит, Дулат, Самат. — Ақжол, Ақмырза.

Ақжол, Санжар, Асқар, Асқат

Айтмұрат, Бекмұрат, Бекболат, Ерболат.

Арман — Дүйсен, Куат. — Дәнияр, Дәурен, Дулат.

АЛДИЯР

Дәмір Данияр

Мүслім, Қабай, Абай → Сыдық → Асан → Сәкен, Дәурен, Асқат.

Нұртай, Жұмақан, Қожақ, Арғынбай, Шалғынбай.

Тоқтам — Нартай, Қокымет → Ескендір

Фараби — Тұрсынқұл

Оспан, Оспанбек. — Нұрлан, Ерлан, Қайрат, Марат.

Серік — Женіс, Дәулет. — Мақсұт

Ербол, Берік, Ерік. — Азамат, Дәмір.

Сейсенбай, Баймұқанбет, Досмұқанбет (Дәуке).

Тұрсын — Қайым

Қанат, Марат. — Есмұрат

ҚОҚЫМЕТОВ ЕСКЕНДІР – 1924 жылы Еңбекші қазақ ауданындағы Жаңашар ауылында туған. 1941 жылы 17 жасында соғысқа кеткен. Соғыс кезінде генерал Рокосовскийдің армиясында дәлдеп ататын "Мерген" (снайпер) болып, 17 унтер офицерді атып өлтіргені үшін, генерал Рокосовский өз қолымен "Қызыл Жұлдыз" орденін таққан. 1945 ж. соғысты Берлинде аяқтап, 1949 жылға дейін Беларусь шекарашылар Армиясының қатарында болады. Әскери қызыметін аяқтап елге оралып, сағыстан кейінгі тұралаған ауыл шаруашылығын көтеруге қатынасады. Көптеген орден-медальдардың иегері.

КЕШУБАЙ → Мейірман, Бурабай, Қоянбай → Қасаболат → Әбдікерім → Мұса.

Мұса ← Тасболат. Қайыпбай → Тұңғышбай, Темірбек.

Әбдірайым, Әбдуәлі. — Айдар.

Жексеғұл, (Жекен), Айтбек → Айдар.

Аман, Бақыт. — Қасымбай, Ермекбай, Көшер, Тұрсынқұл, Байшөмел, Заманбек.

Серікбай — Рәшид, Ілебай.

ТАСБОЛАТҰЛЫ АЛПЫСБАЙ (болыс)– Алпысбайдың әкесі Тасболат бай болмаған. Акылды, пысықтығының арқасында өзінің шаруашылығын күйттеген. Артында үш ұлы қалады. Алпысбай әкесінен жастай қалады. Шешесі Алпысбайдың зеректігін байқап, ауылдағы молдаға оқуға береді. Молдадан тез үйреніп алған зеректігін байқап, терең білімді орыс мектебінен алатынын анасы ұғады. Бірақ кедейдің баласын мектепке алмайды. Орыс оязына жолығып баласын мектепке берудің жолын іздейді.Оязға қалайда әдеттегіден тыс сыйлық жасаудың амалын қарастырады. Құсбегілерге қолқа салып, не бүркіт, не ақсұңқар ұстап беруді өтінеді. Олардың торына тұйғын түседі. Оны жақсылап күтіп үйретіп, әбден мәніне келтіріп, Оязға әкеледі. Ол әйелге көңіл аудармай, әкелген құсына өлердей қызығады да, әйелден жөн сұрайды.

– Неге келдің? Не өтінішің бар? дейді.

– Тақсыр, мына баламды оқуға ал, талабы зор, зерек, білім алсын дейді.

– Тамаша құсты қолына түсірген ояз Алпысбайды Алматы гимназиясына алады, оны үздік бітіріп шығады. Оқу бітірген соң біраз уақыт өкімет жұмысын атқарады да, Түргенге болыс сайланады. Түргеннің билері, белсенділері ақылды, зерек жас жігітті істетпеген соң, ауылдастары Қаскеленге болыс етіп сайлайды. Ол кезде аудан жерінде екі болыс ел болған. Бірі Шамалғаннан батысқа қарай – Жайылмыс болысы бұны, Сәт болыс басқарған. Екіншісі Қаскелең болысы бұны Алпысбай басқарады.

Күш-қуаты қайнаған, орысша-қазақшасы бірдей алғыр жас болыс, патша өкіметінің шенеуніктеріне де, жергілікті халыққа да ұнайды. Орыстың шала сауатты шенеуніктеріне, тіпті осы өнірді билеп-төстеп тұрған атаманның өзіне де ақыл айтып, істің мән жайын айтып отырған. Орыстар бір шұрайлы, құнарлы жерлерді патшаның заңымен алса, бір жерлерді күшке салып, елді мылтық, қылышымен қорқытып, заңсыз тартып ала бастаған болатын. Алпысбай атаманға келіп "Бұйрығынды көрсет және ол бұйрығың қандай негізде жазылған" деп талап етіп отырған.


Алпысбай қазақ жігіттерін жинап, елден мал, азық-түлік алып Қаскеленнен Ұзынағашқа дейін (30 шақырым) жол салдырады. Сай жыраларға көпір салдырып, тас-құм төсетеді. Орыс инженерлерін алдырып жоба сызғызып, өлшетіп, ойлы-қырлы, айналмалы жерлерді түзетіп салдырған инженерлік құрылыс болды. Бұл туралы мынандай өлең жолы бар:

Қаскелең біздің ауыл тастағында,
Алпысбай салған жолдың бас жағында.

Бұл жол үшін Алматының оязы патшаға хабарлап, патша Алпысбайға шен беріп, шекпен жапқан.

Сонымен қатар Алпысбай қазақтарға "жеріңнен айырылма, сулы жерлерге егін ек, қыста отыратын үй сал, Жазда жайлауға көш, бірақ үйің тұрсын, сонда отаршылар жеріңді ала-алмайды" деп ақыл айтады. Өзі үлгі болып 10 гектар бақ егеді. Жанынан ағаш үй тұрғызады. Осы бағы бүгінгі күнге дейін Алпысбай бағы деп аталады.

Патша өкіметі мен әкімдеріне, атаманға Алпысбайдың көп істері ұнамайды. Орыстарға Алпысбайдың "бұзақылығы" төмендегіше: Қазақтардың жерін тартып алған, үйлерін өртеген казак-орыстарды, Казақтарды ұйымдастырып ұрып сабап, үйлерін өртетеді. Осыған байланысты патша өкіметі Алпысбайды соттап, Сібірге айдатып жібереді. Алпысбай айдаудан 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін келеді. 1918 жылы Кеңес өкіметі ақтайды. Кеңес өкіметіне жағымды адам, қызметке пайдалануға болады деген құжат береді. Бірақ жергілікті белсенділері: ол бұрынғы болыс, Кеңес өкіметіне жат адам деп қызмет бермейді. Өзінің шаруасымен айналысып, өз ажалынан дүниеден өткен.



АЛПЫСБАЕВ ЕРІМ ЖҮНІСҚАНҰЛЫ – Алпысбайдың шөбересі.

ЖАНАҚ АЙДАРБЕКТЕН тарайтын үзік ұрпақтар.

?——→ Дедекбай——→ Жотай, Сейсен.

?——→ Жексенбай——→ Әділкен, Әділбек.

?, Саят, Самат, Болат, Жәнібек.

?——→ Ахмет, Мұқаш, Оразымбет.

Бейсембай, Сейсембай——→ Серікбай, Ерік.

?——→ Баеке, Құсайын——→ Мұрат——→ Айдос, Елдос.

Күмісбек, Алтынбек.

Исажан (Исан)——→ Айдын——→ Әділет, Дияс.

?——→ Сүйсін——→ Қамза, Қанай——→ Нұрлан, Мәлік, Арлан.

Бақытжан Бақтияр Қамзабек

Қазыбек, Қабылбек, Әлібек, Сабырбек, Жәнібек, Аманжол, Амантай.

Ринат, Рүстем. Кенжехан Руслан, Арман.

Шыңғысхан, Темірлан. Аскар, Рамазан, Елдар.

?——→ Райыс——→ Құрманғали——→ Дәулет, Қайрат.

АСАНЖАН КӨБЕЛЕКОВ – Социалистік Еңбек Ері, колхозда қант қызылшасын өсіріп атағы шыққан.

ӘЛМЕНБЕТ — Боранғазы, Найман, Өмірбай, Өстемір, Әлім.

Байтемір, Қалқа, Тоқсан, Шүкей (болыс), Айтқұл → Қондыбай

190-бетте

Шуманақ. Қасен ← Бает, Атажан, Ізбай, Әйтімбет.

Дүйсебай (қажы) Кенепбай. Жөкен

Ыбрақым, Төленбай, Төлеубай (молда). Бекен, Серік, Берік.

Мерхат, Мержан, Ерік, Ермек, Болат. 1.Қуаныш

2. Дәулет.

Мәдияр Елдар

Талғат, Дәнияр, Азамат. Дәулет, Әділет, Жақсылық.

Қарашай, Байсақ, Байсылық, Шөжебай. Ерғанат, Нұрқанат, Нұрсұлтан.

Бақыбай, Тәжібай, Көжек, Қойгелді, Билібай, Әбдіранбай, Ауғанбай, Досымбай.

190-бетте

Жұмабек Мырзахан Қадырбай Тоқтарбай, Жұмағұл. Сәкі

Серік, Берік. Сәмидин Амангелді

Аман Марат Әділет, Бақтияр, Руслан.

Алпысбай Ерасыл Төлеубай, Бегенбай, Дегенбай.

Қанат, Саят. Әбішінай (Әбіш)

Ысқақ, Кішкенебала, Кәрібай. Аркарбек, Ерлан, Ержан.

Нүсіп Әлім Ілияс Көпжасар, Нұрсапар (Сапар).

Нұрмыш Бекқали. Құдайберген (Даен) Ораз, Оразбек. Болат

Дидар Бақтияр Олжас Ұлан

Серік, Еркін, Ерболат, Жанболат. Дүйсенбай, Жекебай, Құрманбай, Құрманбет, Қали.

Дәулет Төлеубай Марат Мұрат

Шермеден, Шаяхмет, Құрманжан, Ғалымжан. Қуаныш — Орынбек, Орынбасар, Болат.

Рүстем Руслан, Нұржан. Данияр Ізбасар

Серікжан, Рәшит, Ринат, Радик, Райымбек.



ҚОЙГЕЛДІ → Молдахмет, Молдахан.

Молдахмет → Салмақ

Молдахан → Ермек, Бақытжан, Есім, Жұмахан.

Салмақ → Амангелді → Асылбек, Әлібек

Ермек → Арман, Ерік.

Есім → Әсет, Асхат, Мақсат.

Жұмахан → Расул, Мәлік, Жаңбырбай (Жаник).

Жаңбырбай (Жаник) → Әділ

ТОҚСАН

Байарыстан

Байқұлақ, Кешубай.

191-бетте

Кешубай → Бектұрған, Тәукебай

Тәукебай → Жәкібай, Батырбек, Қожағұл.

Бектұрған → Олжабек, → Баялбай

Баялбай → Сәдуақас, Аскар, Кемал.

Кемал → Бекмұрат, Қанат.

Қанат → Әліби

Сәдуақас → Алмас, Болат, Жомарт, Мұрат.

Болат → Елдос

Жомарт → 1.Елжас

Мұрат → 1.Олжас

Алмас → Серік, Жандос. 2.Елдар 2.Фараби.

Бектұрған → Жұмалы, → Шәрәпи, Мұстапа

Мұстапа → Құдайберді (Құдайберген).

Құдайберді → 1.Ербол, 4.Талғат, 2.Ерболат, 3.Нұрбол.

Шәрәпи → Дүйсенбек, Исабек (Қапшағайда).

Дүйсенбек → Мұрат, Айдос. (Мүтән)

Исабек → Серік, Қанат, Елубек, Айтбек, Амангелді.

Елубек → Елнұр

Айтбек → Аман

Амангелді → Елдар.

Қанат → Болат, Сәт, Дидар.

Серік → Ермек, Ерік, Айбар, Жігер, Арнау.

Жәкібай → Әлімбай, Баянбай.

Батырбек → Балғынбай

Балғынбай → Әбдіхамит.

Әбдіхамит → Болат, Дүйсен

Дүйсен → Төлеген

Қожағұл → Өзбек, Айтжан.

Шүркілбай → Жамбылбай

Жамбылбай → Бақыт.


Бақыт → Серік, Берік, Ерлан, Нұрлан.

Молдағұл → Сатыбалды

Ызабай → Түстікбай, Ештай.

ОЛЖАБАЙҰЛЫ БАЯЛБАЙ – 1879-1965 ж.ж. Бұрынғы Іле, Қазіргі Талғар ауданы Октябрь (Нұра) ұжымшарында 1932-1958 жылға дейін түйеші болды. Кеңес Одағы бойынша 10 інгеннен 3 ботаның орнына жылма-жыл, 10 ботадан алып алдыңғы қатарда болды. 1938-1939 ж.ж. Мәскеудегі ауылшаруашылық көрмеге қатысып, Сталин және Молотовпен кездесіп құнды сыйлықтармен марапатталған.

БАЯЛБАЙҰЛЫ СӘДУАҚАС – 1909-1994 ж.ж. Алматы облысы Талғар ауданы, Октябрь (Нұра) колхозында 1931-1941 ж.ж. төраға. Отан соғысының ардагері. Соғыстан кейін аты аталған колхоздың экономикасын, халықтың әл-ауқатын жақсартуға атсалысқан.



БАЯЛБАЕВ КЕМАЛ – 1925ж. Алматы облысы Талғар ауданы, Октябрь (Нұра) аулында дүниеге келген. Орташа арнаулы білімді агроном. Жоғары білімді педогог. Партияның жоғары мектебін бітірген, мектеп директоры, 1977 жылға дейін әртүрлі мектеп саласында басқарушы. Қазір осы ауданның Нұра ауылында еңбек ардагері мен ақсақалдар алқасының төрағасы. "Талғар ауданының құрметті азаматы".

КЕШУБАЙ → Белгібай, Бекмырза → Қанапия → Құсайын → Сәбит, Сағат.

Шалабай, Сатай, Төлебай, Жолдыбай, Талдыбай, Келдібай, Күренкей.

Керімбай, Белгібай. Әбілдә. Атамбай, Әбденбай, Сәбденбай.

Мұсахан Қаракойшы. Серікбай, Кәрібай, Есікбай, Қарықбай, Телібай.

Есенбай, Жанқойлық, Есенәлі. Түгелбай Салықбай, Нүсіпбай.

Жайшыбек Нұрмұхамбет.

Тұрсын, Жұмақан, Стамшал, Стамбай.

Серікбай, Бейсембай. Әмір, Темірхан, Көреген → Темірбек.

Тойлыбай, Молдыбай, Әзімбай. Әділхан, Ғалым, Әлім.

Бекмырза, Оналбай. Дүйсенбек, Бейсенбек, Қойлыбай, Сейсен, Шәрәпи.

Әлменбеттен тараған үзік аталар ұрпақтары.

12-декаббрь (Жәпек) ауылында тұрады. Шилікемерден келгендер.

? → Байсақ → Әбдіхалық → Бақытбек, Асқар, Алтай.

? → Шөжебай → Әлібек → Нұртай (Шилікемерде) → Асқар, Мәлік.

? → Несіпжан → Данияр (Ақсеңгірде Қойгелдінің бауыры)

? → Байсыдық → Жылқыбек → Әділбек, Асылбек, Ақылбек → Жандарбек

Батыр



КЕНЖЕТАЙ → Сарша → Ордабай, Боранбай.

Мекебай, Еркебай → Елеу, Желеу.

Жаңабай, Тезекбай, Дүзгенбай, Бөкенбай (би) Алпысбай, Отарбай. 1. Сатылған

Айтақ — Ахмет. — Халық, Қалдыбек, Шаяхмет. — Қуат — 2. Сағади

Маймақ — Мырзатай — Қабылда — 3. Әбіке

Ербол. Сағынбек, Жанат, Мұрат, Болат. — Дәулетхан

Азамат, Берік. — Алан — Сұлтан — Шалбай, Қорабай.

Бейбарыс — 1.Молдағазы

Байсерік, Жансерік, Мамасерік, Кәмек, Дәмек. — 2.Әділғазы

Қонақай — Жұмағали — Жексенбай

Кәдіркұл — Бейсембай, Сыдық. — Әлімсерік

Сағындық — 1.Сапарбек

Нұрлан, Марат, Болат, Сәбет. — 2.Сапарғали.

Мәндібай, Сәндібай, Әндібай, Елубай.

Бауыржан ← Сабыр, Сайлаубек.

Қуат, Дәулет.

Болатбек, Мұратбек, Қайрат, Талғар, Нұржан.

....., Дулат. — Ғабиден. — Дәулетбай, — Сыдық (Сыздық).

Жұмақан — Ақынғазы, Нұрдаулет.

Қыстау, 193-бетте — Малданбай, Мәндібай, Күздеу, Әбдірхаман. — Сейтхан, Әмірхан.

Ақпан, Сабанбай. — Қасымжан, Әбдікерім. Мірқалық — Тойлыбек Аскар

Әшім — Бақыт. Әбжан, Әбілдә → Дәурен. — Мәді

Бақберген — Берік, Серік. — Мұсабек, Руслан, Кәдірхан.

Молдабай — Талғат, Қайрат, Бағдат, Бекзат.

Ернат, Дәулет. — Азамат. — Бекет.

Бағашар, Дүйсен, Сейсен. — Әділет, Бейбіт.

Берік — Қанат



ҚЫСТАУ

Нұрғазы, Нұрпейіс, Байтас, Жанғазы → Әбдіқадыр.

Жұртбай, Алшынбай, Сәт, Мұқтар, Мұхит.

Жомарт Мұрат, Мәрлен.

Бауыржан

БӨКЕНБАЙ (би) – Қазіргі Алматы облысы Талғар болысындағы белгілі болыстар: Аянбек, Алпысбай, Саржандармен қатар билік құрған.

ТЕЗЕКБАЙҰЛЫ ҚЫСТАУ – Ірі бай болған. 1888ж. Талғардан Қарашеңгелдіге қоныс аударған. Төңкеріс кезінде Қыстау кайтыс болады. Балалары Қотырбұлақ деген жерге қашып барып бой тасалайды. Кейіннен балалары Кеңес өкіметін мойындап, колхоз құрамына енеді.

ТЕЗЕКБАЕВ ӘБДІҚАДЫР ЖАНҒАЗЫҰЛЫ – 1935 жылы туған. Өмірі Қырбалтабай ауылында өтіп келеді. Түрген қой совхозында 17 жыл бойы шопан болған. 1962-1967 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған.1977жылы Зооветтехникумын бітіріп, Екпінді фермасында зоотехник, меңгерушісі қызметін атқарады. 1991 жылы зейнетке шығып, өзінің жеке шаруашылығымен айналысады.

ҚОРАБАЕВ СЕЙТХАН НҰРДӘУЛЕТҰЛЫ – 1935 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Инженер механик. Москвадағы Марксизм-Ленинизм Университетін бітірген. Саясаткер. Алматы облыстық Кеңестің депутаты. Іле автобазасының директоры. Байсерке округінің әкімі. Зейнеткер.

II БӨЛІМ

ТАРИХИ МАҒЛҰМАТТАР

БӘЙДІБЕК БАБА ТУРАЛЫ

Қарашаұлы Бәйдібек (I-II ғ.ғ.) Жетісу алабындағы көшпелі тайпалар көсемі. Ақыл-парасатымен, ерлік істерімен елге ұйытқы болған тарихи тұлға.

Ел ішіндегі қария сөздер — далалық ауызша тарихнама бойынша /ДАТ/ ұлы жүздің үйсін бірлестігінің құрамындағы албан, суан, дулат, сары үйсін, шапырашты, ысты, ошақты тайпалары Бәйдібекті өздерінің түп атасы деп біледі. Бәйдібектің әкесі Қараша (530-604) туралы, Бәйдібектің ұрпағы Майқы би туралы Қытай жылнамаларында, Мұхамед Хайдар Дулати (1499-1551) еңбегінде деректер кездеседі. Бәйдібек жалпақ жатқан Жетісуды, Арыс өзенінің шұрайлы алқаптарын, Қаратау мен Ташкент алабын қоныс етіп, ондағы ру-тайпалардың бас біріктіруіне, ел болып ұйысуына ықпал еткен.

Бәйдібек үш некелі болыпты. Бірінші әйелі — Сары бәйбішеден Байтоқты есімді бала туып, одан Түргеш (Сары үйсін) өрбіген. Екінші әйелі — Зеріптен Жәлмәмбет туады. Одан — Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбіген. Үшінші әйелі — есімі исі қазаққа мәшһүр әулие Домалақ ана. Бұл кісінің нағыз есімі Нұрила . Домалақ анадан Тілеуберді туады. Тілеуберді ел аузында Жарықшақ (Жарықбас) атанып кеткен. Жарықшақтан — Албан, Суан, Дулат өрбиді.

Бұл аталардың бәрі де іргелі ру-тайпаларға ұласып, қазақ халқының ел болып ұйысуына тікелей араласқан.

Бәйдібектің Сары бәйбішесінен туған Байтоқтыдан басқа алты бірдей ұлы соғыста қаза тауып, Қаратаудың шығысындағы Қошқарата өзенінің бойына жерленген. Күні бүгінге дейін бұл жер "Алты сары басы" деп аталады.

Бәйдібектің өзінің сүйегі Балабөген өзенінің жағасына жерленген. Басына көрнекті кесене тұрғызылған. Қазір Оңтстік Қазақстан облысындағы бір аудан Бәйдібек есімімен аталады.

Бәйдібектің өмір сүрген заманы — Еуразияның ұлы Даласын (Л.Н.Гумилев) қоныс еткен желдей еркін көшпелі тайпалардың арасында этникалық тұтастану үрдісі қызу қарқынмен жүріп, мемлекеттің ірге тасы қаланып, тарих сахнасына әйгілі Түрік қағанатының шыққан кезі. Шығысында Сары өзен (Хуанхэ) мен батысында Темірқақпаға (Дербент) дейін қанат жайған алып қағанат өз кезегінде төңірегіндегі Қытай, Парсы, Үнді, Рим (Византия) сияқты империялар мен патшалықтарға ықпалын жүргізе бастаған. Ең бастысы, түркі жұртының шаруашылық-мәдени типі сараланып, өзіндік төлтума өркениеті қалыптасып, енді түркі тектес ұлттар өз қоныс-тұрағымен, өзіндік тіл-ділімен тұлға таныта бастаған.

Міне, осындай аса күрделі тарихи кезеңде Бәйдібек ақыл-парасатымен де, ерлік істерімен де ұлттың ұйысуына, елдің бас біріктіруіне, сөйтіп қазақ даласындағы ру-тайпалардың этникалық тұтастануына мұрындық болған тарихи тұлға.

Бәйдібек, Домалақ ана кешендеріне 2000-2001 жылдары жүргізілген қазба жұмыстары тарихи тұлғалардың қоғамда алар орнына, өмір сүрген заманына қатысты толымды дерек-мағлұматтар беріп отыр. Солардың ішінде I-II ғасырда шығарылған тиын теңгелер Бәйдібек пен оның жұбайы Домалақ ананың өмір сүрген заманына, олардың әлеуметтік статусына елеулі айғақ ретінде ден қойдырады.

Халық жады арқылы атадан балаға жалғасып жеткен қария сөздер Бәйдібектің ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ұйытқы болып, көреген көсемдігімен жұртқа ықпал еткен тарихи тұлға екенін танытады.

"Елтұтқа" кітабынан.

P.S. ***VI ғасырлардағы Қытай жазбаларында бес оқ дулат құрамы Жаныс, Шымыр, Ботбай, Қойлы, Ысты деп көрсетілген. Демек, бұл уақытта Дулат іргелі тайпаға айналған. Сондықтан Бәйдібек баба мұнда көрсетілген мерзімнен көп бұрын жасаған болып шығады. Тарихи деректер мен шежіре мәліметтерде мұндай айырмашылықтар ұшыраса береді. Соны ескерген жөн. Нақты шындығын бір Алла біледі.***

М.Ысқақбай.

АҚИҚАТ ТАРИХ ТЕРЕҢІНЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

(Ғалым Тойжан Досановтың "Ертедегі үйсін жазба ескерткіштеріне байланысты этюдтер" атты еңбегі туралы көрнекті жазушы, тарихшы Бексұлтан Нұржекеевтің мақаласынан үзінділер)

Кітап орыс тілінде 2002 жылдың аяғында "Жалын" баспасынан жарық көрді. Аты – "Этюды по памятникам письменности древних усуней" – "Ертедегі үйсін жазба ескерткіштеріне байланысты этюдтер". Жазған – ғылым әлеміне бәлендей белгілі бола қоймаған балаң, бірақ білімді жас Тайжан Досанов. Ғалым кітабын Тараз қаласының 2000 жылдығына арнапты. Ол арнаудың Талас жазуына қатысты өзіндік мәні де бар.

Бұл кітап маған нақтылығымен ұнады. Автор айтқысы келгенін, алты қырды орағытпай, тіке айтады. Басқаның қате санаған пікірін алдына жайып қойып дәлелдейді, өз пікірін сол қателікті қалай түзету қажеттігіне көзіңді жеткізе отырып тағы айтады. Бұдан қандай қорытынды шығару сіздің еркіңізде, ал мен өзімнің көзім жеткенді ғана жазам дейтін адам секілді.

Ал қазақ тарихында "үсүн" немесе "үйсін" жайындағы пікір соңғы жылдары алашабырлау, күңгірттеу болып бара жатқандығы белгілі. Бұрынғы ғалымдардан батыл пікір айтқандардың көшін бастайтын Әлкей Марғұлан еді. "Ғұндар, үйсіндер, қаңлылар – өте ескі дәуірден Қазақстан сахарасын отан етіп, онда көп жойқын қалалардың үйіндісін қалдырған елдер", – дейтін еді ол кісі ("Ежелгі жыр, аңыздар", 1985, 22-бет).

"Ғұндар мен үйсіндердің жойқын мәдениеті көп сақталған жерлер Іле өзенінің бойы, оған құятын Талғар, Шелек, Кеген, Мерке өзендері. Осы арада тізбектеліп жататын ұлан-байтақ обалар – ғұн мен үйсіндердің естелігі, – деп (29-бет) кете береді, кете береді.

Қазіргі бізге жеткен шежіре бойынша ұлы жүз ішіне кіретін үйсін тайпасын Әлекең көне қытай жазбаларындағы "усун" деген мемлекеттің қалдығы деп қалтқысыз сенеді. Өйткені мекені, қаласы, әдет-ғұрпы, тілі, билеген хандары, арғы-бергі аңыздары – бәрі ортақ.

Қытай жазбаларымен жақсы таныс болған Шыңжаңның қазақ тарихшысы Нығмет Мыңжан: "Еліміздің (Қытайды айтады – Б.Н.) сол замандағы жазба деректерінде үйсіндер қоныстанған жерлердің орталығы болған Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірі "үйсіндердің атамекені" деп аталған...

Жоғарыда айтылған тайпалар одағының ішіндегі ең ірісі үйсіндердің тайпалық одағы еді. Олар б.ж.с. дейінгі екінші ғасырдан бастап Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірінде ірге

теуіп, бұдан бұрын осы өңірде жасаған сақ тайпалары және ұлы иозы (ұлы жүз) тайпаларымен тоғысып, қазақ халқының арғы тегін қалыптастырады. Үйсіндер Іле өзені алқабында құдіретті мемлекеттік үкімет құрып, еліміздің Орта жазық өңірімен өте тығыз саяси-экономикалық және мәдени байланыс орнатты", – деп, көпе-көрнеу мақтанышпен жазады ("Қазақтың қысқаша тарихы", "Жалын", 1994, 10-11-бет).

Бұл айтқанымды біреу-міреу байқамай қала ма дегендей, 12-бетте: "Заманымыздың бұрынғы 3-ғасырдан 5-ғасырға дейін өмір сүрген үйсіндер бірлестігі мен қаңлылар бірлестігі қазақ халқының негізгі ұйытқысы болды", – деп тағы таптайды.

Нығмет ағамыздың айтуынша, үйсін мен қаңлысыз қазақ әлемі (мир казахов) болмақ емес. Бүкіл тарихты бір кісінің бес саусақтай білуі, әрине, мүмкін емес. Алайда тарихта өзіңе дейін дәлелденген нәрсені әдейі айтпай кету немесе ол дәлелдің теріс екендігін көрсетпей кету халық тарихын адал насихаттауға жатпайды.

Түрік тарихшысы Бахаддин Өгелдің "Хант" баспасынан 1998 жылы "ұлы хун империясының тарихы" деген екі томдық кітабы жарық көрді. Жазуына қарағанда, Өгел қытай жазбаларын өзі оқи алатын адам керінеді. Соның айтуынша да: "Үйсіндер 176-жылдардан (б.ж.с.д.) сәл ертерек хундарға бағынады...өте батыр, жауынгер халық. Бұрынырақта хундарға бодан болса да, күшейе келе теуелсіздігін алды", – деп жазылыпты. "Тарихи естелік" атты көне қытай жазбасында (1-кітап, 282-бет). "Үйсіндердің барынша күшейіп, толысқан шағы б.ж.с.д. 40-жылдарға, яғни Шө Же ханның Самархан патшасына көмекке келген кезіне тура келді", – делініпті онда.

Үйсінді де, үйзілерді де сырт ел ғалымдары біраз дәлелдеді, бірақ қазақ ішінде ұлы жүз, оның ішінде үйсін деген тайпа әлі күнге дейін бар екендігін білмейтіндіктен, оларды біресе саққа, біресе ғұнға жатқызып әлек болумен келеді. Ал енді өз тарихымызды өзіміз жұтататындай бізге не көрінді? Басқалардың жалпылап айтқанын біз нақтылап неге айтпаймыз? Ондай бастама бар да ғой. Мәселен, Нығмет Мыңжанның пікірі.

Еліміздің (Қытайды айтады – Б.Н.) жазба жылнамаларында олардың аты "ұлы иосі", "ұлы жүз" түрінде кездеседі. Кейін келе бұлар "ұлы иозі" жене "кіші иозі" деп екіге бөлінген. Ежелгі хансу тілінде жазылған бұл ұлыстардың атын "ұлы из" (ұлы жүз, кіші жүз) деп оқуға да болады... Қазақ шежіресінде "ұлы жүз – үйсін" деген сөз үнемі қосарланып жарыса жүреді", – дейді ол ("Қазақтың қысқаша тарихы", Алматы, 1994, 58-бет).

Бұл, меніңше, анау-мынау пікір емес, үлкен жаңалық көтеріп тұрған пікір. Оның маңыздылығы сол: біріншіден, біздің осы уақытқа ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз боп аталуымызда ешқандай сандық мағына жоқ екендігін делелдеуінде. Екіншіден, үш жүз боп аталуымыз біздің жыл санауымыздан 200 жыл бұрын жүзеге асқандығын әйгілеуінде. Үшіншіден, ғұн, сақ, үйсін, үйзі мемлекеттерінің шынында да қазақтың арғы бабалары екендігін дәлелді көрсетуінде.Өйткені, Батыс өңір шежіресінде: "үйсін халқының ішінде сақ тайпалары да, ұлы жүз тайпалары да бар", – деп жазылған (Н.Мынжан, 58-бет).

Веселовский Арал атырабын мекендеген ұлы иозілердің бір бөлігі Кердері деп, I ғасырда Арал теңізі Кердері теңізі, ал Амудария Кердері дариясы аталғанын жазыпты (Мыңжан, 61-бет). Кердері тайпасы қазір кіші жүз құрамында екенін бәріміз білеміз. Бұған қарағанда, да- ЮЭЧЖИ – ұлы иозі дегендердің қазіргі біз айтып жүрген ұлы жүз екендігі дәлелді болады. Ол дәлелді болса, кіші жүз де дәлелді. Бір шеті ұлы жүз, екінші шеті кіші жүз екендігі дәлелді болса, екі ортадағы елдің орта жүз аталмағы неге дәлелді болмасын?!

Ал енді осы "йозы", үйзі", "иосы", "жүзі" боп түрленген сөздің қандай мәні бар? Біріншіден, бұл – жүз деген санға тура да, жанама да ешбір қатысы жоқ, тек айтылуы ғана ұқсас сөз. Көне түрік халықтарының біріне жататын ұйғырлар "йеза" деп ауылды

айтады. Оны "Уйгурско-русский словарь" да дәлелдейді (Москва, 1968, 797-бет), онда ол сөздің мағынасы "деревня, село" деп көрсетілген. Сонда біздің ұлы жүзіміз – үлкен, кіші жүзіміз – кіші ауыл боп шығады. Бәлкім, бұл сөз ертеректе "үлкен ел", "кіші ел" деген мағына да берген болар деп болжауға болады. Махмұт Қашғари сөздігіне "иозы" сөзі "жазық, жазық жер" деген мағына береді. ("Хант" баспасы, 1998, 3-том, 30-бет). Ол заманда "жылатты" дегенді "сықтатты" деп айтқан екеміз (2-кітап, 470-бет), соған қарағанда, ол кездегі "ұлы иозымыз" қазіргі "үлкен өлке", "үлкен ел" деген мәннен алыс кете қоймас, бір сөздің мәнін ұмытқанмен, айтылуын ұмытпай, әлі ұлы жүз атап келеміз деп ойлауға әбден болады.

Бұл дәлелге илансақ, онда ұлы жүз, кіші жүз, орта жүз қазақтары о бастан туыс деген шежіреміз деп-дәл болады да шығады. Және бұл қорытынды менің достарым Қойшығара мен Ақселеудің пікірлерін түгелдей теріске шығарады. Білмей келген біздің кінәміз болмаса, бұл арада ұлы үйзі мен үйсіннің кінәсі жоқ, олар да ғұн мен саққа әрі бауырлас, әрі бақталас елдер болған.

Тайжан Досановтың мына кітабы үйсіндердің елдік күш-қуаты ғана емес, мәдени сауаты мен өнерінің де жоғары дережеде дамыған ел болғандығын дәлелдейді.

Н.Мыңжан аталмыш кітабында: "Зерттеген ғалымдардың айтуынша, Есік жазуы осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз жазумен (таңбалармен) жазылған", – депті (56-бет). Ал Т.Досанов бұл жазуды да оқып, оны үйсін жазуы дейді. Және ғалымдардың осы уақытқа дейін ол жазуды төңкеріп оқып келгендігін дәлелдейді.

Бұл оқуын 1985 жылы Т.Досанов "Білім және еңбек" журналына ұсынады, бірақ 21 қыркүйек күні "баса алмаймыз" деген жауап алады. Ғалым Есік жазуы көне түріктің сына (руника) жазуын пайдаланған деген қорытынды жасайды, "... саки-усуни в I веках до нашей эры использовали письменность, создание которой было изначально продиктовано сингармонизмом тюркского языка, свидетельствующего о тюркоязычности саков-усуней", – деп түйіндейді.

Ғалым сақ пен үйсіннің арасын ажыратпайды, ондай мақсат қоймайды да, ол тек жазуды оқуға ғана бар ықыласын аударады.

Алайда Есік қорғанында жатқан жас ханзаданы үйсін күнбиі Елсаудың (қытайша Лежау) жастау өлген ұлы Нулы деп жорамалдауға әбден болады. Кезінде бұл пікірді Тұрсын Жұртбаев "Дулыға" кітабында айтқан да еді, бірақ оған әзірше ешкім құлақ аспай келеді.

Қазыбек бек Елсаудың он баласы, оның үлкендері Нулы, Дулы болғанын айтады. "Нулы атамыз әкесі Елсаудан бұрын жастай 22 жасында кетіпті,.. қатты ардақтап үш Қарашқа қойыпты", – дейді (43-бет). Бұл Қарашы – кәдімгі Әуезов жазатын Қараш, Есіктің жоғарғы жағы. Бәрі дәл келіп тұр.

Нулыны айтпаса да, Елсаудың Дулы деген баласы болғанын Н.Мыңжан да жазады (83-бет). Қазыбек бек арғы дулаттар осы Дулыдан тарайды дейді. Дулы болса да, дулу болса да, одан дулат дегеннің шығуы, менінше занды. Өйткені, дулаттар дегенді сол кездің көптік – ат, -ит жалғауын қосып дулу-ат деуіміз түрік сөзіне тән құбылыс. Керейлер дегенді керейт дейтініміз сияқты.

Жүйелеп тереңдей берсек, Т.Досановтың үйсін жазуы жайындағы кітабы тарих тереңіне қарай жетектей береді. Ең бастысы, тарихымыздың керегесін кеңіте түседі. Бұл кітап – ғылымға да, ата тегін мақтан ететін әрбір қазаққа да бағалы қазына.

"Егемен қазақстан" газеті,
2003 жсыл 20 ақпан.

Саймасай болыс – Еңсесі биік ел болғанымыздың белгісі шығар, дәл қазіргі таңда тарих бетінен өшіп кеткен бабаларымыздың рухын қайта жаңғыртып жатырмыз. Бұл кешегі аталарымыздың армандап, өздері айтып кеткен "өшкеніміздің жанып, өлгеніміздің тірілуі" емеспе. Ата-бабамызды түгендемек түгілі, атымыздың өзін соларға ұқсата қойып, Аллаға емес адамға табындырып қойған Қызыл империяның тұсында небір тарихи тұлғаларымызды теріс насихаттап, біздерді қарсы ұғымға тәрбиелегені шындық. Шындықтың беті қашанда ашылады, оған уақыт қажет. Төреші уақыт бәрібір ақиқатын айтып, аршып алып береді екен. Осындай ұлт мүддесі үшін жігерлі жігітінде-ақ ат жалын тартып мінген батыр ұлдың бірі – Саймасай Үшкемпірұлы. Біз бүгінгі қозғағалы отырған әңгімемізде Саймасай болыс кім деген сауалдын төңірегінде ой өрбітпекпіз. Әрине, Саймасай туралы сөз қозғасақ, Бәріміздің көз алдымызға М.Әуезовтын "Қараш-қараш" оқиғасы елестейді. Тіпті, ол шығарманы оқымадым дегендер болғанымен, олар да осы туындының желісімен түсірілген фильмді көрді. Бірақ осы фильм мен прозадағы екі көркем дүниеден біз басқа қоғамдағы, басқа Саймасайды көреміз. Осы шығармадағы Жарасбай – Саймасай Үшкемпірұлының протатилі. Бұл фильмді сонау бала кезімізден-ақ көрдік, әңгімені оқыдық. Сол кездегі балаң көңілімізбен қабылдағанымыз түлкі тұмағын баса киіп, құндыз жағалы ішікке оранып, жылы-жұмсағын алдына салып, кедей-кепшікке кекесін мінезбен шекесінен қарайтын Жарасбайды көретінбіз. Солай қабылдадық та. Бұл фильмді бізді жетпіс жыл жетегіне алған кешегі кеңестік қоғамның тәрбиесі еді. Ақ патша мөрін басарда арқасын төсетіп, ақымақтық кейіпте көрсеткені де сол қоғамдағы идеалогияның қазақ халқын құлдық санада мейлінше ұстағанының белгісі. Жазушы Ш. Мұртазаның да "Қызыл жебесіндегі" Саймасай бейнесі де осылай кәрсетілген. Бірақ бұның айыбын біз жазушыларымыздан емес, ой-санамызды темір бұғауда торлап, мәңгүрттік кейіпте ұстағысы келген кеңестік дәуірдің кесірінен көргеніміз жөн. Қос жазушымыз да бір қырынан сол кезеңді суреттегенімен, екінші жағынан бірі еркіндік үшін елден шыққан Рысқұл бейнесін ашып көрсетіп, енді бірі ұлт тарихындағы ұлы тұлғамыз Тұрар Рұсқұловтың ұрпақ алдындағы ұлы мұратын айқын жазып берді. Міне, осындай кешегі дәуірдің келеңсіз, кертартпа саясатының салдарынан Саймасай Үшкемпірұлы сияқты тұлғаларымыз көленке тұста қалып қойды. Дегенмен де, көленке түскен жерге де күннің шуағы тиеді екен. Біздер теріс танып оқыған бабаларымызды біздің ұрпақтарымыз мақтан тұтып, атағын асқақтатып, есімін қастерлеп өтетіні сөзсіз. Саймасай Үшкемпірұлы атамыздың да ел ішіне қайта оралып, рухани өміріміздің сарқылмас қазынасына айналуының өзі өшкеніміздің жанғанының айқын белгісі.

Саймасай Үшкемпірұлының өмір тарихынан қысқаша айтып өтер болсақ, 1862 жылы қазіргі Құлжа жолы бойындағы Бәйтерек (Алексеевка), Ават, Жаңашар, Александровка (бұл күні Саймасай атымен аталатын ауыл) ауылдарынан төмен Іле өзеніне қарай сырғанай құлап, сынғырлап ағып жатқан асау Талғар, Бесағаш, Қаным мен Есік өзендері Саймасай болыстың туып-өскен, топырағын басып, суын кешкен қасиетті ата қонысы. Дәл қазіргі танда сол табиғат сұлулығының айқын көрінісіне айналған. Алатаудың сілемдері мен жоғарыда атап өткен түрлі өзендерге тіл бітсе, Саймасай Үшкемпірұлы жайлы бұдан да бай, ұлағатты мұраларға қолымыз жеткен болар еді. Өткенімізге тәубе, бұл күнімізге шкірлік қылайық. Әйтпесе бірде-бір мұрағатта сақталмай, ізім-ғайып жоғалып кетсе, ірі тұлға Саймасай бейнесі кешегі бай-кедейдің заманындағы кедей-кепшікті зар қақсатып, ақ патшаның сойылына айналған күйінде қалатын ба еді.

Ұрпақтары бүгінгідей бір ауылға есімін бермек түгілі есіне алмайтын еді-ау. Иншалла, баба алдындағы қарызымыз қайтарылып, борышымыз өтеліп жатыр.

Болар баланы бесігіндегі бұлқынысынан байқаған Саймасайдың әкесі Үшкемпір Алтыұлы зейінді де зерек баласын Верный қаласында ашылған орыс гимназиясына оқуға берді. Әке үмітін ақтаған ол аталмыш оқу орнын1879 жылы үздік бағамен бітірді. Сол заманда "қазақ" деген атымыздың орнынан "киргизия" деген жанама атпен аталып жүрген тұста орыс гимназиясын жоғары дәрежеде аяқтаған қадірлі қазақтың бірі бола білді. Арада бір жыл өткенде яғни 1880 жылы өзінің дарындылығымен, халыққа сыйлы беделімен, сабырлы да сыпайы қабілетінің арқасында сайлауға түскен бәсекелестерден ок бойы озып шығып, Есік, Талғар еліне болыс болып сайланады.



Бұл кезде Саймасай Үшкемпіруұлы небары 18 жаста болатын. Көне көз қариялардан бізге жеткені Саймасай ұзын бойлы, қызыл шырайлы, жауырыны кең, нағыз ел ағасындай алып тұлғаның бірі болған екен. Саймасай Үшкемпіруұлы 1880 жылдан, 1904 жылға дейін қатарынан жиырма төрт жыл болыстықтың тізгінін қолына алып, елін басқарды. Осы тұстарда болыс – сол өңірдің экономикасын, мәдениетін, әдет-ғұрпының дамуына орасан үлес қосқан жан. "Халық айтса, қалпы айтпайды" деген ғой. Ауыл ақсақалдарының бірінен біріне өтіп, осы күнге дейін Саймасай болыс жайлы әр түрлі жақсы сөздер сақталған. Ел аузындағы "Балдай тәтті сөзімен ел-жұртты сусындатқан, сәуірдің бұлтын Алатауға әкеліп құлындатқан қасиетті адам" дегеннің өзі "Жақсының аты өлмейді" деп бабаларымыз айтқан нақыл сөздің анық иесі екенін көрсетпей ме. Тарихтың ақтаңдақ бетінен аршып, ақиқатын айтып отырған Саймасай Үшкемпіруұлы қазақ үшін, жері мен суы, жайлауы мен қыстау қонысы үшін мемлекеттер мен яғни жерімізге қызыға да қызғана қараған басқа елдермен дипломатиялық қатынас жасап, кейбір тұстары айқасып өткен жан екенін енді-енді естіп біліп жатырмыз. Саймасай аманболыстың Жетісу өңірінің ең шұрайлы қонысының бірі Ойжайлау мен Дөңжайлауды жатжұрттың билеп-төстеуіне жол бермей біртұтас күйінде ұрпаққа мұра етіп, аман сақтап қалу үшін Верный қаласындағы оязбен де, көршілес қырғыз елімен де

тіл табыса отырып, дипломатиялық келісім шартпен кандай да дау-дамайды тура шешетін тура би атанған адам. Оязбен де, басқамен де тең дәрежедегі Саймасай Үшкемпірұлы бақталастарының көре алмаушылығынан 1904 жылдың күзінде тура 42 жасында Түрген шатқалының бойындағы Қараш деген жерде ту сыртынан атылған оқтың құрбаны болады. Жоғарыдағы атап өткен ұлы жазушы М.Әуезов пен жазушы Ш. Мұртазаның өз кейіпкерін (Саймасай – Жарасбай) Қараш-қараш тауында оққа ұшыруы да дерексіз емес. Ұрпақтары Саймасай Үшкемпірұлын Құлжа тас жолынан 8 шақырым төмен Қойшыбек ауылы маңында Қанымсайдың бойындағы күншығыс тұмсықтағы жотаға жерлеген, өз заманында басына көк-жасыл, бағалы тастан құлпытас қойылған екен. Соғыс кезінде 1943 жылдар шамасында ол бұзылып, ағашы мен қымбат көк тасы қолды болып кетіпті. Дегенмен де ел-жұрты, ұрпақтары сол қорымды Саймасай бейіті деп өткен-кеткенде тәу етіп, бетін сипап дұға қылып жүрген. Уақыт өте келе жаңа заман басталып, жаңа ғасырдың босағасын аттаған ұрпақтары бабаларының рухы мен қайта қауышты. Сөйтіп 2002 жылы сол кездегі Александровкка селосына Саймасай атын беріп, ол аймақ Саймасай селолық округі деп аталуда. Ал келесі 2007 жылы Саймасай Үшкемпірұлының туғанына 145 жыл толғалы отыр. Осыған орай ел басқарудағы ерекшелігі мен, ерлік істерін ұрпақтары мәңгі есте қалдыру үшін үстіміздегі жылы мемориял кешенін салуды қолға алған болатын. Атап айтар болсақ, кешенді Саймасай болыстың ұрпақтарының бірі Өмірәлиевтер әулеті бастап, аяқтап шықты. "Өлі разы болмай, тірі байымайды" десек, бабалар алдында осындай игі істердің атқарылуы перзенттік борышымыздың өтелуінің белгісі деп ұққанымыз жөн.

"Жетісу" газеті. 11.11. 06.

ТАУ ҚҰДІРЕТ АТАНҒАН АҚЫН

Тайманов Орынбай туралы академик Серік Қирабаев өзінің "Айтыс – асыл қазына" ("Егемен Қазақстан", 2003 жылғы 18 наурыз) атты көлемді мақаласында халқымыздың ежелгі мұрасының бірі ақындар айтысы екендігіне ерекше назар аударып, қазақтың аса көрнекті ақыны Орынбай Таймановтың есімін айрықша атайды. Қазақстанның халық жазушысы, ұлы ақындарымыздың бірі Әбділда Тәжібаев: "Мен атақты Орынбай ақынның 125 жылдық тойын басқаратын республикалық комиссияның төрағасы бола тұрып, ақынның өз ауылында өтетін сол тойға денсаулық себебінен қатыса алмайтыныма қатты өкінемін. Бірақ мен жаныммен, барлық ынта-ықыласыммен данқты ақынның атын аспанға көтеріп, оның өлмес жырларын барлық дауыспен қосылып айтып жатқан қуанышты халықпен біргемін", – деп жазды. ("Алғабас" газеті, 1990 жылғы 10 қазан).

Орынбайды қашанда ұлағатты ұстаз тұтқан Нартай Бекежанов былай деген екен:

Орынбай – озған акын талай елден,
Шашасын шаң шалмастан асқан белден.
Төккен жыры сәуірдің нөсеріндей,
Бұлтқа үнін қосқан асқақ желмен.

Ағызып жыр бұлағын қайнатқанда,
Қарқыны кем болмаған аққан селден.
Сығалап құралайды көзге ататын,
Атақты айтар сөзге бұл сұрмерген.

Отырсың саясында көріп рахат,
Дарағың көктеп шығып еккен жерден.
Тойына қызмет етіп берейін деп,
Жан көке, әдейі арнап келдім елден.



Тайманов Орынбай

Және бір шәкірті Қазанғап Байболов:

"Еліңе он төрт жаста шықты даңқың,
"Бозторғай", "Байыс бала" боп лақабын.
Талабың жиырмада топты жарып,
Отызда өрен жүйрік боп атандың", – дейді.

Орынбай Тайманов Сырдария уәлаяты, Шымкент уезі Боралдай болысындағы Боралдай өзенінің бойында 1865 (мүмкін, 1866 немесе 1867 жылы) дүниеге келген. Орынбай ақынның туылған жылы туралы әр түрлі пікірлер мен фактілер бар. Қазақ совет энциклопедиясында да,"Советтік Қазақстан жазушылары" деген кітапта да мүлде қате жазылған. Әбділда Тәжібаевтың жоғарыда келтірілген хатына және сол 1990 жылғы күз айларындағы республикалық "Егемен Қазақстан", "Алматы ақшамы", облыстық "Оңтүстік Қазақстан", аудандық "Алғабас" газеттерінде жарияланған мақалаларға қарағанда, Орынбай Тайманов 1865 жылы туылған сияқты. Ал, белгілі журналист-зерттеуші Д.Дүйсенбаев: "1867 жылы сәуірде дүниеге келді", – деп жазады. Журналистер С.Дәулетбайұлы мен М.Анарбеков 1930-40 жылдардағы "Оңтүстік Қазақстан" газетінің нөмірлеріне сүйене отырып, 1866 жылы туған деп дәлелдейді. Олар 1936 жылғы бір өлеңінде Орекеңнің: "Жетпіске келіп отырып, Өзім де жастық тұстамын" дегенін дәлел ретінде тартады. Сол журналистер келтіргендей, 1939 жылғы

23 мамырдағы газетте: "Белгілі сұңқар құстарың, Халық ақыны Орынбай, Дәл биыл жетпіс үштемін", – деген екен. Зерттеуші ғалым Құралбек Ергөбеков: "Орынбай ақынның өзі белгілі бір жырында қоян жылғы екенін айтады, олай болса, 1867 жылы туылған", – дейді. Қалай болғанда да, Орекең сол 1865, 1866, 1867 жылдардың бірінде дүниеге келген.

Орынбай ақын – Жаныстан тарайтын Байыстың Қараман бұтағынан өсіп-өнген ұрпақ. Тоғыз жасында әруақтар аян беріп: "Балам, көген аласың ба, өлең аласың ба?" – дейді. Орынбай: "Өлең аламын!" – деп қуана оянады. Алты жасынан молдадан оқып, сауат ашқан. Он екі жасынан әнші, күйші бала, он төрт жасынан ақын атанады.

Айтулы ғалым Нысанбек Төреқұловтың зерттеуінше, он сегіз жасында атақты Құлманбет ақынмен айтысады. Оған Майкөт, Сауытбек, Зұлпыхар, Келімбет ақындар куә болған. Құланаян Құлманбет пен Орынбай ақын екеуі ұзақ тартысады. Ірі, егде ақын да, жас ақын да жұртқа қатты ұнап, екеуі тең түсіп, тең сыйлыққа ие болады. Содан кейін-ақ Орынбайдың аты қалың елге жайылады. Көптеген ақындармен айтысады. Сүйінбай, Майкөт, Құлманбет, Майлықожа, Бақтыбай, Жамбыл, Шашубай сынды дүлдүлдер мен кездесіп, олардың бірқатарымен жыр додасына да түсті. Ол Қазан төңкерісіне дейін көптеген атақты айтыстарға, ұлы сайыстарға қатысып, көпшілігінде бәйгеден озып шығып отырды. Әлеуметтік салмағы әлуетті, тілі құнарлы да өткір өлең-жырлар, әсем әндер мен күйлер, ұзақ та қызғылықты дастандар шығарды.

Өкінішке қарай, артында іздер-сұрары, перзенті қалмағандықтан, інжу-маржан жырларының көбі сақталмаған. Архивінде жатқан дүниелерді әлдебіреулер алып кетіп, қайтармай қойғаны белгілі. Табылған біраз жырлары 1990 жылы жеке жинақ болып шықты. Майлықожамен айтысы "Домалақ Ана" журналында жарияланды. Өзге мұралары іздестірілуде. Ұлы Жамбыл Орынбайды "Таукүлірет" деп атаған. 1903 жылы Орынбай ақын Жетісу жерінде үлкен айтыстарға қатысып, бәйгеге, тарту-таралғыға алған 57 жылқыны айдап қайтып, Домалақ ана кесенесін салдырған. Кейін Кеңес өкіметі тұсында шолақ белсенділер Орынбай ақын салдырған әулие ана кесенесін бұздырып, талқандап, үй-жайларға, мал қорасына, пештерге пайдаланады. Алайда, олардың ақыры қиындап кеткені де белгілі жағдай.

Орекен түрікмен, өзбек жерлерінде де болған. Кеңес тұсында кенет жиырма жылдай өлең айтпай, айтысқа қатыспай, кейбір орынсыз, әділетсіз өзгерістерге іштей қарсылық білдіреді. Оның үстіне он үш жастағы жалғыз ұлын қаскөй біреулер өлтіріп кетеді. Бұл да ақынға аса ауыр соғады.

Тек 1934 жылы ақындық сапқа қайта қосылады. Мәскеудегі онкүндікке Жамбыл, Нүрпейістермен қатар қатысады. 1943 жылғы республикалық айтыста бас жүлдені жеңіп алады.

Орынбай өзінен кейінгі Нартай Бекежанов, Қазанғап Байболов, Келімбет Сергазиев, Белгібай Бектұрғанов, Айнабек Нысанов т.б. айтыс ақындарына ұлағатты ұстаз болды.

Жүнісбекұлы Сейдалы ақсақалдың айтуынша, Орынбай Қажымұқанмен үзеңгі жолдас, дос болған. Бірі палуан, бір ақын ретінде талай жерді бірге аралаған. Сол Сейдалы ақсақал: "1947 жылы Орекең үш күн жатып, дүниеден озды. Қажымұқан: "Қатарым-ау, сырласым-ау", – деп дауыс салып келді. Оған қосылып жұрттың бәрі жылаған", – деп еске алады.

ДҮЙСЕБАЙ ҚАЖЫДАН ҚАЛҒАН МҰРА

ДҮЙСЕБАЙ (қажы) ШУМАНАҚҰЛЫ – Жолсейіттің Әлмембет атасынан. Шамамен 1855 жылы туған, 1920 жылдардың орта тұсында қайтыс болған. Өмірі Талғар ауданының аумағында – қазіргі Шилікемер маңында өткен. Ол ауыл бұрындары Әлмәмбет ауылы аталады екен. Ел ішінде «алпыс үйлі Әлмәмбетті ел қылған Дүйсебай қажы» деген сөз қалғанына қарағанда, бір атаның иесі іспетті болған сияқты. Өз заманы үшін жақсы сауаты бар, бүкіл Жетісуға аты мәшһүр кісі болған көрінеді. Ол жасы елу сегізге келгенде, қажылық сапарға аттануды ойластырады. Шамамен, бұл 1913 жыл болса керек. Сапарға шығар алдында Жетісудың барша игі жақсыларымен қоштасып, 100 беттен астам ұзақ өлең жазады. Ол қолжазба мемлекеттік мұрағаттың сирек қорында сақталған екен, оны 1999 жылы «Шапағат-Нұр» деп аталатын баспа «Қажы сапары» деген атпен жеке кітәп етіп басып шығарыпты. Мұнда Дүйсебай қажы 527 адамның атын атап қоштаскан, солардың ішінде бүгінгі күні де есімі бізге мәлім Саймасай, Сәт, Мәнке, Кебекбай, Жайнақ. Ноғайбай, Тәкен сал, Еркебай, Алғадай, Құтым секілді билер мен болыстар, аукатты адамдар бар. Егер бұлардың мекен-тұрағын атап өтсек, бір шеті сонау Пішпектен тартып, Қордай, Ұзынағаш, Қаскелең, Күрті, Балқаш, Алматы, Талғар, Түрген, Шелек, Жаңа Іле, Сөгеті, Кеген, Нарынқол т.б. болып жалғаса береді. Соған қарағанда, Дүйсебай қажының аралас-құралас игі жақсылары тым мол болған сияқты. Бұл – оның өз заманында аса беделді, үлкен қайраткер адам болғанының көрсеткіші деп білем. Қажылық сапардан аман-есен 1914 жылы оралып, 1915 жылы «Дүйсебай тоғаны» аталған бөгет салады. Бұл тоған 70-80 жыл бойына халық қажетіне жарап келген. Демек, Дүйсекең елдің бетін отырықшылыққа, егіншілікке бұрған. Әрине, дәулетті кісі болған. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында оны қажы деп, бай деп кудалауы тегін емес.Төленбай деген баласы тіпті Саратовқа жер аударылыпты. Негізі, қажының бес баласы болған көрінеді. Олардың үшеуінің есімі белгілі: Ибраһим, Төленбай, Төлеубай. Осы үшеудің біреуінен Кенепбай (Кененбай) деген бір ұл қалған көрінеді. Өзге үрім-бұтағы бар-жоғы белгісіз.

Біз аталмыш кітәптен Жаныс ұрпағы саналатын кісілерге қатысты шумақтарды теріп алып, жариялауды жөн көрдік. Олардың негізгі көпшілігі – байыстар. Белгілі есімдер қатарында бұл кісілердің аттары да аталғаны дұрыс деп есептейміз. Бәлкім, бүгінгі көзі тірі ұрпақтары өз бабаларын таныр, мақтанышпен еске алар. Танымай жатса, сұрастырып білер. Қалай болғанда да, өз тұсында жалпақ жұртқа белгілі болған кісілер ғой олар да. Байыс баба ұрпақтары түгенделіп жатқан шақта, қолымызда бар бұл мәліметті жарияламау жөн болмас. Белгілі есімдер қатарында аталып, солардың ішінде бірге тұрсын. Бұл әруаққа жасаған құрметіміз болмақ.

Тағы бір айта кетер жәйт мынау: біз теріп алған кейбір шумақтардың ішінде Байысқа кірмейтін Жетісулық Жайылмыс ағайындарының жекелеген өкілдері аталады. Ондай шумақтардың ұйқасы мен ырғағы бұзылмас үшін, оларды қиып тастап отыру дұрыс болмас деп шештік. Олар жұлдызшамен белгіленді.

Сонымен қатар және бір айтарымыз – Дүйсебай қажының әкесінің есімі кітәпте «Шоманақ» деп жазылыпты, оны «Шуманақ» деп түзеттік.

Марал Ысқақбай.

ДҮЙСЕБАЙ ҚАЖЫ ШУМАНАҚҰЛЫНЫҢ «ҚАЖЫ САПАРЫ» ТОЛҒАУЫНАН ҮЗІНДІ

Өсиет тыңдағанға Дүйсебайдан
Талап қып баруменен жақсы жәйдан.
Баласы мұсылманның азаматтар,
Тілей көр қабыл ет деп бір Құдайдан.

Қалады білген ерге жақсыдан нәм,
Баласы адамзаттың сүт емген ғам.
Аллаһ деп күнбатысқа қадам қойдық,
Құдайым Байтолладан бұйыртқай дәм.

Алдымен қош айтамын Алматы елі,
Деуші едің Ыдырысты елдің белі.
Байбосын, Киікбай, Мәди үшеуіңіз
Қария деп айтып жүр әркім сені.

Аман бол, Назарбай,Тума, Бәкен, Сайбек
Дүйсебай талап қылды бір Құдай деп.
Сыдық пен Зәйімбекке сәлем айтгым,
Дұғада болыңыздар естіген көп.

Аман бол, Сәрсенбай, Қали, Тойғұлы, Нака,
Ісіне дүниенің болма қапа.
Пенде қайдан табады ахиретті
Алла деп мықынат көріп тартпай жапа.

Аман бол, Қайшыбек пен Қазыбегім,
Асылбек, Қазанқап, Нұр, Қойлыбегім.
Тигізе айтып атынды жаза алмаспын,
Жалпақ Байыс бәріңе сәлем дегін.

Аман бол, Әбдіхалық, Алмасайым,
Бола гөр Сатанбай, Тәкіш, Әліпбайым.
Байыстың атқа мінген баласына,
Тапсырып жұрттын қамын айтқан жәйім.

Екеуің би боп жүрсің, Ағытай, Малай,
Заманың бұрынғыдай әлде қалай.
Ынтымақты болмасаң заман жаман,
Бәріңе сәлем айттым өң бозбала-ай.

Дулаттың баласы еді Сатыпалды,
Қонысы Байыс болып жатып алды.

Екі ауыл шала қазақ жолдасы бар,
Аман бол, Әбдіхалық, Алмасайым.

Ғапсәмет, Ғалиаскар, Ораз көсе,
Мұсахан тартынбай тұр ақша десе.
Бұрыннан үйіп жатқан байғұс еді,
Айта көр бұзылма деп сізге келсе.

Аман бол, Қабыланбай, Боққөт, Қыстау,
Малай, Жолсайда бола алмадық ізден талай.
Түбінді ойлағанда бәрің Байыс,
Аман бол, Кенжебайдан тірі Жанай.

Бекболат, Бөжентоға қария болдың,
Бәрін де байқап көрдің он мен солдың.
Қол қашса туға тоқтар деген сөз бар,
Бұзбасаң нысанасын ескі жолдың.

Сәт батыр не жазды екен ағасына,
Дұшпанның қалып тұрмыз табасына.
Бұл Жантуға қария боп қалдыңыз,
Ер Бекболат, істі сал сабасына.

Аман бол, Жұмаш, Кенбай, Жүнісбегім,
Қалыбай, Хасен, Қасымбек, Есімбегім.
Сәт батырдың ермегін қолына бер,
Бекемді қария болып тұрсын дегін.

Аман бол, Көшебай, Ахмет, Моллахмет,
Жолдасқа шамаң келсе жақсылық ет.
Ашамайдан бірге өскен жолдасың бар,
Тойған жерге кетіп қап болмаңыз шет.

Аман бол, Әбдолла інім Дүйсебек пен,
Әр уақыт жарамайды қолдан кеткен.
Біріңнен бірің өссең ештеңе емес,
Дағды болып кетпесін шетке кеткен.

Аман бол, Тастемір би, Сатылған, Мамай молла,
Құдайым жеткізе көр осы жолға.
Азырақ дағды болып шетке кеткен
Жүрмесін, байқасаңыз, келмей қолға.

Аман бол, Шахмұхаммед – жастан досым,
Бірге еді Сары Үйсінмен бұрын қосың.

Үйір болып қаларсың бәрің Дулат,
Болып тұр жайылым сыйың әзір тосын.

Аман бол, Алпысбай мен Мәлібегім,
Орыс пен мұсылманға мағұлым едің.
Екеуің тым қартайып осы уақта,
Азу шалып ақылды танып едің.

Төрт арыс Жолсейіттің баласы едің,
Ешкімнен биік емес аласа едің.
Аз да болса Құдайым бақыт берген,
Көппенен абыройға талас едің.

Бөгембай Кенжетайдан туып едің,
Қара тілге алашты буып едің.
Есімбет - Жанақ баласы бәйбішенің,
Әлмәмбет Кенжебайдан тоқалға жуық едің.

Ысмаил әділетке еді жуық,
Исам байып жетілдің, міне тойып.
Ер еді бақытты сол көтеріп тұр,
Алды-артын осы күні тұрмыз буып.

Қартайып Мәлібегім шөгіп жатыр,
Жатса да тентектерін сөгіп жатыр.
Бақты сол Мөңке хажы көтеріп жүр,
Балалары екі жақтан төгіп жатыр.

Аман бол, Тілеубай мен Байғұлағы,
Жолсейіт баласы үшін қайғырады.
Қартайдың бір ықтар боп қайтқан құстай,
Балаларының мінезі айнымалы.

Аман бол, Аманжол молла, Қаликұлым,
Ойының көп жігіт ең бұлың-бұлың.
Жүністі ақша көп деп би қып алдың,
Айнақұл шауып жүріп көрмей тыным.

Мұса би мен аман бол Жаманқара,
Халқым қолдан кетті деп жамандама.
Ағайыннан жар жолдас қосып алып,
Байталаска ие бол амалда да.

Аман бол, Түлекбай мен Ділдәбайым,
Сәрсенбайым, жүруші ең баладайын.

Баласы Жолсейіттің жалпы аман бол,
Мен енді алды-артыма қарамаймын.

Аман бол, Кәдірбай, Есбол, Кәрібай батыр,
Ойланыз, дүние өтіп бара жатыр.
Қылышбек, Тұрлыбек, Ыскақ, Айдарбайым,
Дүние сізге жолдас болмайды ақыр.

Аман бол, Қыдыркелді, Балғабекпен,
Құдай жазбай ер екі болмайды еппен.
Балғабек, қария болып аман болсаң,
Жүре-жүре көрерсің талай көппен.

Аман бол, Дәулетбар мен Дәулеткелді,
Кісі еді Жолсейіт те атаң белді.
Құдайым мұнан былай топты оңдасын,
Жолсейіт ел едің-ау бұрын жалды.

Аман бол, Тоқберген мен Сіргебай ағам,
Шәріпбай, Шаяхмет айттым саған.
Шынтемір мен Алмабек, досым Шуаш,
Бәріңізге сәлемді айттым тәмам.

Аман бол, Тоқтарбай мен Сексенбай бай,
Мүлкінен бұл дүниенің көңілсіз жәй.
Малменен жетілдім деп ойлай берме,
Дүние өтіп кетер ішкен шәйдай.

Аман бол, Көпжасар, қайран шалым,
Болмасын жүннен басқа мейірбаның.
Өлгенше жүн-жұқамен оранып жат,
Өлген соң құп тамаша көрер жаның.

Аман бол, інім едің Изенбайым,
Дүниасы ағаларың болды дайын.
Талай бай Жолсейіттен адам өткен,
Айтыңыз осыларға мұның жәйін.

Аман бол, Әтей менен Жасыбай, Самақ
Бала едің, Самақ інім ашық қабақ.
Әр жерінен Жолсейіт қажы шыққа,
Ойлаймын болар ма деп бұл да сабақ.

Аман бол, жақын едің, Досымбайым,
Ағаң ниет ойлады осындайын.

Жылқың көп болған сайын жуан тартып,
Мінезің боп барады тосындайын.

Аман бол, Байсейітім, Қосақбайым,
Әр сөзге сіздерді де қосақтайын.
Ажалына сабыр бер Құдай тағала,
Маңайының жауы бар, ұшықтайын.

Аман бол, Сатай ұлы - Есім Жарты,
Жартының бұрынғыдан қалған арты.
Ыстыдан ыстық жаққа ауа көшкен
Есіңе ал Әжмағамбет, Байтуғанды.

Ниязымбет, Әжімбет кеткен тартып,
Бүгінгі естілерден бағасы артық.
Дәулетбек, Сіз де қария боп қалдыңыз,
Ат басын тартыңыз деп айтам тәртіп.

Сәлем айттым Сейіт пен Шалдыбекке,
Нұри - тарбақ жүрмей жүр сіздің епке.
Естігенің бәрін де дұғада бол,
Дүйсебай түсіп кетті мұндай кепке.

Аман бол, Шалымбет хажы, Аман молла,
Ысмағұл мен Көпжасар келсе қолға.
Балаларының мінезі ә лде қандай,
Дүйсебай түсіп кетті осы жолға.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН ОРАЛМАҒАНДАР

1. Ағабайұлы Оспан
2. Ахметұлы Құдайберген
3. Ахметұлы Несіпбай
4. Әбітайұлы Сламхан
5. Әдібайұлы Әмірбек
6. Әйтімбетұлы Байқазы
7. Әйтімбетұлы Қазыбай
8. Базарбекұлы Бейсек
9. Байбалаұлы Мақұлбек
10. Байжігітұлы Мәмбет
11. Байжігітұлы Шынәлі
12. Байшымырұлы Тезекбай
13. Баққарыұлы Базарбек
14. Бақтайұлы Төлеміс
15. Баутайұлы Лесбек
16. Бегалыұлы Парымбет
17. Бейсенұлы Рысдәулет
18. Бекқұлыұлы Ағабек
19. Бектұрыұлы Қоныс
20. Бектұрыұлы Жүніс
21. Бектұрғанұлы Әмірбек
22. Белгібайұлы Сапар
23. Битуарұлы Сыйлыбай
24. Боранбайұлы Тұяқбай
25. Досмағамбетұлы Серібай
26. Досмағамбетұлы Шопа
27. Дүйсенбекұлы Рысқұлбек
28. Дулауұлы Нышанбай
29. Егізекұлы Атанқожа
30. Егізекұлы Қалдыбек
31. Есботаұлы Көпбай
32. Есботаұлы Ісетай
33. Есембайұлы Досалы
34. Есенбайұлы Әбдіхан
35. Есенкелдіұлы Төлебек
36. Есенкелдіұлы Жұмаділ
37. Еркінбайұлы Егізбай
38. Ерменбетұлы Сырымбет
39. Жанқарашұлы Көмекбай
40. Жамалбайұлы Сапарқұл
41. Жолдасбеков Иманбек
42. Жорабайұлы Дастан
43. Жұбайұлы Әбдіәлім
44. Жұмабекұлы Асан

45. Жұмабекұлы Асантай
46. Жұмашұлы Рақымбек
47. Жұманұлы Дүйсенбай
48. Жүзжасарұлы Әзім
49. Жүзжасарұлы Сәтбай
50. Жүзжасарұлы Тасбау
51. Жылқыбайұлы Әбдіжаппар
52. Исақұлы Саймасай
53. Иманбекұлы Жұмабай
54. Иманқұлұлы Сыдықбек
55. Кемелұлы Қалдыбек
56. Көмекбайұлы Рымбек
57. Күдербайұлы Нұрахан
58. Құленұлы Мылтықбай
59. Қаратайұлы Омар
60. Қашағанұлы Байшымыр
61. Құласбекұлы Бекбау
62. Құралбайұлы Бағжан
63. Құралбайұлы Пернебай
64. Қойлыбайұлы Сатылбек
65. Қонысбайұлы Қалымбет
66. Қозыбақұлы Әбді
67. Қозыбақұлы Достан
68. Қыдырәліұлы Елемес
69. Мархабайұлы Сембай
70. Масаұлы Есей
71. Мамытұлы Досалы
72. Мәмбеткұлұлы Сембай
73. Мәмбеткұлұлы Омар
74. Мендібайұлы Құдайберген
75. Мендібайұлы Сембай
76. Өскенбайұлы Ақыл
77. Өскенбайұлы Болатбек
78. Өскенбайұлы Жалал
79. Өтегенұлы Байқоңыр
80. Өтелұлы Нұржау
81. Өтенұлы Ағабек
82. Райымбердіұлы Үсіп
83. Сағындықұлы Молдақұл
84. Сағындықұлы Оралбай
85. Сәрсенбайұлы Алтынбек
86. Сәрсенбекұлы Сарыбек
87. Сәрсенбекұлы Серікбек
88. Сәрсенұлы Аманбай
89. Сәрсенұлы Әбдірәсіл
90. Сәрсенұлы Шымырбай

91. Сегізбайұлы Қонақбай
92. Сексенбайұлы Алтынбек
93. Серкебайұлы Баутай
94. Станбекұлы Аралбек
95. Сүлейұлы Смайыл
96. Тасқынұлы Кенжебай
97. Ташқараұлы Рсалы
98. Талғарбайұлы Сиязбай
99. Тәшпенбетұлы Тұрлыбай
100. Текеұлы Сәрсенбек
101. Тілешұлы Малтай
102. Тоғызбайұлы Әбдіқұл
103. Тоғызбайұлы Жұмақұл
104. Тойымбетұлы Жолтай
105. Тоқайұлы Мұрат
106. Тоқбергенұлы Сәрсен
107. Тоқымбайұлы Әмір
108. Толыбайұлы Аянберген
109. Торланбайұлы Назарбек
110. Төлегенұлы Әбілдаш
111. Төлеуұлы Тәріпбай
112. Туғанбайұлы Асан
113. Туғанбайұлы Сламхан
114. Тұрғынбайұлы Өміртай
115. Тұрлыбайұлы Сырымбет
116. Тұрапбайұлы Исақ
117. Тұрапбайұлы Смайыл
118. Тұрапбайұлы Пістебай
119. Тұрсынбайұлы Үсіпәлі
120. Тұрсынбайұлы Қамбарбек
121. Тұрсынқұлұлы Әбді
122. Тұқтібайұлы Керімқұл
123. Үкіұлы Байдәулен
124. Шалданбайұлы Керімбай
125. Шыршықбайұлы Орынтай
126. Шорманұлы Ербай
127. Шорманұлы Көлбай
128. Шәжеұлы Пернеш

Ескерту: Тізімге боздақтардың тек бір бөлігі ғана енген. Қалғандарын жинауға мүмкіндік болмады.

ЖЕТІСУ БАЙЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

2000 жылы Т.Садуақасовтың «Назарбай би және туған өлке тарихы» атты кітабы жарық көрген еді. Сонда жарияланған мұрағат материалдарынан біздің зерттеу нысанамызға қатысы бар деректерді де ұсына кеткенді жөн көрдік. Ол кітаптың бір ірі тарауы «Үлкен ордадағы 1865 жылдарғы болыстардың құрамы» деп аталады.

Сондағы дерек бойынша Жаныс Байыстың болысы Базыл Туғанбаевтың қарамағындағы түтіндер саны былайша кәрсетілген:

Жолсейіт Есенбет - 100 түтін, старшыны Ысмайыл Ұрмақаев.
Жолсейіт Жанақ - 100 түтін, старшыны Тарпаң Бітіков.
Жолсейіт Қапал - 65 түтін, старшыны Самық Сегізбаев.
Жарты Маңғытай - 100 түтін, старшыны Мұқа Тәлендиев.
Жарты Өстемір - 100 түтін, старшыны Асаубай Кенесбаев.
Жарты Байқабыл - 100 түтін, старшыны Әліке Әдеев.
Жарты Сүйер - 100 түтін, старшыны Саманбай Ералин.
Жарты Өтеміс- 57 түтін, старшыны Шыңғысбек Тақаев.
Жарты Шыбынтай-Қазымбет - 100 түтін, старшыны Қажыке Туғанбаев.
Жиыны - 760 түтін.

Екінші деректе (Жаныс Қыбырай бұтағымен бірге): Жайнақ - 60, Есімбет - 35, Кенжебай - 35, Әлмембет - 25, Шыбынтай - 40, Қапал - 55, Пұшық - 55, Базаргелді - 45, Таңат - 45, Өтеген, Сүйер -35, Армамбет - 105, Қараман - 30, Бектемір - 65, Қосқұлақ -62, Оразымбет -30, Масақбай - 40, Нұрымбет - 65, барлығы 827 түтін деп көрсетілген (138 бет).

Ал 1868 жылғы «Алатау аймағының ел ағалары және елдің құрылымы» деп аталатын деректерде мынадай мәлімет бар:

Жаныс Байыстың болысы - Бәзіл Туғанбаев, кандидаты - Өмірәлі Айдаров.

Старшындар:	Билер:	Түтіні:
1. Қатабек Қозыбаев	Манақ Сәбденов	224
2. Атабай Әлденбаев	Шоқан Әлин	241
3. Әлеке Адаев	Тәйті Ілебаев	230
4. Рысбай Жолдыбаев	Соқыр Төртқарин	150
5. Сергазы Айдаров	Абайілда Мәмбетов	279
6. Кәшке Әкішев	Кешубай Байарыстанов	201
7. Қараш Текебаев	Тоқтар Ералин	283
8. Бапа Қожанов	Тайғұлы Сәуірбаев	200
9. Мүйіз Қантуғов	жоқ	200

Осы мәліметтердің соңында қосымша тағы мынадай дерек беріліпті: Жаныс: Шыбынтай - Қазымбет - 214, Өтеген - 20, Қалқан - 20, Таңат - 20, Ақмағамбет - 230, Сүйер - 20, Базаркелді - 70, Өтеміс - 50, Пұшық - 50, Жолсейіт -100. (156-157 беттер).

Енді «Алатау округінің құрметті қазақтары» деген тарауда:

Жаныс Туғанбай Қойгелдин, 1848 жылдан қызметте. 1855 жылы 20 қыркүйекте прапорщик шенін алған, мойынға ілетін Анна лентасындағы алтын медалі, «1853-1856ж.» қола медалі бар;

Жаныс Базыл Туғанбаев «Ерлігі үшін» үлкен алтын медалі, Анна лентасындағы үлкен алтын медалі бар;

Жаныс Байсуаннан Ысмайыл Ұрмаков, Тарпаң Батықов (жоғарыда Бітіков деп берілген), Мұха Төлендиев, Асубай Кілешбаев, Әліш Адаев, Саманбай Ералин, Шыңғысбай Тақаевтардың есімі көрсетілген, бірақ бұлар марапат алмаған сияқты. Тек Қажыке Түгенбаевтың «Ерлігі үшін» кіші күміс медалі бар екен.(169,171 беттер).

Жетісу жеріндегі Байыс бабаның бүтінгі таңда өсіп-өркендеген ұрпақтарының Алматы облысы Талғар ауданындағы жиын орналасқан мекендері - Жаңашар, Туғанбай, Нұра, Жетіген, Қызыл Қайрат ауылдары; Еңбекші қазақ ауданындағы жиын орналасқан мекендері - Қыр-Балтабай, Өрнек, Екпінді ауылдары; Қарасай ауданындағы жиын орналасқан мекендері - Қошмамбет, Жамбыл ауылдары; Іле ауданындағы жиын орналасқан мекендері - Қараой, Жәпек батыр (бұрынғы 12 декабрь), Байсерке ауылдары, т.б. Сондай-ақ, Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Кеңес ауылында да Байыстар тұрады. Құлан, Бауыржан Момышұлы елді мекендерінде тұрады. Бірақ деректері қолымызға түспеді.

III БӨЛІМ

АТАҚОНЫС

Жаныс Байыстардың ежелден құт-мекені болған Түлкібас ауданының халқына, жеріне, табиғатына, тарихына қысқаша сипаттама

Түлкібас ауданы еліміздің Оңтүстік Қазақстан облысының шығыс бөлігінде орналасқан. Ол солтүстігі мен шығыс жағында Жамбыл облысымен, Қаратаудың су айырық жотасымен, батысында Қаратаудан оңтүстік батысқа ағатын Қарауңгір мен Сарыбұлақ өзендерінің арнасымен шектеседі. Бұл жақтағы көршіміз Бәйдібек ауданы (Бұрынғы Шаян), Оңтүстік батыста Сайрам ауданы мен шектесеміз. Шекара тау алды жазығы арқылы өтеді. Ал Оңтүстікте шекара Төлеби ауданымен шектесіп, Жабағылы тау жотасымен өтеді. Аудан аумағы 69040-705013 шығыс бойлықта, 4220-425005 Солтүстік ендік арасындағы координатта орналасқан. Ауданның жер көлемі 2360 шаршы км, халқы 87 мың адам.

Жер бедері таулы-тасты, төбелі-қыратты, сайлы-аңғарлы, су жүйелерімен мейлінше тілімделген таулы өлке. Ауданымыздың бас өзені Арыс шығыстағы Алатаудың Шақпақ елді мекенінен шығып, Алатау мен Қаратау жоталарының арасынан кең аңғар жасап, батыстағы Тұран ойпатындағы Сырдарияға, ол Арал теңізіне құяды. Ауданның жер беті батыстан шығысқа қарай биіктейді. Батыс шекарадағы жер деңгейі теңіз деңгейінен 300м. көтеріңкі болса, шығыс жағында 1000 метрге дейін жетеді. Ал екі таудың түйін жасап түйіскен Жабағылы шыңдарының биіктігі - 4049м. Аудан аумағын үш жақтан – Оңтүстіктен, Шығыстан, Солтүстіктен Тянь-Шань тау жүйесіне жататын Талас Алатауы, үлкен және Кіші Қаратау (Боралдай тауы) тау жүйелері тас қамал болып қоршап тұр. Тек ауданның батыс жағы ғана Тұран ойпатына қарай ашық. Сондықтан Солтүстік пен Оңтүстік көршілер мен тікелей қарым-қатынас жасау қиын. Тек бірлі-жарым жалғыз аяқ жолмен асады. Ал шығысында екі таудың бірігетін жерінде тау жотасы ердің ортасы сияқты төмен түсіп асу береді. Оны Шақпақ асуы дейді. Ертедегі «Ұлы Жібек Жолы» - қазіргі Ашхабад-Ташкент-Алматы асфальт жолы мен темір жол осы жерден өтеді.

Климаты континенталды. Жазы ыстық, қысы суық. Географиялық орны мен жер бедеріне қарай өзіне тән ерекшелігі бар. Оңтүстік пен Солтүстіктен онша жел соқпайды.- Өйткені, ол жақтан таулар қорғап тұр. Желдің негізгі бағыты батыстан тұрады. Жергілікті тұрғындар оны «Қыбыла» желі дейді. Батыс жақ ашық. Қыбыла желі Атлант мұхиты, Жер орта, Каспий теңізінен бұлт айдап келіп, екі таудың қуысына кептеліп қыста қарды, көктем-күзде жаңбыр жауғызады. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 800-1000 мм жетеді. Солтүстікте Қаратаудың қиғаш орналасуы Солтүстіктің суық ауасын шығыстағы Шақпақ асуына бағыттайтындықтан, оқтын-оқтын жергілікті жердегі Шақпақ елді мекенінің атымен аталып кеткен суық, арыны қатты жел тұрады. О л Арыс арнасының жоғарғы бойына қыста қарлы, жазда шанды боран боратады. Жергілікті жұрт: "Шақпақ желіксе, жеті күн тұрады" деп мәтел шығарған. Шынында солай. Жыл сайын бір-екі рет қыста желіккенде бет қаратпайтын сұрапыл боран Үрбұлақ-Састөбе асуындағы асфальтты асуды бекітіп, колонна-колонна машиналар қарға көміліп қалып жүр. Ал жазда «Шақпақ» ұзақ тұрса егін, жемістерді, тірі жан-жануарларды шаңға көміп, солдырып, ауруға шалдықтырады.

Жергілікті халықтар таулы климаттың осындай ерекшелігін ескеріп егін, жеміс бауларына, қора, үй-жайларына қыбыланың және «Шақпақтың» жауыншашынды боранынан қорғайтын ықтасындар жасайды.

Ауданның басты сулы өзені Арыс. Ол өзінің басын Шақпақ елді мекені жанынан алады да екі таудың арасынан кең аңғар жасап батыстағы Тұран жазығындағы Сырдарияға құяды. Аудан аумағынан оның бастапқы ағысы өтеді. Оның оң жағындағы Қаратаудан Балақұлан, Шілікті, Құлан, Жыланды, Жаманбұлақ, Үлкен Көкбұлақ, Кіші Көкбұлақ, Қайыршақты, Көктәнді, Қараүңгір, Сарыбұлақ өзендері мен бұлақтары келіп қосылады. Сол жағындағы Алатаудан Жабағылы, Тасбұлақ, Иірсу, Келте Машат, Машат, тағы басқа кішігірім бұлақтар құйылады. Арыс су жүйесінің суы мол, ағысы қатты, арнасын қазып, жиі өзгертіп отыратын тау өзені.

Арыс өзінің салалары арқылы Алатаудың теріскейі мен Қаратаудың күнгей беткейіндегі жауын-шашыннан және жерасты суынан қоректенеді. Көктемде тасиды. Су деңгейінің төмендеуі жазда болады. Өйткені оның сулары көктем, жаз мезгілінде жүздеген арықтарға бөлініп, мыңдаған гектар егістіктер, көкөністер, бау-бақшалар суарылады.

Ауданда кішігірім екі көл бар. Біреуі Алатаудың үстіне орналасқан Ақсу-Жабағылы қорығындағы «Қыз өлген көл», екіншісі Жаскешу ауылының жанында орналасқан «Балықты» көлі. Олардың көлемі шамамен - 4-5 гектар. Аудан жері таулы өлкеде орын тепкендіктен, оның топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесі тау етегінен ұшар басына қарай өзгеретін вертикалды тау белдеуінің заңдылығына сәйкес келеді. Арыс өзенінің жағалауы өте құнарлы, одан жоғары қара сұр топырақты дала, одан жоғары сұр қоңыртасты орманды бұталы, ал тау үстінде қоңыр сұр топырақты-шөпшалғынды альпі (жайлау) зонасы орналасқан. Біздің өлкеміз өсімдіктер мен жануарларға өте бай. Одан хабардар болу үшін аудан төріндегі Алатауда 1924 жылы ұйымдастырылған Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорағының мысалынан дәлел келтірейік.

Талас Алатауының батыс сілемдерінің күнбатысы, теріскейі, Қаратау, Боралдай тау-өңірі, Арыс аңғарының географиялық орны табиғаты мен өсімдік және жануарлар байлығы адам тіршілігіне, шаруашылығына, көршілермен қарым-қатынасы үшін өте қолайлы жер. Топырағы құнарлы, суы мол, өсімдік-шөптері шалғынды, жауын-шашыны жеткілікті, бау бақшасы жайқалған, мал өсіруге жақсы жағдайы болғандықтан, біздің түп бабамыз Қараша би, Бәйдібек, Байтұлы ұрпақтары осы өңірде орналасып, атамекен еткен.

Бұл жердің тағы бір ерекшелігі – шығыстағы Қытай, Моңғол жерлерін Қазақстан, Орта Азия, Үндістан, Кіші Азия, Европа елдерімен жалғастыратын, сауда-саттық жүргізілген күре тамыр Ұлы Жібек Жолы осы жерден өткен. Сондықтан да осы өңірде ежелгі заманда-ақ Түркістан (Ясы), Ташкент, Сайрам (Исфиджап), Отырар, Шымкент, Шарафкент, Тараз т.б. қалалар салынған. Бұл діннің, ғылымның, өнердің дамуына, өркениеттің қарыштауына әсер еткен.

Жері бай, елі бай жерге кім қызықпайды. Сол кездегі жақын, алыс пейілі тар мемлекеттер сұрапыл соғыс жүргізіп, басып алуды көздеген. Бірақ Бәйдібек батыр ұрпақтары мың өліп, мың тіріліп, қасиетті ата мекенін ұрпақтарына аманат етіп, сақтап қалған. «Ат аунаған жерінде тұк қалады» дегендей, біздің алақандай аудан жерінің өзінде тарихи оқиғалардан талай із қалған. Жалпы Түлкібас жерін түгелдей Дулат бабаның балалары Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр руларының ұрпақтары мекендейді. Қазіргі халқының 1/3 бөлігін орыс, украин т.б. келімсек ұлттар құрайды.

Соның ішінде аудан жерінің бөлігінде қақ ортасын ойып Жаныстан тараған Байыс, Қапал руының өкілдері 6 ауылда тұрады. Олар: Ұрбұлақ, Балықты, Жаскешу, Шарафкент, Көкбұлақ, Пістелі ауылдары.

Жаскешу және Балықты ауылдары асфальтты күре жолдың бойында жатқан қазіргі ауылдық әкімшілік аймақтың (бұрынғы ауылдық кеңес пен колхоздың орталығы) орталығы, халқы көп елді мекен. Енді әр ауылды қысқаша жеке сипаттайық.

Қазіргі Ұрбұлақ ауылы Арыс өзені аңғарының сол жақ бөлігіндегі тепсең, ойпаң жерге орналасқан. Ауылдың негізі 1902 ж. қаланған, оған дейін XIX ғасырда Байыстың 5 баласының кенжесі Қайыпберді Ұрбұлақ елді мекеніне оңтүстік жағынан ұштасып жатқан Талас Алатауының батыс сілемі Ұрбұлақ тауын жайлау етіп, теріскей және батыс етегін қыстау етіп отырған екен. Ол кезде ата-бабаларымыз мал өсірумен шұғылданады екен. Ұрбұлақ тауы биік. Үстінде жазы салқын шалғынды үстірт бар. Ол шығысына қарай биіктеп, Ойсылқара шыңын құрайды. Қайыпберді әулеті бұл жерді жайлау ретінде пайдаланған. Ұрбұлақ жайлауына шығу қиын. Себебі терістігі жартасты, биік, жол жоқ. Ал шығысы Талас Алатауына, түстігі Қоржынтау, Өгемтау, Піскемтаулар мен ұштасып, түйіндесіп жатыр, Ұрбұлақ батысқа қарай Жылы сай арқылы бірте-бірте аласарады.

Осы сайдың жоғарғы жағынан Ұрбұлақ астауы Жылысайды төмендеп ағады. Жайлауға шығатын жалғыз аяқ жол бар. Осы бастаудың табанымен көтеріледі. Ертедегі бабаларымыз жайлауға осы сүрлеу арқылы жылқы, түйе малдарын жіппен тізбелеп, жетелеп шығарады екен. Ерте көктемнен қара күзге дейін шығарылған ірі қаралар емін-еркін жайылып, қысқа қарай ылдиға түсірілетін болған.

Батысқа қарай еңкейетін сайға солтүстіктен, шығыстан, оңтүстіктен жел тимейді. Жергілікті аса суық, бораны қатерлі Шақпақ та тимейді. Сондықтан, бұл үлкен сайды Жылысай депті. Жылысайдың басынан шығатын бұлақ сайдың табанына жеткенше уатылған қорым тастардың арасынан ұрлана ағып, он жеті жерден сыртқа шығып, сосын қайта сіңіп, жасырынып ағады. Сай етегінде көлшік жасайды.

Осыдан жергілікті тұрғындар ұры бұлақты - тіліміздің үндестік заңына сәйкес Ұрбұлақ – деп атап кеткен. Осы атаумен Талас тауының батыс бөлігіндегі, қазіргі Арыс жағасындағы елді мекен де алады.

Арыс өзенінің жоғарғы ағысының құнарлы аңғарында Жібек Жолы қиып өткен жерінде, орта ғасыр қалаларының төңірегінде халықтар ерте кезден-ақ егіншілік, бау-бақша өсіру кәсібімен шұғылданған. Қайыпберді бабамыздың ұрпақтарының егіншілікпен жаппай шұғылдануы XIX ғасырдан басталды. Әулеттегі отбасының өсіп, мал басының көбеюі жайылымды тарылта бастады. Егіншілік кәсібі жаңа құнарлы жерді керек етті. Орыстардың Оңтүстік Қазақстанды отарлауы, Орталық Ресейден үстін-үстін орыс кедейлерінің жаппай көшіп келуі, қолайлы, құнарлы жерлерді тартып алуы, бабаларымызға келешек өскелең ұрпақтың қамын ойлап, өрісті кеңейтіп, жақын жерден жаңа қоныска көшіруге мәжбүр етті.

Алғаш XIX ғасырдың бірінші жартысында Қайыпбердінің немересі Жүзей, шөбересі Өтеш пен Тоғайбай әулеті Қаратаудың күнгейіндегі Жыланды өзенінің төменгі сағасына көшірілді. Қалғандары іргесінде орналасқан Арыстың сол жағындағы кең түбекке мекен жайларын салып, отырықшы тірлікке көшті. Ол кезде Арыс өзенінің бойы әртүрлі ағаш, тал, терек, бұта, қамыс қоғалар өскен, батпақты-шалшықты ну тоғай еді. Оның іші және төңіректегі тау анғарлары мен сайларда жабайы аң-жануарлар да көп болатын. Күні бүгінге дейін сол кезде жайлаған аңдарына қарай аталып кеткен Құлан, Жолбарысты, Шошқалы, Жыланды, Аюлы т.б. жер-су аттары – соның куәсі. Қайыпбердінің әулеттері

тоғайдың бөлігін қалың жыныстан аршып, батпақтың суын ағызып кептірді. Сөйтіп 1902 жылы үй салып, қоныстанды. Ауыл қонған тепсеңнің тау жағындағы кемерді бойлай егін суаратын қос арық қазылды. Суармалы жерге тары, қонақ егілді.

Қырдағы сусыз жерге бидай, арпа сиякты масақты дәнді егістерді егіп өсіруді үйренді. Кейінірек сулы жерге көкөніс пен жемісті ағаштар өсіруді игерді. Көп кешікпей тау бауырының етегіне Түрксіб темір жолы салынды.

Таудың Үрбұлаққа шекаралас Жазыккешу ауылынын тұсында Алатаудан тік бұрыш жасап, көлденең тартылған Қаракшы аталатын сілемін жолды қысқарту үшін төтесінен тесіп, темір жол салды. Оны Тескентау деп атап кетті.

Шығыстан келетін "Жібек жолы" Жазық кешу ауылының тұсынан саяз жайылмалы өткелден өтіп, Үрбұлақ пен Алатау арасындағы және Састөбенің жанындағы асудан асып, Сайрам (Исфиджаб) қаласына кететін.

Ерте заманда Қаракшы тауының қалың жынысты сай-саласында жасырынған ұрылар Жібек жолынан өткен керуендерді тонап, тыныштық бермейді екен. Сондықтан темір жолды тесіп өткен тауды Қаракшы тауы деп атаған. Кейін, XX-ғасырдың басында Үрбұлақ Байысынан Қараман, Шүрен әулеті бөлініп шығып, олар Балықтыдан Састөбеге шығатын жолдың батысындағы Арыс өзенінің сол жақтағы тепсеңіне көшіп қонады. Бұл жерге Арыстың оң жағынан Көкбұлақ саласы келіп құяды. Ал батыс жағы Дегелек ұя деп аталған, бір шақырымға созылатын тік жарға тірелетін. Бұл жерді жұрт өз атасының атымен Шүрен Байыс деп атайтын. Енді Арыстың оңжағалауына өтейік. Үрбұлақ ауылының шығыс жақ бұрышы тұсында Жазыккешу ауылының Солтүстік батысындағы Балықты көлден бас алатын қысқа, бірақ суы мол, Балықты бұлағы оң жағалаудан Арысқа келіп құяды. Екі су қоспасының шығыс жағындағы аралықта Қапал-Жаныс аталатын елді мекен бар. Мұнда Жаныс Капал бауырларымыздың ұрпағы мекендейді, қазір 111 отбасында 614 жан тұрады.

Кеңес өкіметі кезінде өз алдына Чапаев колхозы әрі Чапаев ауылы болып аталды. 1991 жылы еліміз егемендік алған соң оның тарихи ескі аты Шарафкент қалпына келтірілді. Оның қысқаша тарихы мынадай. Ерте заманда Y-YII ғасырларда «Ұлы Жібек керуен жолының» дамыған кезінде шығысымыздағы Тараз, батысымыздағы Сайрам (Исфиджаб) қалаларымен қатар осы жерге де шағын қала салынады. Тарихи деректерге қарағанда бұл қаланы Шараф немесе Шарафкент деп атаған. Парсы тілінде Шараф-данқты, ал кент-қала деген ұғымды білдіреді екен. Сонда Шарафкент данқты қала - деген ұғым береді. Оның қандай оқиғаға байланысты данқы шыққаны әзірше белгісіз. Қазір осы ескі қаланың орнында аумағы 5-6 гектар, биіктігі 6-7 метр келетін, сыртқы пішіні төртбұрышты (квадрат) қираған қаланың қалдық үйіндісін жергілікті халықтар Төрткүлтөбе деп атап кеткен төбе жатыр. Біздің зерттеуіміз бойынша Шарафкент қаласы шығысындағы Тараз, батысындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласымен бірдей ерте заманнан Шыңғысхан шапқыншылығына дейінгі өмір сүрген орта ғасырдың сауда қаласына ұқсайды, қала орта ғасырлық жаугершілік заманға лайықты бекініске бейімделген. Оның төрт жағы биік дуалмен қоршалған. Ұлы Жібек жолының бойында болғандықтан, шығысы мен батысында қақпалар болған. Солтүстігі мен батысын Жазыккешуден бастау алатын Балықты өзені іргені айналып ағып жатыр, қаланың солтүстік-шығыс бұрышы басқа жағынан биік. Мұнда қала басқарушылар (цитадель) тұрған. Оңтүстік-шығысы, батысында керуен сарайлар, жүк қоймалары, базарлары т.б. (Шахристан) болған қала сыртындағы айнала жазық жерлерде саздан құмыра, керамика ыдыстарын, тастан тұрмыс бұйымдарын (қол диірмен, келі т.б.), мыспен темірден (соғыс құралдары, ат

әбзелдері т.б.), оған мал, егін өнімдерін өңдейтін ұстаханалар (мастерской) орналасыпты. Бұл қаланың рабат аймағы, онда жүздеген қол өнершілер мен ұсталар үй-жайымен тұрған. Осы төңіректегі ауылдарда (Шарафкент, Ұрбұлақ, Жазық кешу, Балықты) Арыс пен Балықты өзінінен тартылған арықтар мен бұл жердің тұрғындары ерте заманнан-ақ суармалы егіншілікпен, жеміс ағаштарын өсірумен шұғылданған. Рас, ол арықтардың көбісі қазір жыртылып, жойылып кеткен. Әр жерден оның сұлбаларын байқауға болады.

Шарафкент өз дәуірінде мықты әскери бекініс қаласы болғанын дәлелдейтін мынадай із қалған:

1) Арыс өзенінің жоғарғы аңғарынан өтетін Ұлы Жібек жолы осы жерге келгенде Оңтүстік батыстағы Исфиджаб (қазіргі Сайрам) қаласына қарай бұрылып, Ұрбұлақ пен Састөбе арасындағы асумен өтеді.Жан-жағы таулы төбе, Арыс аңғары ну жынысты тоғай асу алдындағы қақпанға ұқсайды.

2) Шарафкент қаласы қалың және биік дуалмен қоршалған, дуалдың сыртқы іргесінде ор қазылып су толтырылған, одан әрірек Балықты және Арыс өзені қоршап, айнала ағып жатыр.

3) Қаланың тұрғындарын ауыз сумен ұзақ уақыт қамтамасыз ету үшін (жау әскері ұзақ қоршауға алған жағдайда) 5-6 км. жердегі Балықты көлінен жасырын жер асты құбырымен (саздан күйдірілген) су әкелген.

4) Шығыстағы Тараз қаласынан Күйік асуы арқылы өтетін Жібек жолын бағыты мен Арыс аңғарын бойлай көз қыры жететін қашықтыққа табиғи және жасанды Қарауылтөбелер тізбегі өтеді. Сондай Қарауыл-төбенің бірі Арыстың осы тұсында тұр. Бұлар-жаудың қимылы мен әрекетін алдын-ала хабарлап (сигнал беретін), белгі беретін орындар.

5) Осы қаладан жан-жаққа кететін-келетін, биіктігі 3-4 метр ор қазып жасалған жасырын жолдар жүйелері бар. Соғыс жағдайында ерсілі-қарсылы жаяу-аттылы жаудың көзіне шалықпай қатынай алады. Мысалы, қаладан оңтүстігіндегі Ұрбұлақ, Қарақшы тауларына қарай, солтүстігіндегі Жыланды, Көкбұлақ, Қайыршақты аңғарына қарай ұзындығы 10 км жасырын жол салынған. Оны жергілікті тұрғындар «Оқ сай» деп атайды, өйткені табиғи сай-жылғалар сияқты ойқыш-қиғашы жоқ, терендігі біркелкі жасанды және оқтай түзу жасалған. Бір қызығы, осы төңіректегі елді мекендерді бір-бірімен жасырын байланыстыратын етіп табиғи аңғар, сай-саламен тиімді, үйлесімді жалғасқан.

6) Шарафкент пен Қарақшы тауының арасында Жібек жолы бойында Қалмақ қырылған деп аталатын ескі мазар қорымы да әжептәуір жерді алып жатыр. Міне, осы фактілер біздің ата-бабаларымыздың өз жерін, ата-мекенін жат елдік жаулап алушылардан (Моңғолдардан, Жоңғарлардан, Хиуа, Қоқан хандығынан т.б.) ұзақ уақыт қорғанғанын, жойқын майдан ашып, қырып жойғанын, өздері де талай қиындықты бастан өткізгенін көрсетеді. Сол заманға лайықты әскери стратегиялық қорғаныс, бекініс құрылыстарын жергілікті табиғатқа, жер-су бедеріне, рельефке, жолдың, елді мекендердің орналасуына үйлестіре бір тұтас жүйе жасағаны таң қалдырып, жағанды ұстатады.

7) Ұрбұлақ тауы батысында пәсейіп, Жібек Жолына асу беріп (Ұрбұлақ асуы, қайта көтеріліп, Қостөбе жасайды. Оның бірі биіктеу де, екіншісі пәстеу. Оны сырттан бақыласаң, ілгерідегі астық тазалайтын қырманның кейпін көз алдыңа елестетеді. Үлкенірегі тазаланған астықтың үйіндісін (ертеректе «қас» деп атаған), кішірегі оның ық жағындағы сабан-топан сияқты қалдықтардың, беткейі жатағандау үйіндісін елестетеді. Сондықтанда да Састөбе деп аталған. Мұның түбінен пойыз жол өтеді. Кейінгі Кеңес заманында әк, түсті цемент шығаратын зауыт салынды. Жұмысшы

поселкасы орнады. Казір Састөбе сияқты Қостөбенің төбесіндегі әктастарды зауыт шикізат ретінде пайдаланып, тегістеп барады. Қалмақтардың қан қақсатқан «Ақтабан шұбырынды» бодандық кезінде жауларды қуып шығудың амалын іздеп, үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, Төле, Қазбек, Әйтеке билердің ақылдасар алқа орындары Мәртөбе, Күлтөбемен бірге Састөбе де болған. Бұл туралы тарихта деректер бар. Осы жерде ерте де Үрбұлақ Байыстарының мал жайылымы болса, қазір ақ егіс аймағына жатады.

Түлкібас ауданы облысымыздың бізге көрші аудандары Сайрам, Қазығұрт, Түркістан, Бәйдібек сияқты Ұлы Жібек жолында жатқандықтан, тарихи, табиғи ескерткіштері, мұрағаттары, әулиелік орындары мол, бай өлке. Солардың бірі және бірегейі аудан есімін иеленген әулие Түлкібасы төбесі. Ол аудан орталығы Т.Рысқұлов (бұрынғы Ванновка селосы) пен Азаттық ауылдарының арасында, қаратаудың Құлан, сілемінің ұшындағы төбеде орналасқан. Ашық күні оның ұшар басына шығып, жан-жағына қарап бағдарласаң, екі тау арасында жатқан Арыс аңғарының жоғарғы бөлігі, Түлкібасы ауданының аумағын түгел көруге болады. Осы Түлкібасы әулие төбенің шығу тарихы туралы мынадай аңыз қалыптасқан. Өте ерте заманда шығысы Тынық мұхиты мен батысы Жер орта теңізіне дейін Еуразия құрлығының төсінде созылып жатқан ұлы даланы мекен еткен Сақ, Түркі деген көшпелі халықтар болған. Ол кезде жаугершілік етек алған, қиян-кескі соғыстар жиі болып тұрған. Бірде күші басым көршілері Түркі елімен соғыста жеңіп, түркілерді батысқа қарай ығыстырады. Шегініп келе жатқан түркі сарбаздарының басшысы соғыста мерт болыпты. Оны Жібек Жолы бойындағы осы төбеге жерлейді. Содан бер төбені Түркібасы деп атаған. Заманнан заман өте келе, ол тілдің үндестік (сингармонизм заңы) Заңына сәйкес «Түлкібасы» боп кеткен. Бұл аңызды бұдан жүз жыл бұрын осы өңірді зерттеген орыстың атақты ғалымы академик Бартольд өзінің естелігінде қуаттайды. Енді осы аңызды тарих деректерімен салыстырайық. Ұлы даланың шығыс өңірінде біздің дәуіріміздің 545 жылы Асан шәді, Тумын мен Бумын бастаған түркілердің жер қайысқан қолы ұйғыр тайпасын тас-талқан етіп жеңіп, жаңа қуатты түркі қағанатын (мемлекетін) құрады. Ұлы қолбасы Бумын 552 жылы өзін ұлы қаған етіп жариялады.

Кейін ол өлген соң таққа оның інісі Естемес қаған отырды. Ол Түркі қағанатын шығысында Тынық мұхитына, батысында Жерорта теңізіне дейін кеңейтіп, ұлы Түркі империясын құрды. Түркі қағанаты 200 жыл дәуірлеп дамыды. Біздің Арыс өзені бойымен өтетін Ұлы Жібек жолының шығыс пен батысты байланыстыратын, оның бойында ондаған қалалар салынып, жүк, тауарлар тасымалын үдеткен уақыты да осы кезең еді. VIII-ғасырда қаған ұрпақтары таққа, бақа таласып, ішінен іри бастайды. Оны біліп отырған сырткы жаулары жығылғанның үстіне жұдырықтап соққы беріп, ұлы қағанатты ыдыратады. VIII-ғасырдың ортасында түркілердің біразы батысқа қарай ығысады. Шегіне соғысып бара жатқан түркі қолының басшысы осы өңірде мерт болып, оны осында жерлеген болу керек.

Сол кездегі түркілердің әскери салт-дәстүріне сай мерт болған қол басыларын, көсемдерін топырақтан үйген қорғандарға, асығыс жағдайда қолайлы табиғи төбелерге жерлейді екен. Міне, аңыз бен ақиқаттың үйлесуі осындай.

Түркібасы төбесі қасиетті, киелі әулиелік орын. Төбенің асфальт жолға, түстікке қараған беткейін жоғарғы жағында тастан қаланған диаметрі 6-7 метрдей келетін киіз үй формалы түркі басшысының моласы тұр, оның түбіндегі құмтастар қуысында мөлдір бұлақтар шығып, қайтадан тас жарықтарына сіңіп жатыр, суы салқын және дәмді. Бұған

цементтелген баспалдақпен көтеріледі. Жанында зияратқа келген адамдардың отырып дем алатын, дұға оқитын, тамақтанатын алаң, құрбандыққа шалынған малдарды өңдеп, құдайы ас дайындайтын орындар бар. Бұл жерді Үлкен Әулие бастауы дейді. Зиярат етуге келген кісілердің негізгі діни рәсімдері осы жерде, молда, шырақшылардың басшылығымен өтеді.

Одан біраз төмендесек, екінші Кіші Әулие бастауы кездеседі. Оның түбінде бұта өсіп тұр, сол бұтаның бұтақтары зиярат етушілердің байлаған ақ шүберектерімен желбірейді.

Ал төбенің етегінде арық бар. Сол арық үстінде кейінгі кезде салынған бірнеше бөлмеден тұратын асхана, шәйхана, мейманхана, шырақшы бөлмелері бар үй орналасқан. Мұнда күн сайын жақын, алыс жерден, елден зиярат етуші түркі тілді ағайындар шуап келіп жатады. Әсіресе, бейсенбі, жұма күндері келушілер көп. Әрине, Түркібасы әулиенің шарапаты тимесе, осыншама әртүрлі ұлттан, әр өңірден, әр елден осыншама табынушылар шұбырып келмес еді ғой.

Түлкібас ауданы таулы өлкеде орналасқандықтан, оның табиғаты да бай және көркем. Жұрт бұл өңірді «Қазақстанның Швейцариясы» деп тегін айтпайды. Әсіресе, биік таулы бөлігіндегі Ақсу-Жабағылы қорығын ерекше атауға болады.

Қорық Тянь-шань (Тәңіртау, Аспантау) тауының батыстағы тармағы Талас Алатауының үстінде жайғасқан, оның территориясы теңіз деңгейінен 1300-4200 метр биікте жатыр. Оның солтүстік және батыс шекарасы Талас Алатауының Жабағылы Өгем тау жоталарының беткейінен Өгем, Оңтүстікгі мен Шығысында тау жоталарының түйіндескен төбелері арқылы Өзбекстан және Қырғызстанмен шектеседі. Жер көлемі 74 400 гектар. Қорық 1927 жылы Қазақстан мен Орта Азия республикаларында алғаш рет ұйымдастырылды. Бұл негізгі территориясынан бөлек солтүстік батысында 20 км қашықта Қаратау және Боралдай жоталарында көлемі 220 гектарды алып жатқан екі палеонтолотиялық бөлімдері бар. Оларды Қарабастау және Әулие бөлімдері деп атайды. Қорықтың орталығы тау етегіндегі Жабағылы ауылында орналасқан. 80 жылдың ішінде тау табиғатын, жануарларын, өсімдіктерін білу, тамашалау, зерттеу үшін сан мыңдаған туристер, студенттер, ғалымдар болды. Олар қорықтың табиғаты жайында ондаған еңбектер жазды.

Мұнда Орталық Азияның тауларында кездесетін барлық жануарлар 239 құс түрі, 42 түрлі сүт қоректі жануарлар, 100- ден астам ағаштар мен бұта түрлері, өсімдіктердің 1400 түрі кездеседі. Ақсу-Жабағылы қорығы Қазақстандағы адамның өркениетті әрекетіне (цивилизацияға) ұшырамаған табиғи (жабайы) күйінде қалған бірден-бір пұшпағы. Ата-бабаларымыздың "Құдайдың құдіретін көремін десең тауға шық» - деген нақыл сөзін іске асырғыңыз келсе, осы тауға шығып көріңіз, әсіресе, мамыр, маусым айында саяхатқа, серуенге шығу-бір ғанибет. Оның жемісті, жеміссіз ағаштар мен бұталы, шөптесінді тоғайлары, кілемнің түріндей. Баурайындағы жылғалы сай-жыраларда басын тау басындағы мұзарттар мен қардан алған бұлақтар сұлу қыздай күз бұралып, оның әдемі күлкісіндей сылдырап төмен ағады. Оның беткейіндегі жемісті, жеміссіз алуан түрлі ағаштар, бұталар, шөптесіндер тоғайы гүлге малынып, кілеміндей түрленіп құлпырады. Неше алуан өрнекпен безенген көбелектер, иненіктер, аралар т.б. біз білмейтін жәндіктер гүлден-гүлге қонып ызыңдайды. Ағаш саясында үкі, қарлығаш, сандуғаш, кекілік, майна, пейіш құсы, бозторғай, сарыторғай, бұлбұл т.б. құстар әр қайсысы өз тілінде сайрап, үндердің табиғи үйлесімі тоғайдың музыкалық ансамблін құрайды, таудың самал желі тынысыңнан көкірек сарайыңа еніп, кеуденді кернеп, табиғатқа сүйіспеншілік сезімің оянып, рахат ләззатына кенелесің. Осыдан шығар, аталарымыздың:

Асқақтаған Алатау,
Бауырың тола бақша-бау.
Май айында майысып,
Иісің жұпар аңқиды-ау, – деп әндеткені.

Ал тау үстіне шықсаң, альпі аймағының патшалығына енесің. Мұнда балауса шөп шалғындары төбелі жазықта таудың самалы сипап тұрғанда, теңіз толқынынша, тербеледі. Әр жерінде ойқы-шойқы боп кереметтей дәу жар тастар жерге кадалып тұр. Олардың беткейін, төбесін, мұз қар басқан. Күнге шағылысып, қарағанда көз қариды. Кей беткейі тік жартас қоңырқай шоқ боп көрінеді, мұздың, қардың жабысуға шамасы жоқ. Айнадай жылтыр, теп-тегіс. Сондай шаншылған тау шыңдарына биіктігі 4000 метр Жабағылы биігі, 4042метр Алатау биігі, 3915 метр Бөгілдір биігі, 4072 метр -Өгем т.б. Тау үстінде жүргенде горизонтал бағытта жер бедері жазық боп көрінетіні-алдамшы көрініс. Оның шын бедерін көргің келсе, тік ұшаққа мініп, жоғарыдан қалқып ұшу керек. Биіктен қарағанда Талас Алататауының Піскем, Өгем тауларымен ұштасып түйіндескен осы жерлері Кіші Ақсу, Үлкен Ақсу, Балқыбек, Жабағылы өзендері мен салалары барынша тілімдеп терең жыра, сай, сала, шатқал, құз, жар, каньон жасаған. Қорықтан бастау алатын Кіші Ақсу мен Үлкен Ақсудың қоспасынан төменірек Үлкен Ақсу каньонын (терең құзды шатқал) алайық. Егер саяхаттап барып қалсаңыз, Алла құдіретінің бір елесін көріп, тұла бойыңызды әрі үрей, әрі қуаныш сезімі билеп, таңқалып, жағаңызды ұстар едіңіз. Өйтпегенде ше?! Тау төбесіндегі мұзарттан басын алып жатқан мол су тау-тасты қақ жарып, терең шатқалмен тік жартастан мыңдаған метрде төмен құлап (су құламасы), бұрқан-талқаны шығып, ақ көбік шашып гүрілдеп ағып жатыр. Маңдайы төмендегі тасқа тиген су бөлшектері – мың-миллионға ұсақталып, су тозаңына айналып, айналаға шашырап жатыр. Осы шашыранды су тозаңына ашық күні күн сәулесі түссе, керемет құбылған кемпірқосақ, пайда болады.

Ал құлама су біраз тасты арнамен ағады да, тағы да су құламасын жасайды. Сөйтіп тізбектеле 2-3 су құламасынан текшеленген құламалар тізбегін (су каскадтарын) құрайды. Егер амалын тауып каньонның ұлтанына түсіп жан-жағына қарасаң, шыңырау құдықтың түбінде тұрғандай сезінесің. Екі бүйірдегі жартастың төбесіне шалқайып қарамасаң, көзің жетпейді. Мұндайда бас киімің суға түседі, қарасаң аяқ астында дөңбек тасқа ұрына, соқтығып, гүрілдеп құтырған буранның аузынан шыққан ақ көбігі шашырап, тура кәзір басып қалатындай үрейлендіреді. Кейбір жерінде үлкен сандық тастар ретсіз арна бойымен шаншылып жатыр, енді бір жерлерінде тасты кемерлеп үңгірлі су иірім жасаған. Мұнда күн сәулесі түспегендіктен, қараңғы әрі салқын, мүлде жаурайсың, әуестік құмарлығымен каньонның түбіне түскен турист енді үйрейленіп, құздан шығудың амалын жан ұшыра іздейді. Сірә, Солтүстік Американдағы Кордильер тауындағы Колорадо су құламасы да осындай болар. Осының кіші інісіндей су құламалары мен каньондары Балдыберек өзенінде де бар. Ол құз шатқалдың ені 6-8 метр, биіктігі 100 метрге жуық. Оны «дарбаза» деп атайды. Ал Кіші Қайынды өзенінде көп текшелі су құламаларының каскады бар, көлемінің кішілігінен бұл каньон онша қорқынышты емес, табиғаты өте көркем және қызық.

Теріскейдегі Арыс аңғарынан мұнарлап көрінетін Қасқабұлақ тауының да, өзінше қызық ерекшелігі бар. Ол алыстан қарағанда ромбы сияқты, төбесі ақ мұз жамылған шоқы. Мұздардың төмен жылжуымен жиналған қорым тастар тау бауырында қазан шұңқыр жасаған, шамамен теңіз деңгейінен 3000 метр биіктегі жартаста ежелгі замандағы түп бабаларымыздың ескерткішке салып кеткен сызықты сурет галереясы

бар. Сурет қара түсті форфирит тасқа қашап салынған. Онда тау ешкілері, арқарлар, маралдар және ит ілестірген аңшылар бейнеленген. Кей жерінде тасбақа және түйенің де суреті кездеседі. Зерттеуші ғалымдар бұл суреттерді тас ғасырынан орта ғасырға дейінгі өмір сүрген бабаларымыздың бірнеше ұрпақтары салған деп жорамалдайды. Қорықта ірі жануарлардан арқар, сібірлік тау ешкілері, қоңыр аю, қар барысы, марал, елік, қабан, жабайы мысық, қасқыр, суыр, борсық, күзен т.б. бар. Мыңдаған құстардың ішінен ірі жыртқыш құстардың 12 түрі кездеседі. Оның түрлері азайып барады. Олар Қызыл Кітапқа кірген. Мысалы, сақалды самұрық (бородар) осы өнірдегі жыртқыш құстардың ең ірісі, оның қосқанатының ұзындығы 3 метрге жетеді. Оның дене пішімі шүйіліп ұшуы қыран құсқа ұқсас, өте сұлу. Қанаттары, құйрығы жіңішке әрі ұзын. Алыстан бақыласа жылдам, жеңіл әрі еркін маневр жасап, зуылдап ұшады, тек жақындағанда ғана добалдай денесін көріп тандай қағасың. Қанатының қауырсыны жуан әрі ұзын, қанатын қайшылап қағып, жемтігін нысанаға алып, түйілгенде атылған снарядтың даусындай зәр-зәбіріне жетіп, тітіркендіретін, зуылдап ышқына ысқырған ашы дыбыс шығады. Сол бағытпен жайылып жүрген тау текелері мен арқарды қуатты топшысымен тепкенде тоңқалаң астырып, үстіне аяғымен бүріп конжия қонады. Ол тамақ таңдамайды. Кейде жануар өлімтіктерін, оның жіліктері мен терілерін де асап жұта береді. Тіпті арқардың жамбасын, еліктің омыртқасын кеңірдегіне ұзынынан бағыттап жұта салатын көрінеді. Сондықтын қырғыз бауырларымыз оны «балша жұтар» деп атайды екен.

Жас күнімізде ата-әжелеріміз айтатын самырық құс туралы қызықты ертегілер, аңыздардың мазмұны осы құсқа негізделіп айтылған екен ғой деп ойлайсың. Қорықта өсетін жүздеген өсімдіктердің, ағаштар мен бұталардың ерекше бөліп аталатыны және бірегейі арша ағашы. Ол бұрынғы КСРО территориясында Орта Азия тауларында ғана өседі екен. Олар Памир Алатауы мен осы Талас Алатауындағы Ақсу тауында. Биіктік белдеуге қарап аршаның түрі де өзгереді. Қорықтың 20 000 гектардай жерінде арша өседі. Жабағылы тауынан терiскей 2000 метрдей ылғалы молырақ орманды зонаның төменгі белдеуінде бойы 3-4 метрдей арша бұталары өседі. Бойы пәс болғанымен, діңі жуан бұтақтары шар немесе зонтик сияқты жартылай шар пішіндес болады. Сиректеу болса да кейбір жуан жеке экземпляріне 2 адамның құшағы жетпейтіні кездеседі. Сол таудың қарсы Оңтүстік беткейінде ылғал да, жылу да жеткіліктi болғандықтан, биіктігі 15-20 метрге жететін арша ағаштары өседі. Аршаның ерекшелігі өте баяу өседі. Оның есесіне ұзақ өмір сүреді. Олардың орташа өмірі 400-500 жас, ал кейбірі 600 жасқа дейін өмір сүреді. Кейбір жеке дара аршалардың 2000 жасқа жеткендері де байқалған. 2000-3000 метр биіктікте субальпі және альпі белдеуі орнаған. Бұл зонада арша ағашы бірте-бірте аласарып 50-20 сантиметр бұталарға айналады. Аршаның пайдалы қасиеттері көп. Оның тамырларының көлемі бұтақтарының көлемінен 4 есе көп көлемді жерді шырмап алып тау беткейінің жауын-шашынынан, желден жеміріліп эрозияға ұшырауына кедергі жасайды. Ол өз денесінен қылқандары арқылы жағымды иіс шығарып, жан-жағындағы өсімдіктерді соратын зиянды насекомдар мен бактерияларды жояды. Аршаның бойында және айналасында өзімен ентелес ондаған өсімдіктер мен насекомдар болады. Олар қамқоршысының тамырында, жақын топырағында, діңінің жарықтарында, қабығының астында, қылқандарының арасында ынтымақпен өмір сүреді. Олар тағдырлас, егер арша өлсе, олар да өледі.

Арша дәнінде, қылқанында, қабығында емдік қасиеттер көп, ерте заманнан бері адамдар оны пайдаланады. Арша ағашының діңі, сабағы, өте бекем әрі шірімейді.

Сондықтан, Орта Азияның ежелгі Самарканд, Бухара сияқты қалаларындағы тарихи ескерткіш ғимараттар құрылысында арша ағаштарын көп пайдаланған.

Ол ғимараттардың дарбазалары, есіктері, терезелері т.б. арша тақтайынан жасалған, өйткені онын беріктігімен бірге талшықтары ашық және сұлу өрнек құрайды. Ғалымдар аршаның осындай құнды қасиеттерін ескеріп, жоғарғы категориялы құрылыс материалына жатқызады. Талас Алатауынан Маймақ, Шақпақ деген елді мекен тұсынан Қаратау мен Боралдай тауы қабаттасып, солтүстік-батыс бағытта бөлініп шығады Осы тұста Қаратау ердің ортасы сияқты төмендеп, асу береді. Мұны Шақпақ асуы деп атайды. Ертедегі Ұлы Жібек жолы қазіргі асфальт және темір жолдар осы жерден өтеді.Ал географиялық жағынан Жуатау жазығы деп аталады. Асудан соң Қаратау Солтүстік батыс бағытында Қызылорда облысының Ақтау деген төбесіне дейін 405 километрге созылып орналасады. Шақпақ асуынан кейін Қаратаумен біріге қатарласып Боралдай тауы жайғасады. Оның ұшы Оңтүстікке бұрылып доға жасайды. Қаратау мен Боралдай тауын Боралдай өзенінің аңғары бөліп жатыр. Міне осы өңір ілгеріде ұлы бабамыз Бәйдібек және оның балалары, шөберелері жайлаған қасиетті, әулие жер. Жамбыл тауының су айырық жотасы арқылы өтеді. Таудың оңтүстік беткейінен Құлан, Жаманбұлақ, Жыланды, Көкбұлақ, Қайршақты, Көктәнді, Қарауңгір, Сарыбұлақ сияқты үлкенді-кішілі өзеншелер басталып, Арысқа әр жағынан келіп құяды. Осы өзеншелердің бойында Бәйдібек-Дулаттан тарайтын Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр ұрпақтары ежелден-ақ орныққан. Соның ішінде Жаныс-Байыстан тараған Көкбұлақ өзенінің бойында Көкарық және Пістелі Байыс ауылдары, ал Жыланды өзенінің төменгі бойында Жыланды Байыс орнаған еді. Бірақ елуінші, алпысыншы жылдары Кеңес өкіметінің колхоздар мен ауылдарды ірілендіру саясаты бойынша ол ауылдар Арыс бойындағы орыс поселкелеріне біріктіріліп көшірілді, қазір бұрынғы Жыланды Байыс қоныстанған жерде ешкім тұрмайды. Ал Пістелі Байыстан азғана бөлігі 29 отбасы қалған.

Талас Алатауынан 60-70 шақырым жерде орналасқан бұл таулы өлкенің де табиғаты, жер бедері, топырағы, климаты, өсімдік-жануарлары алда сипаттап кеткен Алатауға ұқсас. Қаратау-Боралдай тауы аласа, біздің аудан жеріндегі оның ең биік шыңы Қостұраның биіктігі 1813 метр. Тау төбесі жатаған ойлы-шұңқырлы, жазық болып келеді. Мұнда мәңгі мұзарттар жоқтың қасы. Сондықтан, жазда қар болмайтындықтан, алыстан қарайып көрінеді. Сол себептен жергілікті тұрғындар Қаратау деп атаған.

Ал Боралдай тауы сол Қаратаудың Оңтүстікке бұрылған сілемі яғни бір жотасы; моңғолша осы ұғымды «Боралдай» деген көрінеді. Қазақтың ата жауы қалмақтармен талай қырғын ұрыстар осы өңірде болғанға ұқсайды. Мысалы, осы тауда Қалмақ қырылған, Қалмаққамал сияқты атаулар кездеседі. Тау үсті мен одан тараған қырларды үсті құнарлы балғын шөпке бай, ертеден-ақ, ата-бабаларымыз жайлау ретінде, кейінірек осында орналасқан колхоз, совхоздар мал жайылымы, жайлау ретінде пайдаланды. Сол ескі заманғы Байыс жайлау, Асан жайлау, Ескара жайлау т.б. күні бүгінге дейін солай аталады. Тау алды далалары мен өзен аңғарындағы тепсеңдер бау, бақша ақ егістер егіліп, жыртылған. Дегенмен адам, мал бара алмайтын терең шатқалдарда орман-тоғайлар кездеседі.

Олар ағаш, бұта, қамыс, шіліктер өскен қалың тоғай, онда әртүрлі жануарлар бар. Мысалы, Боралдай өзенінің жоғарғы ағысы Қостұра шыңдарының арасынан өтіп, терең енсіз шатқал құрайды. Мұнда өзен бойымен таспадай созылған адам өтуге қиын тоғай орналасқан. Онда қарағаш, қаратал, таутал, түт, ұшқат, шие, қайың, көктерек, мырзатерек, ясень, тобылғы, алма, алмұрт т.б.бар. Оларды жабайы жүзімнің сала құлаш өзек

арқанымен шырмақтап, қамыс, қоға, ши т.б. өсімдіктері араласқан. Сәл жоғары тау-тас, беткейін сары, қызыл доланалар, итмұрын, тобылғы, шеттік, шеңгел, қараған бұталары көмкеріп тұрады. Құз-жартастарда таутеке, арқар, борсық, түлкі, қасқыр, елік сияқты жануарлар тасырандап ойнап, тоғайға зып беріп, жоқ болады. Тік жартаста тау кептері, ұзақ, қарға, кекілік, дуадақ, шіл сияқты жүздеген торғай-шымшықтар ұшып-қонып жүргені.

Шатқалдың түбінде сарқырап ағып жатқан өзеннің үстіне бұтақтарын салбыратып, суға төніп тұрған жылауық талдың жіңішке бұтағына жіптен сәбидің такиясына ұқсас тоқып салған кішкене ғана пейіш құсының (райская) ұйасына да, өзіне де әуесің келеді. Оның денесі сап-сары, қанатының түбі қып-қызыл, ұшы сарғыштау, басы сүйір, мандайы қап-қара, түгі бас төбесінде шошайып, қара айдарға ұласады. Мойны мен көз төңірегі жасыл көк. Құйрығы шыбықтай ұзын, жіп-жіңішке. Құйрығының түбі қызыл алаудай бірте-бірте сарғыш реңмен араласып ұшына қарай қараяды. Осындай бармақтай құстың бойына, пішініне, дыбысына, құлпырған реңінің үйлесімді, сұлу боп орналасуына таң-тамаша болып «Пейіш құсы» деп атамасқа ләжің жоқ.

Қаратауда адам таң қаларлық орындар мен құбылыстар көп. Мысалы, Қаратау мен Боралдай тауының біріккен тұсында Алатаудағы Ақсу-Жабағлы қорығының Қарабастау және Әулие деп аталатын екі палеонталогиялық бөлімдері бар. Ол 220 гектар көлеміндегі жерді алып жатыр. Бұл жердің тастары ертедегі теңіз түбіндегі шөгінді сланецтен жаралған. Олар бүгінде жұқа картон қағаздың қабатталған қатпарындай қабат-қабат болып жатыр. Сол сланецтен жаралған қабаттарды ерінбей ептеп алып зерттеп қарасаңыз, оның бетерінен таңбаланып қалған теңіз жануары мен жәндіктерін, өсімдіктерді табасыз. Ғалымдар осы палеонтологиялық сланец қабатынан тасқа айналып қатып қалған 60 түрлі өсімдіктердің, 100 түрлі насекомдардың, сондай-ақ моллюскалардың, теңіз жәндіктерінің, теңіз тасбақаларының, балықтардың көптеген таңбаларын тапқан. Тіпті сол дәуірде еркін дамып өмір сүрген өте үлкен, ұшатын кесіреткілер, динозаврлар скелеті, сүйектері табылған. Әрине, бұл құбылыс бұдан миллиондаған жылдар бұрын болған. Бұл бір алыс кезеңде Қаратау мен оның төңірегі терең теңіз түбі болғанын, кейін жердің ішкі күштерінің әсерінен жер қабығы майысып, жоғары қатпарлана көтеріліп, теңіз түбі мен жағалауы қазіргі Қаратауға айналған. Зор қысыммен екі бүйірден қарама-қарсы қысқан ішкі күштер оларды қатпарлап қана қоймай, сығып жаншудың әсерінен шөгінді сланец жынысын жануарлармен, өсімдіктермен тасқа айналдырған.

Ал сыртқы күштер (атмосфералық, жауын-шашын, ауа-райы температурасы, жел, ағын су, өсімдіктер, жануарлар, адамдар әрекеттері) тау жынысын майдалап, үгіп, ұшырып алып кетіп сланец қабатының бетін жалаңаштаған. Міне содан біздер, ерте заманда теңіз түбіндегі жануарларды, өсімдіктерді тау үстінен және аршылған түрінде көріп тұрмыз. Дүние жүзінде Қаратаудағыдай ашық және бай палеонтологиялық қорық жоқ.

Ілгері өткен ата-бабаларымыз "Құдайдың құдыретін кәрем десең тауға шық"- деп айтушы еді. Бір кезде Орта Азияны алып жатқан орасан үлкен Пьетис теңізінің Алла құдыретімен құрлыққа айналып, тіпті суалып, кеуіп, тауға айналғанын анық жануарларын қолмен ұстап, көзге елестітіп отырғаныңа ұлы жаратушының құдіретті күшіне тәнті боласың.

ӘУЛЕТТІК ЖАЗУ

Көкарық Байысы (Көкбұлақ Байысы) Балықшы ауылының солтүстігінде 2-б километрдегі Көкбұлақ өзенінің төменгі ағысының оң жағындағы тепсеңде орналасқан. Қазір бұл ауылда 113 отбасында 724 жан тұрады. Көкбұлақ өзенінің орта ағысында Нөкіс руы қоныстанған тағы бір Көкбұлақ ауылы бар. Сол ауылмен атын шатастырмау үшін ілгеріде ауыл үстінен Көкбұлақтан су алатын Көкарық деп атаған ұзын арық қазған. Ауыл сол арықтың атымен Көкарық деп аталды. Қазір бұрынғы Көкбұлақ Абай ауылы, ал бұрынғы Көкарық Көкбұлақ ауылы деп аталады. Бұл ауыл әкімшілік шаруашылық жағынан Балықтыға қарайды.

Қапал-Жаныс және Балықшы ауылының солтүстігінде 7 шақырым жерде бұрын Жыланды Байыс ауылы бар еді. Онда Қайыпберді Байыстан тараған Дүзей, Меген, Өтеш, Тоғайбай әулеттері тұратын. XYIII-ғасырда өсіп-өркендеген Үрбұлақ Байысынан енші алып, осындағы Жыланды өзенінің төменгі ағысына келіп орналасады. Бұрын мұнда 40-тан астам отбасы бар еді. Ертеректе шығысындағы көршісі Шілмембеттің "Құдайқұл" колхозын құрды. Соғыстан кейін, елуінші жылдары колхоздар мен елді мекендерді ірілендіру саясаты кезінде жол бойындағы Жазықкешу (бұрыңғы Корниловка) ауылына көшілрді.

Жыланды Байыс тұрғындары мал, егін шаруашылығымен шұғылданған. Әсіресе, Өтеш баба осындағы Байыстардың ішіндегі ең бақуатты байы болған. Оның байлығы руласы Елгелдіге ауысқан, оның мыңдаған жылқылары, қойлары, жүздеген түйелері болған. Ол жазда малдарын Қаратау үстіндегі жайлауға шығарған. Қысқа қарай ойға түсірген. Балықты көлі және содан шығатын Балықты өзенінің сағасына дейінгі сайды, солтүстік беткейі Жыланды өзеніне дейінгі аралықты Өтеш, Елгелді байдың қыстауы алып жатқан. Күні бүгінге дейін Жыландыдан Балықтының Төрткүл төбесіне дейін 7 километрге созылып жатқан ұзын сайды Елгелді сайы деп атайды. Осы күнге дейін сайдың беткейлерін қазып жасаған қоралар мен малшылардың жертөле (землянка) үйлерінің орындары жатыр.

Ал осы сайдың шығыс жағында "Қосшағыл" атты Қостөбе орналасқан. Оның шығысындағы үлкен шағылды Шілмембет рулары жайлаған, ал батысындағы Кіші шағылдың солтүстігін, батысын, оңтүстігін Жыланды Байыс тұрғындары жазды күні киіз үй тігіп жайлайды екен. Ауыз суды екі жағындағы Жыланды мен Балықты өзенінен меспен тасып ішкен.

Балықты өзені мен көліне көктемде Сырдария-Арыс өзендері арқылы балықтар өрлеп жүзіп келіп, ұрықтарын шашады. Табиғаты мен климаты ұрықтардың өсіп, өнуіне өте қолайлы болғандықтан шабақтар өсіп, өніп қайтадан Сырдария мен Арал теңізіне кететінге ұқсайды. Кейде шабақтарды жеу үшін ірі жырткыш жайындар да келіп тұрады екен.

Ол кезде жергілікті тұрғындар балық етін жемейтін, оны ауламайтын. Шабақтардың көптігі сонша, олар быжынап жүреді екен. Балықты өзенінің Төрткүл маңында мал суғаратын саяз суат болған. Елгелді байдың жылқышылары суғару үшін жылқыларын қуалап, суаттан шауып өткізгенде аттың тұяғынан тұншыққан балықтар күміс түсті бауырын жоғары қаратып аққанда жұрт таң-тамаша қалады екен. Міне, сондықтан да

бұл өзеннің балығы көп болғандықтан, ежелден-ақ бабаларымыз Балықты деп атап кеткен.

Ал Жыланды байыста Тоғайбай әулетінен байлығымен аты шыққан Мұсаұлы Мырзалы болыпты. Ол кісі колхозға ұйымдастыру, ашаршылық жылдарында малын тәркілеп, өзін қамау қаупі туғанда көрші аудандарға кашып, кейін дүрбелең босылғанда елге қайта оралады

Тоғайбай еңселі бойлы, өте қарулы, көкпаршы кісі болады. Одан тараған баласы Нарынбай , Мұса, Ыса, одан кейінгі немерелері Есімбек, Тілбайды, т.б.өз заманында жараулы айғыр ұстап, көкпаршыл болған екен. Тоғайбай көзі ашық, көкірегі ояу, жаңалыққа жаны құмар кісі болса керек. Ол Байыстардың ішінде алғаш рет Жыланды өзенінің оң жағынан Нарынбай баласымен екеуі ұзындығы 3-4 шақырым келетін арық қазып, 5 гектар жерді суландырып, жеміс бауын егеді. Алма, алмұрт, өрік, шабдалының әртүрлі сорттарын өсіреді. Тоғайды тал, терекпен толтырады. Арнайы жерге бөлек сәмбі талын егіп, одан киіз үйдің уық керегелерін (сүйегін) жасатады. Тіпті бұл өңірге орыстар келмей тұрып-ақ, қаладан ұста шақырып, төбесі камыспен жабылған орыс үй салдырады. Беті сүйекпен, өрнектелген ою-өрнекпен безендірілген төсағаш (кровать), шкаф, кебеже, асадал т.б. үй жиһаздарын жасатады.

Сол кісілердің өсірген жеміс баулары Жыланды Байыстың ортақ бауына айналып, жұт, ашаршылық және соғыс жылдары бүкіл ауылды асырады. Отан соғысы жылдары тоғайдағы ағаштарды, бауларды колхоз басшылары сатты, отқа жақты, сөйтіп түп-тамырымен жойып жіберді.

Көкбұлақ өзені екі саладан тұрады: Үлкен Көкбұлақ және Кіші Көкбұлақ, олар Абай ауылы аталатын (Нөкіс руы тұрады) жерде қосылады.

Үлкен бұлақтың жоғарғы аңғарында Пістелі Байыстары тұрады. Бұлардың тұрған жерінің табиғатын жоғарыда сипаттағанбыз. Әсіресе, мал шаруашылығын дамытуға өте қолайлы. Колхоз бен селоларды ірілендіру кезінде отбасының көпшілігі үлкен жол бойындағы Жаскешу (Корниловка) селосына көшірілген. Қазір мұнда отызға жуық жанұя тұрады. Онда 200-ге жуық жан бар.

Ауылдың Пістелі аталу себебі: мұнда ерте кезден-ақ тауда пісте (фисташка) бұталары өседі. Оның кішкене жаңғақтары өте дәмді және емдік қасиеті күшті. Осы ауылдан 3-7 километр жоғарыда бұлақ басында орманшылар тұрағы орналасқан. Ондағылар Қаратаудың түстік беткейіндегі орман-тоғайларды күзетеді. Және тау пістесінің плантациясын өсіріп көбейтеді. Жыланды мен Үлкен Көкбұлақ өзендерінің басы осы жерде жақындасады. Екі өзеннің арасын Жыланды жотасы алып жатыр.Ерте кездерде жыландардың ордасы көп болған. Бұл туралы мәліметтер зоолог ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Қариялардың айтуына қарағанда, отызыншы жылдарға дейін ұзындығы 2-3 метр, жуандағы білектей жыландарды кездестірген екен. Қазір ол жыландар жойылып кеткенге ұқсайды. Міне сондықтан да осы өңірдегі өзен мен жотасы Жыланды деп аталған.

Жазыққешу селосы Ұлы Жібек жолының Арыс өзенін басып өтіп, Үрбұлақ асуына қарай жүретін жерінде орнаған. Бұрын Жазыққешу ауылы болған, онда негізінен Шілменбет руының Тәттібай, Сәпік, Бесата әулеттері тұрған. Орыстар Оңтүстік Қазақстанды басып алғанда оның стратегиялық маңызын, ескере отырып Орталық

Ресейден көшіп келгендері 1836 жылы сонда оналасқан. Селоны сол кездегі Ресей патшасының генералы әрі министрі болған Корниловтың атымен атаған.

I995 жылдары жергілікті тұрғындар өзінің байырғы тарихи аты Жазықкешуді қалпына келтірді.

Ерте кезде Арыс өзенінің осы жерінде көлік өтетін көпір болмаған. Оның есесіне өзен суы осы жерде жайылып, саяз болып өткел берген.

Жергілікті жұрт оны Жазықкешу өткелі деген. Тіліміздің үндестік заңына сәйкес бірте-бірте екі сөз бірігіп Жазкешу болып кеткен. Кеңес өкіметі кезінде жергілікті тұрғындардан басқа соғыс кезінде ауып келген шешен, азербайжан, түрік, неміс т.б. ұлттар да мекендеді. Кейін олардың көпшілігі өз елдеріне көшіп кетті. Қазір негізінен Байыстар, Шілменбеттер, аздап орыстар мекендейді. Соның ішінде 270-ке жуық Байыс отбасы бар. Шамамен олар 1350 жан. Олар Жыландыдан, Пістеліден көшіп келгендер. Красная звезда деген колхоздың және Корниловка ауылдық Кеңесетін орталығы болған. Ол ірі колхоздың құрамына осы төңіректегі бес ауыл кірген. Колхоз мал, егін, бау-бақша өсіретін көп салалы шаруашылықпен шұғылданған. Мұнда Түлкібас ауданының орталық бөлігін ауыл-шаруашылық машинамен қамтитын МТС (кейінірек сельхозтехника бөлімі) бар еді. Ол кейін таратылды. Халыққа білім беру, денсаулық, мәдениет, сауда т.б. мекемелер бар.

Жазықкешу селосынаның батысында 10 километр қышықтықта, Жібек жолының бойында, Арыс өзенінің оң жағында Балықты (бұрынғы Балықшы) селосы орналасқан. Селоның шығыс жағында Ботбай руы орнаған. Ал батыс бөлігінде 1905 жылы Ресей орталығынан көшіп келген орыстар орнаған еді. Оған дейін бұл жер игерілмеген, орман-тоғайлы батпақты жер еді. XYIII-ғ. соңында Тамбов облысынан Алексей Григорьевич Стрюковский деген пысық орыс келіп, Арыс өзенінің бойынан жер таңдайды. Ол осы жердің табиғаты, топырағы, жол қатынасына өте қолайлы екенін аңғарып, Ресейдегі жерлестеріне хат жазып, көшіп келуге шақырады. Бірақ жерлестері бөтен елге, белгісіз жерге келуге қорқады. Оларды Балықшының жерінің шаруашылыққа қолайлы екеніне сендіру үшін тағы да хат жазып, конверттің ішіне сол кезде көбірек егілетін бидайдың, тарының, қонақтың баданадай ірі дәндерін салып жібереді. Міне, сонда ғана Ресейдегі кедей жерлестері көшіп келіп қоныстанады. Орыс қарияларының айтуы бойынша сол кездегі Шымкент (Черняев қаласы) уезінің бастығы Суплатов Ташкент губерниясы губернаторының бұйрығы бойынша осында қоныс тепкен Бөтбай ауылының маңынан жүзге жуық отбасына жер өлшеп береді.1905 жылы алғаш орыстар өз селосын Казанка деп атайды. Кейін жергілікті ұлттың тілін бұрмалап Балакчи деп атаған. 1991 жылы бұл селоның ежелгі тарихи аты Балықты болып қалпына келді. Кейін орыс отбасының саны көбейіп, жан-жағындағы жергілікті адамдарды шетке ағыстырған, Арыс өзені жағасындағы қалың тоғайды кесіп күріш еккен және жеміс ағаштарын, көкөніс өсірген.

Сиыспаған біраз орыстар көрші Көкбұлаққа, Нөкіс руы отырған ауылға көшіп, Шавровка деп аталатын орыс ауылын құрған, Патшалық Ресей мен Кеңес өкіметі кезінде жер, су үшін жергіліктілер мен қоныс аударушы орыстар арасында дау-дамай болып тұрған. Билік басында орыстар отырғандықтан, әрине, орыстардың пайдасына шешіліп тұрған. Заман ағымы мен ұлы оқиғаларға сәйкес отызыншы жылдары шығыстан кәрістер, соғыс жылдары украиндар, орыстар, шешендер, азребайжан

түріктері, Еділ бойынан немістер т.б. ұлттар лек -легімен көшіп келе берген. Кейін олар мүмкіндігі туғанда өздерінің тарихи отанына қайтты.

Қазір Балықты ауылдық округына жан-жағындағы Шарафкент, Ұрбұлақ, Ботбай ауылдары қарайды. Ауылдық округте бір мың отбасы, бес жарым мың жан тұрады. Онға жуық ұлт өкілдері кездеседі. Басым көпшілігі қазақтар, орыстар және азербайжан түріктері. Соңғы кезде экологиялық апатты аудандардан – Созақтан, Қарақалпақстаннан, Қызылордадан 70-80-ге жуық отбасылар көшіп келіп қоныстанды.

Балықты аумағындағы ауылдарда бұрын әрқайсысы өз алдына кішігірім колхоз болған. Балықты орыстары ең алғаш «Машина» деген колхозға ұйымдасты. Кейінірек «Ленин» атанды.

Ал ауылдарды ірілендіру кезінде көрші майда колхоздар, Ұрбұлақ, Көкарық, Қарағашты, Қайыршақты, Көктәнді, Ботбай, Қапал-Жаныс, Балықты ауылдары бірігіп "Заветы Ленина" колхозын құрды.

Түлкібас ауданының және ондағы тұратын Байыс, Қапал-Жаныс рулары тұратын елді мекендердің географиясы, табиғаты, ерекшеліктері, халқы, тарихы, шаруашылығы туралы материал жинап құрастырып жазған Есімбеков Бейсенбек, Ақпан.наурыз, 2003 жыл.

Балықты ауылы туралы

Балықты, аудан орталығы Тұраркенттен батысқа қарай 26 км, ал Састөбе т.ж. 8 км жерде Арыс өзенінің оң жағалауына таяу орналасқан. Іргесі 1872ж. қаланған. Осы жылы Ресейден Алексей Стрюковский көшіп келіп, Ботбай елінің биі Қайназаров Әбілдадан жер сатып алып, үй-жай сала бастайды. 2-3 жылөткенде Ресейдегі туған-туысқандарына, таныс адамдарына хат жазып, осында келуге үгіттейді. 1903 ж. 41 үй көшіп келеді, келесі жылы тағы 29 үй көшіп келеді. Сөйтіп, олар 2 диірмен, почта үйін, сельпо үйін, мектеп үйін, қазіргі диірмен болып тұрған үйді және қазіргі амбулатория, т.б. үйлерді салды. Осы жаңа салынған үйлердің арқасында Балықты ауылы көркейіп, аудан орталығы болды.

1932-34 ж. Түлкібас ауданы Жуалыдан бөлініп, бірінші рет аудан орталығы Балықтыда 1 ай 8 күн болды. Райисполком төрағасы Иса Сариев болды. Сүйек-құрт ауруымен ауырған балаларды емдейтін санаторий, орта мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, ағаш өңдейті шеберхана ауыл шаруашылық машиналарын жөндейтін шеберхана, т.б.өндірістік кооперативтер мен шаруа қожалықтары жұмыс істеген.Қазір осы Балықтыда әр ауылдан көшіп келген Байыс атаның ұрпақтары бар. Олар – Пістеліден, Көкбұлақтан, Ұрбұлақтан көшіп келгендер. Барлығы 50 үйге жетеді.

Көкбұлақ (Көкарық деп те атайды)

Көкбұлақ ауылында Байыстың Арғынбай, Кожағұл және Шүрен аталарының Дерте, Төленді, Төлеміс аталары мекендейді. Олар мұнда XVIII ғ. бері тұрады.

Керейт (Ильинка деп аталған)

Мұнда Қожағұлдың Құдабайдың атасынан 8-9 үй бұрын Көкбұлақта тұрған.

Ұрбұлақ

Ұрбұлақ туралы Затыбектің деректі мақаласы бар. Мұнда Байыстың Қайыпберді балалары тұрады. Шағалақ атаның Сарысының Өтеш, Тоғайбай деген аталары біраз уақыт Жыландыда тұрып, жақында Ұрбұлаққа қайтып келді. Аздап Тұраркент, Жазыққешу т.б. елді мекендерде бар.

Састөбе

Байыстың барлық аталары бар. Барлығы 30-35 үйдей. Бәрі де әк және цемент зауыттары жұмыс істеп тұрған кезде жұмыс іздеп келгендер.

Ынтымақ (Сергеевка)

Көкбұлақ Байыстан 6-7 үй, Пістеліден10-11үй Байыстар бар. Бәрі де темір жолдан жұмыс іздеп келгендер.

Тұраркент

Байыстың әр атасынан бар. Барлығы 11-12 үй. Көбісі Пістелі, Ұрбұлақтан келгендер.

Азаттық

Пістелі, Үрбұлақтан көшіп келгендер. Барлығы 9-10 үй.

Қараман (атасы Назар)

Қараман Байыстар барлық елді мекендерге таралған:

1. Боралдайда.
2. Қараспанда.
3. Темірланда.
4. Ташбұлақта.
5. Сарыағаш ауданың көп елді мекенінде.
6. Жамбыл және Алматы облыстарында.

Қарымсақтың Бесей, Жетей, Абыз аталары Алматы облысында көптеп кездеседі. Байыстың Жолсейіт атасы Алматы облысында.

Әбдіқасым Шығанбаев.

ПІСТЕЛІ АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Пістелі ауылының тарихы негізінен XYIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қазіргі Пістелі ауылын мекендеп отырғандар Жаныстың Жантуынан тараған Байыс руының адамдары. Олардың атамекені Балықты және оның айнала-төңірегі деседі.

Дегелекұя мен Балықты қыстау, Үлкен Көкбұлақ пен Кіші Көкбұлақ бойлары Боралдай өңіріне дейін жайлау болған екен. Арыс өзеніне Қайыршақтының құйған сағасынан шығысқа қарай созылатын тегістікті Шүрен деп атайды. Орыстың қара шекпенділері ең қолайлы жерлерді иемденіп, қазақтарды ығыстырған кезенде Жезбалақ Тілеміс баба бастаған кісілер елді Жамбыл облысына қарай көшірген. Ол жақта тұрақтамай, қазіргі Пістелі ауылына келіп орныққан. Маса, Жарқынбек деген кісілер қыр-қырларға, жота-жоталарға арық қаздырады. Бекі сайынан және Бозторғай асуының ауызынан екі бағытта үлкен арықтар қазылды. Сол арықтардың ізі әлі күнге дейін ат аттай алмайтындай, терең, кең күйінде. Егін орындары адам таңданарлықтай тақта-тақта болып, бабаларымыздың ерлігі мен елдігін, бейнеткештігін, шеберлігін білдіріп жатыр.

Пістелінің аты малмен бірге егіншілікпен де шығып, құтты мекенге айналған, кейбір жылдары бір жылда елуге дейін келін түскен деген аңыз бар. Ақшал, Тілеміс, кейінірек Туғанбай, т.б. байлар шыққан.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін алғашқы колхоздың аты Садуақасов болған. 1937 жылы ол кісі «халық жауы» болып ұсталып, атылған соң халықтың ұйғарымымен «Пістелі» колхозы деп аталған. 1950 жылы Пістелі ауылы Каганович, Свердлов атындағы ауылдармен бірге Каганович атындағы колхоз болды. Кейін, 1956 жылы Абай атындағы колхозға айналды. 1958 жылы Пістелі Красная Звезда колхозына қосылды.

Пістелі ауылынан Ұлы Отан соғысына 132 адам қатысып, олардың 62-сі оралмаған.

Пістелі аты тау пістеге байланысты қойылған. Тау пісте ағашы Қазақстан бойынша осы өңірде өседі. Көкбұлақ өзені басын үлкен-үлкен екі сайдан алады. Бірі – Көкбұлақ шатқалы, оның басы Бөкейтауға барып тіреледі. Бұлақтың көзі сол Бөкейтаудың етегінен басталады. Көкбұлақ аңғарының бойында екі асу бар, олар Балқыбек және Байатан деп аталады. Екеуі де өте бай адамдар болған екен. Одан төменірек Ақтас, Аршалы, Терең сай, Бекі сайы, Күнгейде Күйгенқора, Тасқора, Кәдіреңкі, Ақбас, теріскей бетте Жосалы, Алмалы, Айырсай, Алшалы, Пұшықкезең. Көкбұлақтың екінші бұтағы Бозторғай асуынан басталады. Бозторғай— Пістеліні Жуалы жерімен (Жамбыл облысы) жалғастыратын асу. Құрақты, Қарабастау, Шетенді, Жалпаққағал Ақсерке, Жамансай, Аршалы, Жолбарыссай осы асудың аңғарында. Көкбұлақтың төменірек тұстағы тағы бір тармағы Нұрыбай бұлақ. Ол Аққұзар тауының түбінен басталады. 1948 жылы Аққұзарға самолет соғылып құлаған.

Нұрыбай бұлақтың үлкен Көкбұлаққа құйған тұсынан сәл төменіректе Абылай ата бастауы жер астынан бірден буырқана бұрқырап шығып жатыр. Абылай ата әулие туралы бірқатар аңыздар бар. Ол кісі осы Байыс руынан шыққан, аса ақ көңіл, жомарт, қолы ашық, ақылды да аңғал адам болған деседі. Меймансыз тамақ іше алмаған, көпшіл, қоғамшыл екен. Атан өгізді құдықтан жалғыз өзі суырып ала беретін балуан болған дейді. Қартайған шағында оның тым көпшіл, жүрегі жұмсақ, мейірбан мінезіне онша риза болмаған кейбір өрен-жарандары шеттетіңкіреп, қадір-қасиетін түсінбей, зардап-зықана көрсеткенде де, Абылай ата асылдығынан айнымай: «Бірлікшіл, ынтымақшыл

болыңдар, дастарханды дөнге, пейілді кеңге салыңдар, тамақ-тағамдарынды тығып, жасырып ішіп, не құдай ұрды сендерді?» – дейді екен кей жамандарға. Ұрыс-керіс, жанжалдан аулақ, пендешіліктен биік болып, қартайғанда да биік қыратқа, немесе үйдің төбесіне шығып отырады екен. Өлерінде: «Мен жатқан жерді қадірлесендер, жаман болмассыңдар, ең болмағанда қойдың топалаңын жазармын», —дейді жаман-жәутіктерге. Ал, жақсыларға: «Мені мына бастаудың басына қоярсыздар, көп ұзамай қайнардың суы көбейер, зиярат жасап тұрсандар, таза-тату болсандар, иншалла онша-мұнша ылаң қаттардың ындынын тыйып жатармын»,—деген екен жарықтық.

Бүгінде Абылай ата әулие, Абылай ата бастауы баршаға белгілі. Кемпірі де қасына жерленген екен, қазір екі мола бірігіп кеткен.

Нұрыбай сайдан батысқа қарай Жолдысай, Құдықсай, Игенбайсай, Бозымбетсай, Сейдуалысай, Мүрдесай, Қарағашты, Сырмантоғай, Қаңтарбайсай болып жалғасады. Ауылдың бет алдында әйгілі Құлбайшоқы тұр. Шығысқа қарай Шолақсай, Пістелісай, Амансай, Қарадөң, Масанын сайы, Сарылдақ, Алмалы шоқысы. Солтүстік жақта Қостөбе, Шекарасай, Қиықбайсай, Жоңыршқалысай, Тарыеккен, т.б.

Тілеміс баба туралы да аңыздар аз емес. Солардың бірі мынадай. Жігіт болып, ат жалын тартып мінген кезінде әкесі Тілемістің алдына жүз қой салып беріп, Ташкент базарына жіберіпті. Қасындағы қолпаштаушы, жағымпаздар бар, «мырза, мырза» деп сәлем берушілер бар, не керек, жүз қойдың ақшасын судай шашып, ауылға құр қайтады, Бәрін естіген әкесі: «Әттеген-ай, бұл жақсы ырым болмады, дүние бітпей қояр ма екен, ең құрығанда басыңа бір тақия алып киюің керек еді ғой»,— депті. Дегенмен, Тілемістің мырзалығы сүйекке біткен қасиет болып шығыпты. Әкесінен қалған малды да аямай, нағыз мырза атанған. Шалбарының балағына жез бен алтын-күміс, өрнекті теңгелер қадап қояды екен. Содан "Жезбалақ Тілеміс" болып кетеді. Сапарға шығып, бір жерге қона қалса, төсегіне алтын-күміс шашып кетеді екен. Содан барып, «Тілемістің төсегін жинаймыз» деп қыз-келіншектер таласатын болған.

Кейініректе, Тілеміс қартайыңқырап, кедейленіп, күйі тайып, қарап тұрған бір кезеңдер болыпты. Замандас, тұздас-дәмдес болып, сыйласып жүрген Жаныс Қасымбек датқа қайтыс болғанда Тілеміске хабар тимей қалады, Арада жыл өтіп, датқаға ас берілетін бопты. Жер-жерге сауын айтылып, қисапсыз мал байланып, жүздеген үй тігіледі. Арнайы шыққан хабаршы таудағы ағайындары - Байыстарды шақырып кетеді. Байыстың үлкендері бас қосып, ақылдасады. «Асқа шақырған екен, баралық. Бірақ біз бара сала олар Тілемісті сұрамай ма? Сонда не айтамыз? «Жезбалақ Тілеміс мырза қайда?» — десе, не дейміз? Күмілжіп қаламыз ғой. Сондықтан көп болып көмектесіп, Тілемісті алға салып, бетке ұстап баралық», — деседі. Сол кез Туғанбай байдың дүрілдеп тұрған кезі екен. Туғанбайға қолқа салады: «Тілемістің астына ат, үстіне зерлі киім кигізіңіз, оны алға салып, бетке ұстап, аска алып барсақ, елге абырой»,— дейді.Туғанбай бай: «Бопты, сендер Сайрамға тарта беріңдер, қуып жетіп қалармын", – дейді. Ел адамдары қауқылдаса риза боп, Тілеміс атаны ортаға алып, Сайрамға жетеді. Ары күтеді, бері күтеді, Туғанбай бай келмейді. Пістелінің Байыстары өздері жақсы білетін, малдарын саудалайтын сайрамдық атақты саудагер Нұржауға қолқа салуға мәжбүр болады. Нұржау: «Тілемісті бүкіл уәлаят біледі, төбеге көтере алмай, төменшіктетіп жүргендерің қалай?"– деп, өзбек тігіншілерін жинап жіберіп, Тілеміс атаға лайық киім-кешекті, сән-салтанатты әп-сәтте әзір етеді. Ақбоз айғырға мінген, салтанатты киінген Тілемісті алға салған Байыстар Қасымбек датқаның асына барады. Тілемістің атына, атағына қанық жұрт тізіле тұрып қызықтайды. Тілеміс алыстан «ой бауырымдап» шауып жетеді, аттан аударылып түсіп,

жұртпен көрісе бастайды. Қара ту ілініп қойылған датқаның өз ордасына жақындап қалғанда тойбасының бірі алдынан қол қусыра шығып: «Мырза, сізге арнайы тігілген мына қатардағы ақ боз үйге жүріңіз»? – дегенде, Тіленіс: «Жоқ, мен датқаның бір бауырымын, өз үйіне кіріп, құран бағыштауым керек – депті. Сонда тойбасы: «Мырза, ол үйге өте бір сыйлы құданы кіргізіп қойып ек, қапа болмаңыз, мына үйге жүріңіз – дейді. Тіленіс ата: «Айт андағы бәйбішеге! Шақырғанына рахмет, келдік. Бізге өкпелемесін. Отырған құда отыра берсін. Біз қайттық. Бауырымның шынымен өлгеніне енді көзім жетті», деп кілт бұрылып, ақбоз айғырға қарай аяндағанда, бағаналы бері бәрін байқап, Тіленіс үлкен үйге қарай беттесе, дауыс шығарып, жоқтау айтуға дайындалып отырған бәйбіше асыға аптығып: «Ей, тойбасы, шығар ана құданы басқа үйге! Өкпелесе, азар түбі бір жекжат кем болар. Бірақ, асыл ағайынымыздан ажырай алмаспыз. Шақыр бері ақсақалды»-деп, Тіленісті өз үйіне кіргізіпті. Тіленіс толқып кетіп, ақ сақалынан тарам-тарам жас сорғалап, датқаның бәйбішесіне көңіл айтыпты, құран оқыпты. Өзіне-өзі келіп болған соң, бүкіл ел-жұртты таң қалдырып, шешендік пен көсемдік танытып, асқа жиналғандарды түгел аузына қаратып, өнегелі әңгіме шертіпті, шемен шерін тарқатыпты. Тіленіс ата Қасымбек датқа асының ең құрметті конағына айналған, оны зор құрметпен шығарып салған дседі.

Пістелі артель, колхоз болған жылдары Байдос, Лес, Болысбек, т.б. басқарған. Тұманбай, Аралбай, Әбдірайым (Аппақ) бас есепші, орынбасар, ауылдық кеңес төрағасы болған. Рақаш, Өксікбай, Затыбек, Жорабек -алғашқы мұғалімдер. Атамбай, Пірімқұл, Нысанбк, Тұрған, Құдайберген, Мақұлбек, Ожан, т.б. – белгілі бригадирлер, Байдуан – мұрап, Аман, Нұскабай, Дайрабек, Сауқымбек, Задабек – алғашқы механизаторлар. Бақажан, Тұрсынбек, Тұрған, Қалан – ұсталар.

Колхоздар іріленіп, ауылдар көшірілгеннен кейін Пістеліде отызға жетер-жетпес үй калды. Тоқсаныншы жылдардың басында колхоздар тарап, ауыл өз алдына, жеке дара күйде калып қойды. Қазір Пістелі ауылының адамдары өз беттерінше, жекеше тірлік кешуде. Мұнда бастауыш мектеп, клуб, шағын кітапхана бар. Ауылда мал басы көбейіп келеді, жекеше егіншілік те жаман емес.

БАЙЫСТАР ТУРАЛЫ КАРТАҒА ТҮСІНІКТЕМЕ

Ел-жұрттан Жаныс пен Байыс бабаларымыздың өмір сүрген, қоныстанған, шаруалық кәсіптерін сұрастырып, ой елегінен өткізіп, мынадай қорытындыға келдім

1. Жаныстардың XVII ғасырға дейінгі орналасқан жері Талас Алатауының батысы мен Өгем тауының арасы болуы керек. Бұл аймақтың жайылымы кең, қыста таудан ағып шыққан бұлақ, өзендердің бойындағы қыстауларында отырған. Жазда жанындағы тау беткейі мен төбесіндегі жайылымға шығып, киіз үйлерді тігіп, жайлауда орналасқан. Ол кезде ата-бабаларымыздың шаруашылықтағы негізгі кәсібі мал бағу болған.

2. Жаныс атасынан енші алып, өз алдына ру дәрежесіне көтерілген «Үрбұлақ" Байысы болу керек. Олар Талас Алатауының батысындағы «Үрбұлақ»-тауында орналасады. Жаз жайлауы «Үрбұлақ» тауының батыс беткейі мен төбесіне орналасқан Ойсылқара жайлауы болады. Ал күн суытып, қыс болғанда Шақпақтының өктем желі тие бермейтін таудың батыс беткейіндегі сай-саладағы бұлақ, өзендердің бойында қыстайды. Негізінде Жаныстардан алғаш бөлініп шыққан Үрбұлақ бойындағы байыстар Талас Алатауының батыс сілемдеріндегі Арыс пен Машат өзендерінің арасындағы адырлы қырат-төбесіндегі жазықта көшіп қонып өмір сүрген. Бұл аумақ табиғаты, климаты адам тұрмысына да, мал өсіруге де өте қолайлы болған. Сонымен бірге дәл осы жерден Ежелгі Жібек жолы өткен. Мұның өзі Байыстардың Шығыстағы Тараз, Оңтүстігіндегі Сайрам, Ташкент, Батысындағы Түркістан қалалары мен сауда байланысын және рухани, мәдени, діни байланыстар жасауға өте қолайлы болған.

3. XVII ғасырдың екінші жартысындағы жылы жағындағы қалалар мен тығыз байланыс жасаудың әсерінен егіншілікпен де айналыса бастаған. Алғаш дәнді-дақылдар бидай, арпа, сұлы егуді үйренді. Кейінірек сұлы егіндерді еге бастады. Олар: тары, қонақ, жүгері т.с.с. еді. Мұның өзі адамдарды отырықшы болуға, үйлер, қоралар салып, ауыл-ауыл болып өзен жағасында жайғасуға мәжбүрледі.

Ең алғашқы Байыстардың ауылы Арыс өзені орта бойының сол жағына орналасқан Үрбұлақ ауылы еді. Ауылдың халық саны өсіп, көбейіп жер тарлық жасай бастады. Сондықтан жаңа жер игеріп, жаңа адамдар пайда бола бастады. XVII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Үрбұлақ ауылынан бір топ қоспадағы Шүрен Байыстың ауылы пайда болды. Уақыт өткен сайын халық көбейе бастады. Сондықтан енші алған кейінгі буындар солтүстіктегі Қаратаудың түстік беткейіндәгі бұлақтар мен өзендердің аңғарына қоныс аударып, өзен бойынан жаңа жерлер игеріп, ауылдар пайда болды. Олар Көкбұлақ өзенінің төменгі арнасындағы Жыланды Байысы, Үлкен Көкбұлақ өзенінің жоғары ағысына орналасқан Пістелі Байыс ауылдары еді.

4. XX ғасырдың ортасында, Кеңес өкіметінің тұсында елуінші жылдары елімізде майда ауылдар мен колхоздарды ірілендіру саясаты жүрді. Осы кезде Жыландыдағы Байыс ауылы еріксіз үлкен жолдың бойындағы Корниловка селосына, Красная Звезда колхозына (қазіргі Жазық кешу ауылы) көшірілді, Сондай-ақ Пістелі Байыс ауылының көпшілігі Корниловкаға қоныстанды. Ал Көкарық Байысының біраз от басылары Балықты ауылындағы Заветы Ленина колхозына көшірілді. Бұл күштеп көшірудің екінші кезеңі еді. Осылай еріксіз күштей көшіру XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы отызыншы-қырықыншы жылдарында да болған. Оңтүстік Қазақстанның Бетбақ дала шөлді аймағын игеру үшін Киров атындағы суғару каналы салынғанда, Мақтаарал,

Жетісай, Ильич аудандарындағы жаңа мақталы жерді игеру үшін майда ауылдарды көшіру науқаны болған еді.

Міне осы кезде Арыс бойындағы Шүрен Байыс ауылының тұрғындары сол жаққа еріксіз көшірілген еді. Бірақ Шүрен Байыстары ол жаққа көндікпеді. Олардың бірсыпырасы кәзіргі Ордабасы ауданының Темірлан ауылына, кейбірі Түлкібастағы туысқандарына тарап сіңісіп кетті. Түлкібас ауданындағы Байыс руына жататын тұрғындар жеті ауылда тұрушы еді. Кәзір олар бес ауылда қоныстанған. Олар: Ұрбұлақ, Көкарық, Пістелі, Жазық кешу, Балықты ауылдары. Жыланды байыс ауылдары.

Жаныс тайпасының шежіресі шықты. Жаныс бабаға Сайрам ауданының Қарамұрт ауылында ескерткіш кесенесі салынды. Бұл өте үлкен оқиға, әбүйір болды. Енді Жаныстың бір бұтағы Байыс руының шежіресін шығаруға әрекет жасалып жатыр. Жақсы әрекетке сәттілік, еңбекке табыс тілеймін.

IV БӨЛІМ

БЕЛГІЛІ ЕСІМДЕР

Жүнісбайұлы Байбосын 8
Жүнісбайұлы Дәуітбай 8
Кенжебаев Әбдірахман 8
Бақторазұлы Ораз 10
Науатов Жүніс Әлімбекұлы 11
Қокыров Ілес 16
Құрманбаев Андасбек 17
Шаншабайұлы Жарқынбек 19
Торланбаев Омарбек 20
Бекжігітов Асқарбек Көмекбайұлы 22
Бекжігітов Асылбек Асқарбекұлы 22
Манасов Қалыбек 25
Бексейітов Мұхтарбек Тұрғанұлы 27
Мырзақұлов Пернебек 32
Қонысбаев Жолдасбек 33
Қаратаев Келдібек 34
Бөртенбаев Құлжан 35
Сәрсенов Жұмағұл 35
Сәрсенов Әбдікұл 35
Сәрсенов Нұрдәулет Жұмағұлұлы 36
Сәрсенов Руслан Жұмағұлұлы 36
Шығанбайұлы Әбілқасым 40
Көлбаева Рабиға Құрманбайқызы 44
Көлбаев Құрманбай 44
Шалданбаев Асанбек Өмірбекұлы 45
Абылай әулие туралы 46
Пірімбетов Бастарбек 46
Жезбалақ Тілеміс туралы 49
Сәбденов Ахметжан Мүсірепбекұлы 49
Байғұт (ов) Мархабат 51
Байғұт (ов) Нұрлан Мархабатұлы 52
Байғұтов Нышан Тасболатұлы 53
Күленов Тұрарбек 55
Қылышбайұлы Маса 56
Аралбай (ев) Нұғман Күлдарбекұлы 58
Аралбайұлы Әбдібек 58
Боздақбаев Құралбек 64
Боздақбаев Құрманбек 64
Жаңабаев Бердібек 65
Жылқышиев Бәйділда 68
Жылқышиев Жанзақ 68
Қоқымстов Ескендір 73

Талқанбаев Әділбай Айнабекұлы 74
Құмарбеков Дәулет Құмарбекұлы 77
Қоңырбаев Әбдіреш 78
Әбдірешов Қуаныш Климентұлы 78
Тоғызақов Болат Жапарұлы 79
Тоғызақов Еркін Болатұлы 79
Тоғызақов Дәурен Болатұлы 79
Әлиаскаров Тұрысбек Жүнісбайұлы 79
Нүсіпов Жұмағазы Жұмабекұлы 80
Нұрлыбайұлы Аянбек (болыс) 81
Жақаев Жәнібек Оразбекұлы 84
Жарықбасұлы Солтанбай 86
Жарықбасов Ербол Солтанбайұлы 87
Жарықбасов Рүстем Ерболұлы 88
Алғазиев Ақылбек Мәйкөтұлы 93
Бекенов Бағдат Анарбекұлы 93
Рақышұлы Мамытхан 96
Рақышев Болат Мамытханұлы 96
Өмірәлиев Әбдіқадір (Әбен) Мұқашұлы 98
Өмірәлиева Ақылия (қажы) Бекбайқызы 99
Өмірәлиев Талғат Әбенұлы 100
Қожақметов Нұрдәулет 102
Бекдайырұлы Ахмет 103
Қанаев Дүйсен Ахметұлы 104
Қанаев Дәулет Дүйсенұлы 105
Қанаев Данияр Дүйсенұлы 105
Мұса Дәурен (Дүйсенұлы) 105
Данаев Дәурен Төлегенұлы 105
Күмісбеков Сәдуақас 106
Әлменов Мұрат Сағынғалиұлы 111
Дәлібайұлы Ахметжан 112
Ахметжанұлы Қалибек 113
Ахметжан Бауыржан Қалибекұлы 113
Ахметжанова Гүлзада Қалибеккызы 114
Ахметжанов Мақсат Мүсілімұлы 114
Ахметоллаев Ілиас Әмірханұлы 114
Тойбаев Әлихан Әбдіханұлы 115
Оразбайұлы Есіркеп 118
Оразбаев Бірлік Есіркепұлы 118
Оразбаев Серік Есіркепұлы 118
Бекішов Құрманғали Сейпішұлы 119
Жамыканұлы Көпес 120
Қырғызбаев Серікбай 120
Айтбайұлы Әбілда 122
Әбілдаев Өсербай Ізбасарұлы 122
Омарұлы Әбдіреш 123

Түкеев Марат 123
Құдайбергенұлы Үбайдолла 125
Смайлбеков Оқас 126
Қабылұлы Жақып 127
Қабылов Өтеген Жақыпұлы 127
Қабылов Мират Өтегенұлы 127
Байзақұлы Бура 128
Айнабекұлы Қуанышбай 128
Айнабеков Қазбек Қуанышбайұлы 128
Айнабеков Бауыржан Қазбекұлы 128
Айнабеков Әміржан Қазбекұлы 128
Дүйсенбаев Өксікбай 129
Дүйсснбаев Сейдеғали Сейдахметұлы 129
Рахымбайқызы Салиха 129
Дүйсенбаев Еркін Сейдеғалиұлы 129
Ақботаұлы Саудабай 130
Саудабайұлы Бекқұлы 130
Бекқұлыұлы Қасен 130
Саудабаева Гүлмира Сауытжанқызы 130
Солтанбаев Шәймерден 130
Солтанбаева Гүлмира Шәймерденқызы 131
Саудабаев Шәймолда Солтанбайұлы 131
Саудабайұлы Бекмырза 131
Саудабаев Баймолда Солтанбайұлы 132
Саудабаев Совет Бекмырзаұлы 132
Саудабаева Майнұр Советқызы 132
Саудабаев Дәулет Советұлы 132
Саудабаев Болат Бекмырзаұлы 133
Саудабаев Серік Болатұлы 133
Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы 133
Саудабаев Ермек Қанатұлы 134
Бекмырза Қанатұлы Ербол 134
Құлдарұлы Сабыр 136
Бейсенбаев Рамазан Рахманұлы 136
Мұқашұлы Көмек 137
Қожабекұлы Қасым 137
Қасымов Юсуф Сатылғанұлы 137
Сыдықов Болат Нұрмырзаұлы 142
Нүсіпбайтегі Құдайберген Үсенұлы 142
Нүсіпбайтегі Алтынбек Абданбайұлы 142
Жанпейісов Көпесбай Оразбекұлы 143
Есімбаев Солтанай 143
Тасыбаев Абдырахман Батырбекұлы 152
Момышев Амангелді Аршыбайұлы 153
Қуандық Тұрдалы 156
Сазанбаев Әбсенбет 159
Әбсенбатов Тұрсынбек 159
Әбсенбетов Бейбіт Тұрсынбекұлы 160

Есімбеков Бейсенбек 165
Мырзалиев Пітебай 166
Өтешұлы Елгелді 169
Мұхаметжан Байтуған 170
Жолымбекұлы Мәуленқұл 171
Мәуленқұлов Әлішер 173
Мәуленқұлов Женісбек 173
Мәуленқұлов Ерлан Женісбекұлы 173
Қоцырбайұлы Затыбек.....175
Бірәлі Құлбек 176
Жұмәділұлы Мықтыбай 177
Атабаев Жұмәділ 177
Талғараев Төлеген Тұртайұлы 178
Қасаболатов Әбунәсір 180
Берекебайұлы Мәнке (болыс) 183
Сексенбаев Онбай 183
Керімбеков Сайәділ 186
Қалиұлы Өмірбек 186
Тасболатұлы Алпысбай (болыс).....186
Көбелеков Асанжан 188
Олжабайұлы Байалбай 190
Байалбаев Сәдуақас 191
Байалбаев Кемал 191
Бөкенбай (би) 193
Тезекбайұлы Қыстау 193
Тезекбаев Әбдіқадыр Жанғазаұлы 193
Қорабаев Сейітхан Нұрдәулетұлы 193

Ескерту: **1. 151-беттегі Үмбетке қосылмай қалған баласы Байқоңырдың таралымы.**

2. 168-беттегі Болекбайдан тараған ұрпақтың дұрыс терілімі осы кітаптың соңындағы қосымшада.

Жаныс ——→ Жанту ——→ Жайылмыс, Өтеміс, Байыс.
↓
Қарымсақ, Назар, Байсейіт, Жолсейіт
↓
Қайыпберді —→ Үмбет Шағалақ.
↓
Байқоңыр, Нысанбай, Көбей, Ескене, Доскене, Жаманбай
↓
Қарабатыр —→ Бұлантай —→ Бектай —→ Қарымсақ, Сарымсақ —→ Жаңбырбай
↓ ↓
Марат, Болат, Мұрат ←— Сейдалы, Диқанбай. Тәттібай
↓ ↓
Мақсат Еркебай, Серікбай, Ұлан.
↓ ↓
Мұхтар, Дәулет. Ұлан Нұрлан
↓ ↓ ↓ ↓ ↓
Нұрлан, Нұржан, Бауыржан, Нұрбол. Сапар, Аскар, Саттар, Айдар.
↓ ↓ ↓ ↓
Алдияр Талғат, Алмат. Данияр
↓ ↓
Самат, Самғат, Бағдат. Есімхан, Дәулет.

Осы атадан тараған үзік аталар:

? —→ Тайман —→ Жолдас —→ Орынбай (ақын). ? —→ Дөненбай
↓
? —→ Момбек —→ Балтай —→ Тоғатай, Борас. Әлихан
↓ ↓ ↓
Ананас, Манас, Қанат, Қуаныш. Төреби, Дәулет. Бақыт

? —→ Бегалы —→ Доржы, Жолтай, Әлімбек —→ Бөгенбай, Өтен.
↓ ↓
Қыдыралы, Арман, Ардақ. Асан —→ Қасымхан —→ Шыңғыс.
↓
Ескелді. ? —→ Жанәділ —→ Базарбек —→ Бекжан, Сейсен, Тәжібай.
↓
Жұбақ, Сергазы, Бахыт, Ғалымжан, Рақымжан.
Сейфулла, Әбілқайым —— Нұрбек, Ербол, Құрманғазы.

? —→ Мамыт. Ұлан —— Ерлан, Нұрбол, Нұржан, Қайрат, Самат.
↓
Ошақбай —→ Сапар, Әли, Зұлпыхар, Анарбай, Амангелді.

? —→ Мәнібай —→ Бажақай —→ Нұрмахан, Төрехан, Есімхан.
↓
? —→ Өтекұл —→ Райқұл. Есімхан, Ғани, Сапар.
↓
Аман, Ілес, Есенгелді —→ Ербол
↓
Нұрболат ←— Досан, Нұрлан, Ержан.



Бөлекбай

Ырысдәулет — Жуандық, Шалбай, Сүңгібай, Мамырбай — Әбілдәбек

Құттыбай — Қыдырәлі — Төлебай — Сейіткәрім, Мәдікерім.

Еркін, Талғат, Руслан — Мақсұт — Рүстем

Сейдуалы, Өзбек, Зиябек, — Батыр, Әділ. — Қадырбай, Қадырәлі — Мұстапа

Науан — Тимур, Асқар. — Кертай. — Абай, Берік, Серік


Қоштай, Нұртай. — Болат, Марат, Жұмабек.

Берібай, Сапарбек. — Әль-Фараби, Авиценна. — Бектөре

Серік, Берік. — Мүсіркеп, Есіркеп, Аяпбек, Айбек, Бек.

Жалғас — Алмат

Ерсін, Ербол.



ҚАДЫРБАЕВ МАРАТ КЕРТАЙҰЛЫ – 1962 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді тарихшы. Еңбек жолын Шымкент қаласындағы №12 училищеде мұғалім, комсомол комитетінің хатшысы, директордың орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілікте нарықтық экономикаға дайындау бөлімінде коммерциялық бас директоры. Қазіргі кезде "Чемпион XXI ғасыр" ЖШС-нің бас директоры. "Нұр Отан" партиясының мүшесі.



ҚАРЫМСАҚОВ САТТАР ДИҚАНБАЙҰЛЫ – 1956 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді автомабилист. Алматы трамвай-троллейбус басқармасында механик, директордың орынбасары. Австрия, Латвия және Қазақстан бірлестігінің бас директоры. Үміт-СД ЖШС директоры.

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР АЛҚАСЫНАН ӨТІНІШ

Осы кітапқа түспей қалғандар және қате кеткен жерлері болса төмендегі мекен-жайға хабарласуларыңызды сұранамыз:

Шымкент қаласында Мәуленқұлов Женісбек жұм. тел.: 30 10 40

ұялы тел.: 8 701 749 20 30. E-mail: qjanis_bqeyis@mail.ru

М. ЫСҚАҚБАЙ
С. ЕРКІНБЕКОВ

ЖАНЫС-БАЙЫС ШЕЖІРЕСІ

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Ж. Жүнісбекұлы
Корректоры – С. Еркінбеков
Компьютерде беттеген – Жазира Аштенова
Дизайнер – Гүлнұр Алтаева
Тех. редакторы – Раушан Молдабекова

Теруге 06.07.2009 ж. жіберілді. Басуға 25.08.2009 ж. қол қойылды. Қалпы 60х84 1/8. Қағазы №1 офсетке арналған. Қаріп түрі “KazTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 32. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс N 36

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Алмалыбақ ауылы, Ерлепесов көшесі 1 үй..

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:
Алматы 8 - (727) 276 30 10



М.ЫСҚАҚБАЙ
Жазушы, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.



С.ЕРКІНБЕКОВ
Шежіреші, ақын.



Саудабаев Қанат



Мәуленқұлов Женісбек



Тойбаев Әлихан



Ахметжанов Калибек



Өмірәлиев Әбен



Өмірәлиев Талғат



Әлиаскаров Тұрысбек




Саудабаев Совет



Мархабат Байғұт



Манасов Қалыбек



Жолымбекұлы Мәуленқұл



Куандық Тұрлалы



Ракышев Болат



Келбаева Рабиға



Баялбаев Кемал



Алғазиев Ақылбек



Жампейісов Көпсбай



Бекжігітов Асылбек



Қанаев Дүйсен



Мұқашұлы Көмек



Талқанбаев Әділбай



Шағылдың енісі Елгелді сайы



Пістелі ауылы




Үрбұлақ тауы




Пістелідегі бекінің күзісі. Бозторғай асуы. Жолбарыс сай.



Көкбұлақтың табиғи гүлзарлары



Көкбұлақ көрінісі



Сардолана сайы. Жыландыбұлақ




Балықтыкөлдің айдыны



Бұл жерлерде ата-бабалар ізі көбірек қалған



Жабағылы-Үрбұлақ тауының баурайы



Ескі қыстау Жыланды



Бұл жерлерде ата-бабалар ізі көбірек қалған



Туған жердің тасы да ыстық



Бұл жерлерде ата-бабалар ізі көбірек қалған



Жазыккешу ауылы (Жаскешу)



Шукен атаның ескі конысы



Пістелі мен Жазыккешу арасы



Көкбұлақ ауылы



Жазықкешу ауылының Балықтыкөл басынан қарағандағы көрінісі



Женісбектің ауылдың келелі мәселелерін шешу сәті



Ақсақалдармен сырласу



Көкбұлақ ауылы




Көкбұлақтың егіс алқабы




Байыстардың боз биелері мен бозжорғалары



Қарақшыдағы Айдынкөл



Орынбай Тайманов



Сайәділ Керімбеков



Есімбеков Бейсенбек



Момышұлы Амангелді



Сәрсенов Нұрдәулет



Жылқышиев Байділда



Тазабеков Жүніс



Мырзалиев Пітебай



Қонысбеков Жолдасбек



Бексейітов Мұхтарбек



Жаңабаев Бердібек



Тазабеков Мұрат Жүнісбекұлы



Сәрсенов Жұмағұл



Қалиұлы Өмірбек



Өтенов Төребек



Әдішев Қайратбек

ТАЗАБЕКОВ ЖҮНІС – 1919 ж. 1 қаңтарда Еңбекшіқазақ ауданы Жаңашар ауылында дүниеге келген.1941 жылы Қазақ педагогикалық институтының Түргендегі даярлық курсын бітірген соң,Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы қазақ орта мектебінде мұғалім болып істейді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды.

Соғыста ерліктері үшін 1-ші дәрежелі «Отан соғысы орденімен», «За Отвагу» медалімен және тағы да басқа 10-шақты медалдармен марапатталады. Соғыс біткен соң, 1946 жылы Қазақ педагогикалық институтының физика-математика бөліміне түседі.1950 – 1954 жылдары Балқаш ауданы Бақанас аулында физика және математика пәндерінен сабақ береді. 1954 жылдан зейнетке шыққанша Талғар қаласындағы С.Сейфуллин атындағы мектепте мұғалім болып істейді.

«Казақ ССР білім беру үздігі» белгісімен, бірнеше рет облыстық және аудандық оқу бөлімінің мақтау қағаздарымен марапатталған.

2001 жылы Талғар ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

ТАЗАБЕКОВ МҰРАТ ЖҮНІСҰЛЫ – 1956 жылы туылған. Жоғары білімді азаматтық авиация инженері.

Троицкідегі азаматтық авиация училищесінде қызмет істеді.1983 жылы Талғар аудандық комсомол комитетінде, 1984 жылдан «Ремстройтехника» өндірістік бірлестігінің Талғар тәжірибелік құю-механикалық зауытында инженер-конструктор, цех бастығы. 1990 жылы зауыт директорының орынбасары.

1997 жылы «Талғар тәжірибе құю-механикалық зауыты» Акционерлік Қоғамының президенті. 1998 жылы Талғар аудандық мәслихатының депутаты, 2003-2007 жж. екі рет Алматы облысы мәслихатының депутаты.

1991 жылы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Халық шаруашылығы академиясында «Экономиканы басқарудың жаңа тәсілдерді» бағдарламасы бойынша оқыды.

1989 жылы КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен, 2002 ж. «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл», 2006 ж. «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерекелік медалімен, 2008 жылы «Құрмет» орденымен марапатталған.

«Нұр Отан» Халық Демократиялық партиясының мүшесі.



ІЗБАСАРОВ АЗАТ ӨМІРБЕКҰЛЫ – 1978 жылы туылған. Заңгер. Қарасай ауданында сот.

ІЗБАСАРОВ ӘНУАР ӨМІРБЕКҰЛЫ – 1978 жылы туылған. Экономист. Токиода магистратураны бітірген. Қазақстан Ұлттық Банкінде басқарма бастығы.

ІЗБАСАРОВ ӨМІРЗАҚ ҚАЛИҰЛЫ – 1953 жылы туылған. Жоғары білімді орман шаруашылығы маманы. Іле-Алатау ұлттық қорығын көп жылдан бері басқарады

Алматы облысы

Жаңыс Байыстар

Жамбыл облысы

ТЕКЕЛИ

ЖАРКЕНТ

ЕСИК

ТАЛДЫКОРГАН

АЛМАТЫ

ТАРАЗ

Кеңес Байыстар

Сарыкемер

Байыстар

Лугавой

Байыстар

Құлан

Байыстар

Момышұлы

2000 теңге

СЫЙЛЫҚ ДАНА
ДАРСТВЕННЫЙ
ЭКЗЕМПЛЯР

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТҰЛКІБАС АУДАНЫНЫҢ БАЙЫСТАР ҚОНЫСТАНҒАН АУЫЛДАРЫ

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

1 — XVIII-ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ КӨШПЕЛІ БАЙЫСТАР ҚОНЫСТАНҒАН ҰРБҰЛАҚ ТАУЫНЫҢ ЕТЕГІ

2 — XVIII-Ғ. ҚОНЫСТАНҒАН ЕГІНШІ БАЙЫС АУЫЛДАРЫ (СҰРБҰЛАҚ, ШҮРЕН АУЫЛЫ)

3 — XIX-Ғ. ЖАҢА СУЛЫ ЖЕРІНГЕРІП ҚОНЫСТАНҒАН АУЫЛДАР (КӨК АРЫҚ, ПІСТЕЛІ, ЖЫЛАНДЫ)

4 — XX-Ғ. ОРТАСЫНДА ІРІ АУЫЛДАРҒА ҚОНЫСТАНУ (ЖАЗЫҚ КЕШУ, БАЛЫҚТЫ АУЫЛДАРЫНА)

ТЕМІР ЖОЛДАР

ТАС (АСФАЛЬТ) ЖОЛДАР

ӨЗЕНДЕР

ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

ҰРБҰЛАҚ ТАУЫ БАЙЫСТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ 1 ҚОНЫСЫ

ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАП КАРТАНЫ ДАЙЫНДАҒАН ЕСІМБЕКОВ БЕЙСЕНБЕК 2004 ЖЫЛ

МАСШТАБ: 1СМ-1КМ.

Қазақстан
Ұлттық кітапханасы
2 100114 004319

Осы шежіренің жарық көруіне қаржылай қолдау көрсеткен азаматтар:

Мәуленқұлов Жеңісбек,
Байғұт Мархабат,
Жылқышиев Байділда,
Сәрсенов Нұрдәулет,
Сәрсенов Руслан,
Жаңабаев Бердібек,
Бексейітов Мұхтар,
Бекжігітов Асылбек,
Телғараев Төлеген

Аллаһ Тағаланың рахметі жаусын!

Нұрлы әлем
Тел.: 8 (327) 276 30 10